

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 28 мамырдағы
№34 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2014 жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Алматы, 2015 жыл

Мазмұны

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР	4
I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ	6
1.1. Экономиканың нақты секторы	6
1.2. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі.....	8
1.3. Салық-бюджет саласы	9
1.4. Төлем балансы және сыртқы борыш	11
1.5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	14
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ	17
2.1. Ақша-кредит саясаты	17
2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару	21
2.3. Валюталық реттеу және бақылау	23
III. ЭМИССИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫ	27
3.1. Ұлттық Банктің эмиссиялық операциялары.....	27
3.2. Қолма-қол ақша айналымы	28
IV. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ	29
4.1. Банкаралық ақша аудару жүйесі	31
4.2. Банкаралық клиринг жүйесі.....	31
4.3. Төлем құралдары.....	31
V. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ.....	34
5.1. Валюта нарығы.....	34
5.2. Банкаралық ақша нарығы.....	35
5.3. Депозит нарығы	36
5.4. Кредит нарығы	37
5.5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы	38
VI. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ: ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ	39
6.1. Банктік және банктік емес сектор	39
6.2. Сақтандыру секторы.....	43
6.3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілері.....	46
6.4. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі.....	49
6.5. Тарату процесі.....	51
6.6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау	53
VII. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ Өңірлік ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ	56
7.1. Алматы қаласын ТМД және Орталық Азиядағы ірі өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту.....	56
7.2. Қазақстан – исламдық қаржыландырудың өңірлік хабы	57
VIII. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ	59
IX. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ.....	68
9.1. Халықаралық ынтымақтастық	68
9.2. Ұлттық Банктің ақпараттық-түсіндіру қызметі	74
9.3. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру	75
X. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ	75

XI АКТИВТЕРДІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР	76
11.1. Ұлттық қорды басқару.....	76
11.2. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару.....	78
11.3. Ұлттық Банктің клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызметтер	78
XII. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ	79
12.1. Ұйымдық құрылым.....	79
12.2. Адам ресурстары саласындағы саясат	80
12.3. Ақпараттық технологияларды дамыту	81
12.4. Ішкі аудит	84
12.5. Қаржы-шаруашылық қызмет	85

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1. 2014 жылы ІЖӨ-нің өсуі Ұлттық экономика министрлігінің жедел деректері бойынша 4,3%-ды құрады. ІЖӨ-нің құрамында тауар өндірісі 1,0%-ға, қызмет көрсету өндірісі 6,0%-ға өсті. Осылайша, 2014 жылы қызмет көрсету сегменті бұрынғыша экономиканың өсуінің негізгі драйвері болды, оның ІЖӨ көлеміндегі үлесі 2013 жылғы 54,2%-дан

2014 жылы 55,6%-ға дейін ұлғайды.

2. 2014 жылы инфляция жылдық көрсеткіш бойынша (желтоқсанда өткен жылдың желтоқсанына) 7,4%-ды құрады, бұл белгіленген нысаналы дәліз 6-8%-ға сәйкес келеді.

Инфляция деңгейінің 2014 жылдың басында өсуі ұлттық валютаның айырбастау бағамын түзетумен және инфляциялық күтулермен байланысты болды. Одан кейінгі айларда инфляция серпіні іргелі макроэкономикалық факторлардың болмауынан өткен жылдардың мәндеріне қайтып келді және 2014 жылдың соңында инфляциялық ая аздап төмендеді.

3. Ішкі валюта нарығы 2014 жылы теңгенің айырбастау бағамының жекелеген кезеңдерде нығаюына да, әлсіреуіне де әкеп соққан түрлі бағыттағы факторлардың ықпалымен дамыды.

Теңгенің орташа алынған айырбастау бағамы 2014 жылы бір АҚШ доллары үшін 179,49 теңгені құрады. Биржалық бағам жылдың соңында бір АҚШ доллары үшін 182,35 теңге деңгейінде қалыптасты. 2014 жылы номиналдық көрсеткіш бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 18,4%-ға әлсіреді.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) жиынтық халықаралық резервтерінің жалпы көлемі 2014 жылдың соңында 28,9 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 4,2 млрд. АҚШ долларына артық.

5. 2014 жылы резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің өсуі 15,9%-ды құрап, 11,7 трлн. теңге болды (2013 жылы – 12,1%). ІЖӨ-ге қатысты депозиттер көлемі 28,6%-дан 30,7%-ға дейін өсті.

Депозиттік базаның өсуіне жеке, сол сияқты заңды тұлғалар депозиттерінің өсуі себепші болды. 2014 жылы банктік емес заңды тұлғалардың депозиттері 18,1%-ға 7,3 трлн. теңгеге дейін, ал жеке тұлғалардың депозиттері 12,6%-ға 4,4 трлн. теңгеге дейін ұлғайды.

6. Банктердің экономикаға берген кредиттерінің көлемі 2014 жылы 7,2%-ға 12,1 трлн. теңгеге дейін ұлғайды.

Экономиканы кредиттің жандануы көбіне кредит нарығының теңге сегментінде байқалды, нәтижесінде, теңгемен берілетін кредиттердің жалпы көлемдегі үлес салмағының өсуі 70,3%-дан 70,8%-ға дейін ұлғайды. Ұлттық валютамен берілген кредиттер 2014 жылы 7,9%-ға 8,6 трлн. теңгеге дейін, ал шетел валютасындағы кредиттер 5,5%-ға 3,5 трлн. теңгеге дейін өсті.

7. 2014 жылы ақша ұсынысы 10,5%-ға ұлғайды, бұл экономиканың өсу қарқынына барабар болып табылады (номиналды ІЖӨ-нің өсуі 7,8%-ды құрады). Экономиканы монеталандыру деңгейі 2014 жылдың қорытындысы бойынша 32,9%-дан 33,7%-ға дейін өсті.

8. Банкаралық ақша аудару жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі арқылы 2014 жылы 202,6 трлн. теңге сомасына 34,7 млн. транзакция жүргізілді. 2013 жылмен салыстырғанда төлемдер сомасы 14,1%-ға ұлғайды.

Айналыстағы төлем карточкаларының жалпы саны 2015 жылғы 1 қаңтарда 17,3 млн. бірлікті құрады, бұл 2013 жылғы деңгейден 4,4%-ға артық.

9. 2014 жылы банк секторының активтері 18,0%-ға 18,2 трлн. теңгеге дейін ұлғайды. Сақтандыру ұйымдарының активтері 17,1%-ға 612,9 млрд. теңгеге дейін өсті. Зейнетақы жинақтары 2014 жылы 21,0%-ға ұлғайып, 4,5 трлн. теңгені құрады.

10. Ұлттық қор портфелінің жиынтық нарықтық құны 2014 жылғы 31 желтоқсанда теңгемен шотты және кредиторлық берешекті есептемегенде 75,2 млрд. АҚШ долларын

құрады. Ұлттық қордың кірістілігі 2014 жылы базалық валютамен (-)1,19%-ды құрады, бірақ бұл ретте орнатылған эталондық портфельдерге қарсы жинақтау портфелі бойынша 0,69% мөлшерінде және тұрақтандыру портфелі бойынша 0,01% мөлшерінде оң үстеме кірістілікке қол жеткізілді. Ұлттық қордың кірістілігі құрылғаннан бері 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығында 70,81%-ды құрады, бұл жылдық көрсеткіш бойынша 4,02%-ды құрайды.

11. 2014 жылы таратып бөлмеген пайда «АӨҚО академиясы» АҚ акцияларының өтеусіз берілген мемлекеттік пакетін және есептен шығарылған негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалауды есептегенде 2013 жылмен салыстырғанда 29 758,9 млн. теңгеге (52,7%) ұлғая отырып, 86 228,6 млн. теңгені құрады.


I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

1.1. Экономиканың нақты секторы¹

2014 жылы Қазақстанның экономикасы геосаяси шиеленістің өсуі, сыртқы экономикалық талаптардың нашарлауы және мұнай мен металдың әлемдік бағасының төмендеуі жағдайында дамыды. Сыртқы факторлардың әсерімен елдегі экономикалық белсенділік өсудің оң траекториясында қала отырып, баяулады.


Жедел деректер бойынша 2014 жылы Қазақстанның ІЖӨ ағымдағы бағамен 38 033,1 млрд. теңгеге жетіп, нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға өсті (2013 жылы – 6,0%-ға өсті) (1.1.1-сурет).

1.1.1-сурет



2014 жылы ІЖӨ-нің құрамында қызмет көрсету өндірісі 6,0%-ға өсіп, ал тауар өндірісі 1,0%-ға ұлғайды. Осылайша, 2014 жылы қызмет көрсету сегменті бұрынғыша экономиканың өсуінің негізгі драйвері болды, оның ІЖӨ көлеміндегі үлес салмағы 2013 жылғы 54,2%-дан 2014 жылы 55,6%-ға дейін ұлғайды (1.1.2-сурет).

1.1.2-сурет



Экономиканың өсуінің 2014 жылы баяулауы ауыл шаруашылығында (0,8%-ға өсу), өнеркәсіптің өңдеуші саласында (1,0%-ға өсу), көтерме және бөлшек саудада (9,0%-ға өсу), ақпарат және байланыста (8,5%-ға өсу), қаржы және сақтандыру қызметінде (4,2%-ға өсу) өсу қарқынының төмендеуіне байланысты болды.

Бұл ретте құрылыста (4,1%-ға өсу), тұру және тамақтану қызметтерінде (4,7%), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (3,7%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет

¹ Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша

көрсетуде (2,1%), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметте (5,8%) өсу қарқынының жылдамдауы байқалды.

Өнеркәсіп үшін өңделмеген мұнайды өндіру көлемінің 2,2%-ға төмендеуі неғұрлым сезімтал әсер ету элементі болды, бұл негізінен өнеркәсіптің тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемінің 0,3%-ға қысқаруына себеп болды.


2014 жылғы қазаннан бері мұнай бағасының төмендеуі Қазақстан экономикасына әсер еткен сыртқы фактор болды. Brent маркалы өңделмеген мұнай құны орташа алғанда 2014 жылы бір баррель үшін 98,9 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты, ал 2013 жылы ол 108,9 АҚШ долларын құраған болатын.

2014 жылы негізгі капиталға инвестиция көлемі 3,9%-ға ұлғайды (2013 жылы 6,9%-ға өсу) (1.1.3-сурет). Инвестициялардың өсуі негізінен өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестицияның түсуінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді – 9,5%-ға өсу (жалпы көлемдегі үлес салмағы – 53,3%) және жылжымайтын мүлікпен операциялар – 21,8%-ға өсу (үлес салмағы – 10,2%).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты бұрынғысынша негізгі капиталға инвестицияны қаржыландырудың негізгі көзі болып отыр, оның инвестицияның жалпы көлеміндегі үлесі 51,5%-дан 57,9%-ға дейін өсті.

1.1.3-сурет

Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны өткен жылға %-бен



Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2014 жылы Қазақстанның негізгі сауда-әріптес елдеріндегі экономикалық өсудің баяулауы, сондай-ақ Қазақстанның экспортталатын өнімі бағасының төмендеуі салдарынан 10,5%-ға азайды (экспорт 7,6%-ға, импорт 15,6%-ға төмендеді). Қазақстан экспортының айтарлықтай бөлігі Еуроаймақ елдеріне (экспорттағы үлесі 2014 жылы 56,8%-ды құрады), Қытайға (12,5%) және Ресейге (6,6%) жеткізіледі. 2014 жылы ЕО ІЖӨ (28) аздап 1,3%-ға өс кенін көрсетті, Қытайда өсу 7,4%-ға (2013 жылы 9,2%-ға), Ресейде 0,6%-ға (1,3%) дейін баяулады.

Сыртқы экономикалық конъюнктураның нашарлауы жағдайында макроэкономикалық даму кредиттеудің жандануымен (7,2%-ға), еңбекпен қамтудың өсуімен және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуімен (2013 жылғы желтоқсандағы 5,2%-дан 2014 жылғы желтоқсанда 5,0%-ға дейін), халықтың ақшалай кірісінің ұлғаюымен байланысты болған жиынтық сұраныстың кеңеюіне негізделді.

2014 жылы бір қызметкердің орташа алынған номиналды жалақысы 120 455 теңгені құрады, бұл 2013 жылдан 10,9%-ға артық. Нақты көрсеткіш бойынша жалақы 3,9%-ға ұлғайды (2013 жылы 1,9%-ға өсу).

Жан басына шаққандағы номиналды ақша кірісі 2014 жылы 744,7 тыс. теңгеге жетті, бұл 2013 жылдан номиналды көрсеткіш бойынша 10,4%-ға, нақты көрсеткіш бойынша 3,6%-ға артық.

1.2. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі

2014 жылы ел экономикасының негізгі салаларын қамтитын, мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2 679-дан 2 766-ға дейін, оның ішінде орта және ірілері 1 551-ден 1 594-ке дейін ұлғайды. Кәсіпорындарды мониторингке қатыстыру үшін іріктеу кәсіпорындарды іріктеудің репрезентативтілігін есептеу негізінде экономиканың салалық және аймақтық құрылымы ескеріле отырып жүргізілді. Мониторингке қатысушы кәсіпорындар өнімін (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірістің үлесі 2014 жылғы III тоқсанда ел экономикасы бойынша өнім өткізуден түскен жалпы кірістің 49,8%-ын құрады.

Кәсіпорындарға тоқсан сайын жүргізілген пікіртерім нәтижелері 2014 жылы қалыптасқан экономикалық ахуал мен экономиканың нақты секторындағы үрдістер туралы төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Дайын өнімге деген сұраныс 2014 жылғы I тоқсанда айтарлықтай төмендеді, ал 2014 жылғы II және III-тоқсандарда аздап өсті. Алайда IV тоқсанда сұраныс тұтастай алғанда нақты сектор бойынша (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.2.1-сурет) «өңдеуші өнеркәсіп», «құрылыс», «көлік және қоймаға орналастыру» салаларында да төмендеді. Сұраныстың баяу өсуі «тау-кен өндіру өнеркәсібі», «ауыл шаруашылығы» және «ақпарат және байланыс» салаларында байқалды.

Шикізат пен материалдар бағасы айтарлықтай баяу өскендігіне қарамастан, жыл бойы жеткілікті түрде жоғары болып қалды. Бағаның айтарлықтай баяу өсуі 2014 жылғы IV тоқсанда байқалды, ал іріктелген кәсіпорындардың 44,9%-ы бағаның өскенін және 4,7%-ы төмендеуін атап өтті (III тоқсанда тиісінше 55,3% және 1,8%-ы) (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.2.2-сурет).

2014 жыл ішінде кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының баяу өсу үрдісі қалыптасты: 2014 жылғы I тоқсанда бағаның өскенін респонденттердің 36,4%-ы, төмендегенін – 3,3%-ы, IV тоқсанда тиісінше 17,4%-ы және 9,2%-ы атап өтті (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.2.3-сурет). Бұл ретте дайын өнім бағасының төмендеуі негізінен тау-кен өндіру саласында болды. Бағаның айтарлықтай баяу өсуі «ақпарат және байланыс», «өңдеуші өнеркәсіп», «электрмен қамту, газ, бу беру» және «құрылыс» салаларында атап өтілді.

Айналым активтерін басым түрде меншікті қаражат есебінен қаржыландыру үрдісі сақталды, оны кәсіпорындардың 80%-дан астамы атап өтті. Осы мақсатта банктердің кредиттерін кәсіпорындардың 17,4%-ы пайдаланды.

Экономиканың нақты секторы бойынша орташа жылдық сату рентабельділігі (салық салғанға дейін) 39,4%-ды (2013 жылы – 40,1%) құрады. Рентабельділігі төмен және зиян шеккен кәсіпорындар үлесі 2014 жылдың соңына қарай 22,7%-ға дейін азайды (2013 жылы – 23,3%).

Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы орташа жылдық сату рентабельділігі 61,3%-ды құрады, өңдеуші өнеркәсіптегі рентабельділік 25%, құрылыс саласында 11,7% деңгейінде қалыптасты.

2014 жылдың соңына қарай теңгемен алынған кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелер өзгерген жоқ (2014 жылғы IV тоқсанда 11,8%), ал шетел валютасымен алынған кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің аздап төмендеуі байқалды (2014 жылғы I тоқсандағы 9,5%-дан 2014 жылғы IV тоқсанда 8,4%-ға дейін). Сонымен қатар банкке кредит алу үшін өтініш жасаған және оны алмаған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (2013 жылғы 2,7%-дан 4,9%-ға дейін) (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.2.4-сурет, I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 3-қосымша, 1.2.5-сурет).

2014 жыл ішінде экономиканың нақты секторының инвестициялық белсенділігінің белгілі бір өсуі, негізінен, кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен болды (мұндай

кәсіпорындардың саны 2014 жылғы I тоқсандағы 57,8%-дан 2014 жылғы IV тоқсанда 62,9%-ға дейін өсті).

1.3. Салық-бюджет саласы²

2014 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің кірісі 2013 жылмен салыстырғанда 14,7%-ға ұлғайып, 7 321,3 млрд. теңгені немесе жедел деректер бойынша ІЖӨ-нің 19,2%-ын (2013 жылы – ІЖӨ-нің 18,1%-ы) құрады.

Мемлекеттік бюджет кірістері құрылымындағы бюджетке салықтық түсімдер 69,9%-ды, 5 115,7 млрд. теңгені немесе ІЖӨ-нің 13,5%-ын құрады (2013 жылы ІЖӨ-нің 13,5%-ы). Бұл ретте салық салу жүйесіндегі өзгерістер салықтық түсімдердің 2013 жылмен салыстырғанда 7,0%-ға ұлғаюына әкеп соқты. Акциздерге салық бойынша түсімдер 41,9%-ға, мүлік салығы бойынша 21,6%-ға, халықаралық сауда және сыртқы операциялар салығы бойынша 19,8%-ға, ойын бизнесіне салық бойынша 14,9%-ға, корпоративтік табыс салығы бойынша 13,3%-ға, әлеуметтік салық бойынша 12,5%-ға, жеке табыс салығы бойынша 12,0%-ға ұлғайды. Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін салынатын салық бойынша түсімдер 11,0%-ға, қосылған құн салығы бойынша 9,8%-ға төмендеді.

Салықтық емес түсімдер 2014 жылы 26,7%-ға ұлғайып, 179,5 млрд. теңгені немесе ІЖӨ-нің 0,5%-ын құрады. Мұндай ұлғаю негізінен мемлекеттік сатып алуды жүргізуден түскен түсімдердің және айыппұлдардан, өсімпұлдардан, санкциялардан, өндіріп алудан түскен түсімдердің ұлғаюынан қамтамасыз етілді.

Негізгі капиталды сатудан түскен түсім 2013 жылмен салыстырғанда 26,6%-ға ұлғайып, 71,0 млрд. теңгені немесе ІЖӨ-нің 0,2%-ын құрады.

Трансферттердің түсімдері бойынша жоспар толық орындалды. Бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін 2014 жылы Ұлттық қордан мемлекеттік бюджетке 1 955,0 млрд. теңге мөлшерінде трансферт тартылды.

2014 жылы мемлекеттік бюджеттің шығыны 7 791,9 млрд. теңгені немесе ІЖӨ-нің 20,5%-ын құрады (2013 жылы – ІЖӨ-нің 19,4%). 2013 жылмен салыстырғанда шығын 13,7%-ға ұлғайды. Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығын шығынның жалпы көлемінің 19,9%-ын, білім беруге жұмсалған шығын 17,4%-ын, денсаулық сақтауға жұмсалған шығын 11,0%-ын құрады.

2014 жылы берілетін бюджеттік кредиттер 1,4%-ға төмендеді, бұрын берілген кредиттер бойынша өтеу есебіне түскен түсім де 27,7%-ға төмендеді. Тұтастай алғанда таза бюджеттік кредиттеу көлемі 43,2 млрд. теңгеге дейін 67,4%-ға немесе ІЖӨ-нің 0,1%-ына дейін ұлғайды.

Мемлекеттік бюджеттің қаржы активтерін сатып алуға арналған шығыстары 2,7 есе ұлғайды, ал оларды сатудан түскен түсім, керісінше, 76,3%-ға төмендеді. Сөйтіп, осы операциялар бойынша сальдо ІЖӨ-нің 1,5%-ына дейін 2,8 есе ұлғайды.

2014 жылы мемлекеттік бюджет 1 086,7 млрд. теңге мөлшеріндегі тапшылықпен орындалды (ІЖӨ-нің 2,9%-ы), 2013 жылы тапшылық 700,9 млрд. теңгені құраған болатын (1.3.1-сурет).

Республикалық бюджеттің кірісі 2014 жылы 5 908,8 млрд. теңгені құрады немесе 2013 жылмен салыстырғанда 14,1%-ға артық болды. Республикалық бюджетке салықтық емес түсімдер 30,8%-ға, трансферттердің түсімі 34,9%-ға және салықтық түсімдер 4,4%-ға ұлғайды. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 14,4%-ға айтарлықтай төмендеді.

² Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің деректері бойынша

1.3.1-сурет



6 471,2 млрд. теңгеге жеткен республикалық бюджет шығынының өсуі 2013 жылмен салыстырғанда 13,5%-ға жетті, бұл ретте «өнеркәсіп және құрылыс» (46,5%-ға), «жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» (37,1%-ға), «борышқа қызмет көрсету» (30,9%-ға), «денсаулық сақтау» (28,5%-ға), «әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету» (14,3%-ға) және «білім беру» (2,5%-ға) баптары бойынша айтарлықтай ұлғаю байқалады.

Республикалық бюджетті таза бюджеттік кредиттеу көлемі 2014 жылы 3,6%-ға 39,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша түсімдер көлемі 5,8%-ға және бюджеттік кредиттер көлемі 2,9%-ға төмендеді. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 3 есе ұлғайды.


Сөйтіп, 2014 жылы республикалық бюджеттің нақты тапшылығы 1 081,2 млрд. теңгені (2013 жылы 718,2 млрд. теңге) құрады, жоспар бойынша бұл тапшылық 1 082,8 млрд. теңге мөлшерінде болжанған болатын.

Жергілікті бюджеттер 2014 жылы кірістің 14,3%-ға ұлғаюы нәтижесінде қалыптасқан 31,0 млрд. теңге тапшылықпен орындалды (2013 жылы – тапшылық 25,1 млрд. теңге), шығын 13,2%-ға ұлғайды, таза бюджеттік кредиттеу 1,6%-ға төмендеді, бұл ретте қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 2,0 есе ұлғайды.

2014 жылы үкіметтік ішкі борыш 2013 жылмен салыстырғанда 15,6%-ға ұлғайып, 4 178,0 млрд. теңгені құрады (ІЖӨ-нің 11,0%-ы) (1.3.2-сурет).

Осу мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерді, мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелерді және мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық жинақ міндеттемелерін шығарумен қамтамасыз етілді.

1.3.2-сурет



2014 жылы Үкіметтің сыртқы борышы 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 54,3%-ға ұлғайып, 7,9 млрд. АҚШ долларын (ДЖӨ-нің 3,8%-ы) құрады. Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 15,9%-ға төмендеді.

1.4. Төлем балансы және сыртқы борыш

2014 жылдың нәтижелері бойынша ағымдағы операциялар шотының оң сальдосы 2013 жылғы 0,9 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 4,6 млрд. АҚШ доллары немесе ДЖӨ-нің 2,2% болды (1.4-шағын бөлімшенің I бөліміне 1-қосымша, 1.4.1-кесте). Сонымен қатар, 2014 жылғы екінші жартыжылдықта ағымдағы шот 2014 жылғы 1-ші жартыжылдықтағы 6,9 млрд. АҚШ доллары профицитімен салыстырғанда 2,2 млрд. АҚШ долларында теріс сальдомен қалыптасты. Тұтастай алғанда 2014 жылы ағымдағы операциялар шотының 2013 жылмен салыстырғанда едәуір жақсаруы инвестициялық кірістердің теріс теңгерімсіздігінің айтарлықтай азаюы, сондай-ақ тауарлар импортының барынша жоғары қарқынмен қысқаруы нәтижесінде сауда балансы профицитінің ұлғаюы есебінен болды.

2014 жылы тауарлар экспорты 2013 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 7,6%-ға төмендеп, 79,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте 2014 жылы экспорттың I тоқсандағы 22,8 млрд. АҚШ долларынан IV тоқсанда 17,3 млрд. АҚШ долларына дейін үздіксіз қысқаруы байқалды. Тауарлар импорты 43,4 млрд. АҚШ доллары болып қалыптасты, ол 2013 жылмен салыстырғанда 14,5%-ға аз. Экспортқа қарағанда, тауарлар импорты 2-ші жартыжылдықта 1-ші жартыжылдықтағы 19,8 млрд. АҚШ долларынан 23,6 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Нәтижесінде сауда балансының оң сальдосы 2014 жылы 35,6 млрд. АҚШ доллары (2013 жылы 34,8 млрд. АҚШ доллары) болып қалыптасты.

2014 жылы тауарлардың ресми экспорты 2013 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 7,6%-ға төмендеп, 78,2 млрд. АҚШ доллары болды. Үлесіне ресми экспорттың 68,5%-ы тиесілі мұнай және газ конденсатының экспорты 53,6 млрд. АҚШ доллары болды, бұл 2013 жылға қарағанда 6,3%-ға аз (2013 жылы 57,2 млрд. АҚШ доллары). Орташа алғанда, 2014 жылы Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 98,9 АҚШ доллары болды, бұл оның 2013 жылғы орташа деңгейінен 9,1%-ға төмен (бір баррель үшін 108,9 АҚШ доллары). Тауар номенклатурасының қалған топтары бойынша келісімшарттық бағалардың, сол сияқты нақты жеткізілімдер көлемінің қысқаруына байланысты экспортталатын көлемдердің төмендеуі орын алды.

Тауарлар импорты 2014 жылы ресми статистика деректері бойынша 41,2 млрд. АҚШ долларын құрай отырып, 2013 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 15,5%-ға төмендеді. Импорттың азаюы нақты көлемдердің көп бөлігі өскен кезде келісімшарттық бағалардың төмендеуі есебінен негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша орын алды. Инвестициялық тауарлар импорты (жиынтық импорттың 37,1%-ы) 9,5%-ға төмендей отырып, 15,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Ресми импорт құнының ең көп азаюы (12,7 млрд. АҚШ долларына дейін 30,7%-ға) аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары бойынша байқалды. Тұтынушылық тауарлар бойынша импорттың құны 12,3 млрд. АҚШ долларына дейін 3,4%-ға төмендеді. Бұл ретте азық-түлік тауарларын әкелу 4,0 млрд. АҚШ долларына дейін 6,1%-ға, ал азық-түлікке жатпайтын тауарларды әкелу 8,3 млрд. АҚШ долларына дейін 2,1%-ға қысқарды.

2014 жылы халықаралық қызмет көрсету балансының тапшылығы 2013 жылмен салыстырғанда 9,3%-ға қысқарып, 6,4 млрд. АҚШ долларын құрады. Қызмет көрсетулер импорты өскен кезде (4,7%-ға) қызмет көрсетулердің теріс теңгерімсіздігінің қысқаруы қызмет көрсетулер экспортының 6,3 млрд. АҚШ долларына дейін 24,0%-ға өсуімен қамтамасыз етілді, бұл бірінші кезекте Қазақстанның аумағы арқылы мұнай мен газдың құбыр арқылы транзиті үшін резидент еместерден түсетін түсімдердің өсуіне байланысты

болды. Халықаралық қызмет көрсетулер импорты 2014 жылы 12,8 млрд. АҚШ долларын құрады (2013 жылы 12,2 млрд. АҚШ доллары).

2014 жылы бастапқы кірістердің теріс сальдосы 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,1%-ға төмендей отырып, 22,9 млрд. долларды құрады, оның ішінде инвестициялық кірістердің теріс сальдосы 21,2 млрд. доллар болып қалыптасты (2013 жылы 23,5 млрд. АҚШ доллары). Көп бөлігінде елдің ресми резервтерінен (резервтік активтерден және ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінен) қалыптастырылған инвестициялық салымдардан алынатын кірістер 13,5%-ға төмендей отырып, 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Резидент еместерге инвестициялық кірістер төлеу 23,1 млрд. АҚШ долларына дейін 10,0%-ға қысқарды. Бұл ретте тікелей инвестициялардан кірістер төлеу 19,9 млрд. АҚШ долларына дейін 11,4%-ға төмендеді. IV тоқсанда резидент еместерге тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша кірістер төлеудің өткен тоқсандармен салыстырғанда айтарлықтай төмендеуі инвестициялық кірістер балансы тапшылығының III тоқсандағы 6,2 млрд. АҚШ долларынан IV тоқсанда 3,7 млрд. АҚШ долларына дейін қысқаруына себепші болды.

Қайталама кірістердің балансы 2014 жылы 1,7 млрд. АҚШ долларын (2013 жылы 1,6 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 2014 жылы 7,4 млрд. АҚШ доллары³ (2013 жылы 0,3 млрд. АҚШ доллары) болатын теріс сальдомен қалыптасты. Капиталдың таза әкелінуінің немесе «басқа елдерден таза қарыз алудың» 2013 жылмен салыстырғанда 7,0 млрд. АҚШ долларына жуық ұлғаюы, негізінен, 2014 жылғы 2-ші жартыжылдықтың операцияларымен қамтамасыз етілді.

Тікелей шетелдік инвестициялар бойынша 2013 жылғы 7,9 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 5,9 млрд. АҚШ доллары болатын теріс баланс қалыптасты.

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржы активтерінің 1,7 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі (2013 жылы 2,0 млрд. АҚШ доллары) таза өсімі шетелдік еншілес ұйымдар активтерінің 2014 жылғы IV тоқсанда 1,5 млрд. АҚШ долларына толықтырылуымен байланысты.

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелердің 7,6 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі (2013 жылы 9,9 млрд. АҚШ доллары) таза өсімі кірістерді (таратылып бөлінбеген пайданы) қайта инвестициялаумен және Қазақстан кәсіпорындарының өздерінің шетелдік бас компаниялары алдындағы фирмааралық берешегінің жалпы сомасы 9,6 млрд. АҚШ долларына өсуімен қамтамасыз етілді, ал шетелдік еншілес ұйымдар алдындағы фирмааралық берешек 2,0 млрд. АҚШ долларына жуық қысқарды.

Шетелдік тікелей инвестициялардың «салым бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған жалпы әкелінуі 2014 жылы 23,9 млрд. АҚШ долларын (2013 жылы 24,0 млрд. АҚШ доллары) құрады. Өзара фирмааралық міндеттемелер бойынша негізгі борыштың өтелуін есептегенде Қазақстанға тікелей инвестициялардың таза әкелінуі 9,6 млрд. АҚШ долларын (2013 жылы 10,2 млрд. АҚШ доллары), ал шетелге таза әкетілуі 3,6 млрд. АҚШ долларын (2013 жылы 2,3 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Портфельдік инвестициялар 2013 жылмен салыстырғанда 0,8 млрд. АҚШ долларын құрайтын (2013 жылы 6,0 млрд. АҚШ доллары) аздаған оң сальдомен қалыптасты. Оң сальдоның қысқаруы негізінен 2014 жылғы IV тоқсанның операцияларымен байланысты, портфельдік активтер 2,2 млрд. АҚШ долларына төмендеді, ал міндеттемелер 3,5 млрд. АҚШ долларына өсті.

IV тоқсанда Ұлттық қордың шетелдік активтерінің 2,2 млрд. АҚШ долларына төмендеуі портфельдік инвестициялардағы активтер өсімінің 2013 жылғы 8,5 млрд. АҚШ долларынан 2014 жылы 6,2 млрд. АҚШ долларына дейін қысқаруына себепші болды.

³ Төлем балансының жаңа әдіснамасына сәйкес қаржы шоты және оның құрауыштары сальдосының теріс белгісі таза қарыз алудың (міндеттемелердің активтерден баса өсуі) халықаралық инвестициялық позицияның нашарлауына және елдің таза сыртқы борышының өсуіне ықпал ететіндігін көрсетеді.

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 5,4 млрд. АҚШ доллары болатын оң сальдомен қалыптасты (2013 жылы 2,5 млрд. АҚШ доллары), бұл шетелдік нарықтарда борыштық бағалы қағаздарды шығару, эмитентті ауыстыру және міндеттемелерді қайта құрылымдау бойынша банктер мен банктік емес ұйымдардың жалпы сомасы 5,6 млрд. АҚШ доллары болатын операцияларымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 2014 жылғы IV тоқсанда Қаржы министрлігі 2,5 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде еурооблигациялар шығаруды жүзеге асырды. Сондай-ақ, 2014 жылы банктердің 0,8 млрд. АҚШ доллары сомасына бұрын шығарылған облигацияларды өтегенін, оның ішінде қайта құрылымдау жолымен өтегенін атап өту қажет.

«Басқа инвестициялар» бабы бойынша теріс сальдо 2,2 млрд. АҚШ долларын құрады (2013 жылы оң сальдо 1,5 млрд. АҚШ доллары), ол кезде активтердің ұлғаюы 1,7 млрд. АҚШ долларына және міндеттемелердің өсуі 3,9 млрд. АҚШ долларына тең болды. Активтердің өсуіне көп дәрежеде қаржылық емес ұйымдар мен жеке тұлғалардың шетелдік банктердегі шоттарындағы қаражатының 2,5 млрд. АҚШ долларына ұлғаюы ықпал етті. Сонымен қатар, «Басқа инвестициялардағы» өзге қысқамерзімді талаптардың 5,9 млрд. АҚШ долларына өсуі Ұлттық Банктің төлем балансында жіктелмеген жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операцияларының бағалауын жүргізуімен түсіндіріледі. Сонымен бірге, банктер мен Ұлттық қордың шетелдік шоттардағы шетелдік активтерінің жалпы сомасы 6,2 млрд. АҚШ долларға төмендеуі «Басқа инвестициялардағы» активтердің таза өсуінің 2013 жылғы 8,6 млрд. АҚШ долларынан 2014 жылы 1,7 млрд. АҚШ долларына дейін қысқаруын қамтамасыз етіп, нетто-әкетуді өтеді.

«Басқа инвестициялар» бабы бойынша міндеттемелердің 3,9 млрд. АҚШ долларына өсімі негізінен сыртқы қарыздардың таза түсуі мен банктік емес сектор кәсіпорындарының жалпы сомасы 3,1 млрд. АҚШ доллары болатын кредиторлық берешегінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2014 жылы операциялық өзгерістердің нәтижесінде резервтік активтердің ұлғаюы 2013 жылы 2,4 млрд. АҚШ доллары болған төмендеуімен салыстырғанда 3,9 млрд. АҚШ долларын құрады. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) 28,9 млрд. АҚШ долларына бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлар мен қызметтер көрсету импортының 6,2 айын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

2014 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 157,1 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 8,2 млрд. АҚШ доллары (немесе 5,2%-ы) мемлекеттік сектордың, 10,1 млрд. АҚШ доллары (6,4%-ы) «Банктер» секторының сыртқы борышы, 79,2 млрд. АҚШ доллары (50,4%-ы) – фирмааралық берешек және 59,5 млрд. АҚШ доллары – «Басқа секторлардың» басқа да берешектері (I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.4.2-кесте).

2014 жылы елдің сыртқы борышы, негізінен, банктік емес корпоративтік сектордың үлестес резидент еместермен қарыз операциялары және еурооблигациялар шығарылымы есебінен 7,1 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Бұл ретте фирмааралық берешектің ұлғаюы бұрын шетелдік компания – ірі мұнай-газ жобасы операторы филиалының міндеттемелеріне жатқызылған шығындарды (1,4 млрд. АҚШ доллары) борыштық емес капиталға қайта жіктеу нәтижесінде ішінара теңестірілді.

2014 жылы мұнай-газ, өндіруші және өзге салалардағы (оның ішінде негізгі компаниялар Қазақстан аумағында жұмыс істейтін филиалдарға, Қытай Даму Банкінің «Азия газ құбыры» АҚ-қа және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-ге берген тиісінше 4,7 және 1,8 млрд. АҚШ доллары болатын қарыздар) жобаларды іске асыруға айтарлықтай қарыз ресурстарының түсуі жалғасты, сондай-ақ жаңа еурооблигациялар шығарылып, бұрын шығарылған (оның ішінде, «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі) АҚ-тың 600,0 млн. еуро, «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың 1,1 млрд. АҚШ доллары және

285,0 млн. швейцар франкі, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тың 1,5 млрд. АҚШ доллары сомасына) еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыру жүзеге асырылды.

«Банктер» секторының сыртқы борышы 2014 жылы 1,1 млрд. АҚШ долларына қысқарды, оның ішінде «АТФБанк» АҚ-тың номиналы 450,0 млн. АҚШ доллары, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 500,0 млн. АҚШ доллары, «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 196,2 млн. АҚШ доллары болатын еурооблигациялары өтелді.

Мемлекеттік сектордың (Үкімет пен Ұлттық Банк) сыртқы борышы 2014 жылы Қаржы министрлігінің номиналдық құны 2,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын еурооблигациялар шығаруы нәтижесінде, сондай-ақ резидент еместердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттары мен депозиттері бойынша міндеттемелерінің өсуі және мемлекеттік сыртқы қарыздар бойынша түсімдердің жалғасуы (негізінде, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасын іске асыруға бағытталған) есебінен 2,6 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Мұнай бағасының түсуі және тұтастай алғанда әлемдегі тұрақсыз ахуал (Украинадағы шиеленіс, Ресей рублінің құнсыздануы, санкциялардың енгізілуі және т.б.) қазақстандық эмитенттердің борыштық бағалы қағаздары құнының айтарлықтай төмендеуіне әкеп соққанын атап өткен жөн. Мәселен, 2014 жылы «Борыштық бағалы қағаздар» бабы бойынша құндық түзетудің нәтижесінде азаю 1,7 млрд. АҚШ доллары болып бағаланды.

2014 жылғы 31 желтоқсанда сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 2013 жылдың соңындағы 64,8%-ға қарағанда 74,2%-ды (І бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 3-қосымша, 1.4.3-кесте), ал сыртқы борыштың ТҚЭ-ге қатынасы 2013 жылдың соңындағы 165,3%-ға қарағанда 183,9%-ды құрады.

Ұлттық Банктің резервтік активтері 2014 жылдың соңында бастапқы өтеу мерзімі бойынша қысқамерзімді сыртқы борыштан 2,9 есе асып түсті, ал Қазақстанның таза сыртқы борышы 7,0 млрд. АҚШ долларына ұлғая отырып, 25,5 млрд. АҚШ долларын немесе ІЖӨ-нің қатынасы 12,0%-ын құрады.

Мемлекеттік сектор мен «Банктер» секторы қалған әлемге қатысты таза кредитор болып табылады: борыштық активтер борыштық міндеттемелерден тиісінше 74,8 млрд. АҚШ долларына және 8,8 млрд. АҚШ долларына асып түсті.

1.5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

2014 жыл қаржы секторы осалдығының артуына және тұтастай алғанда Қазақстанның нақты секторы субъектілерінің іскерлік белсенділігінің баяулауына әкелген сыртқы жағымсыз факторлардың айтарлықтай өсуімен атап өтілді.

2014 жылғы ақпанда ұлттық валютаның айырбастау бағамын түзету, мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі, Ресей рублінің құнсыздануы, әлемдегі күрделі геосаяси жағдайдың және жылдың екінші жартысынан бастап әлемдік экономикалық өсудің баяулауы аясында банк секторы қаржылық тұрақтылығының бірқатар көрсеткіштерінің нашарлауына алғышарттар жасалды, теңгеге қатысты жоғары девальвациялық күтулер қалыптастырылды. Оның нәтижесі ретінде банктердің кредиттік белсенділігінің төмендеуі және теңгемен өтімділіктің жүйелік тапшылығы аясында несие портфелінің өсу қарқынының қысқаруы орын алды.

2014 жылғы IV тоқсанда Ұлттық Банк мұнай бағасының төмендеуінің ықтимал тәуекелдерін және салдарын анықтау және Ресей Федерациясына қатысты санкциялар енгізу мақсатында Қазақстан банктерінің қаржылық жағдайының орнықтылығына бағалау жүргізді. Алынған нәтижелерге сәйкес банктердің көпшілігі Ұлттық Банк ұсынған сценарийлер кезінде капиталдың жеткіліктілігі нормативтеріне төтеп берді.

Бұл ретте, стрестік сценарийде банктер активтерінің және несие портфелінің өсу қарқындары айтарлықтай қысқарады. Осылайша, егер базалық сценарий үшін активтердің,

оның ішінде несие портфелінің өсуі 7-9% деп бағаланса, ал стрестік сценарий үшін – 3-4% болып бағаланады.

Тұтастай алғанда, 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда жалпы кредиттік белсенділікті төмендету, банктердің жұмыс істемейтін қарыздарды⁴, басым түрде корпоративтік секторда белсенді түрде есептен шығаруы, сондай-ақ қорландырудың қолжетімділігі есебінен несие портфелі өсуінің баяулауы байқалады. Соның салдарынан, заңды тұлғаларға берілген қарыздардың портфелі 6,1%-ға қысқарды, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген қарыздар портфелінің өсу қарқыны 30,3%-дан 12,5%-ға дейін баяулады. Бұл ретте несие портфелінің өсуіне негізгі үлес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар портфелінің 38,7%-ға ұлғаюымен (2013 жылы өсу 25,2%-ды құрады), оның ішінде мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру шеңберінде қамтамасыз етілді.

Банктерге сауалнама жүргізу негізінде кредит нарығының сапалы өлшемдерін зерттеу қорытындылары 2014 жыл бойы банктер тарапынан да, сол сияқты қарыз алушылардың тарапынан да төмен белсенділікті растайды. Қаржылық емес ұйымдарға кредиттер басым түрде айналым капиталын қаржыландыру және қазіргі берешекті қайта құрылымдау мақсаттары үшін берілді. Банктердің бөлшек сегменттегі кредиттік белсенділігі тұтынушылық қарыздар портфелінің артық өсу тәуекелдерін төмендетуге бағытталған реттеу шараларымен шектелді. Ипотекалық кредиттеу сегменті төмен белсенділікпен сипатталады, және оны қысқамерзімді кезеңде одан әрі дамыту перспективалары, банктердің пікірінше, өсу факторларының болмауына орай шектелген. Нәтижесінде банктердің қатаң кредиттік саясаты және қарыз алушыларға жоғары талаптардың сақталуы қаржылық емес ұйымдардың тарапынан, сол сияқты жеке тұлғалардың тарапынан да сұраныстың өсуін ұстап тұрды. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде шағын және орта бизнесті кредиттеудің біршама жандануы байқалды.

Тұтынушылық кредиттеу секторындағы жүйелік тәуекелдерді шектеу мақсатында 2014 жылы қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар портфелінің жыл сайын 30%-дан аспайтын деңгейде өсуіне лимит енгізілді, қарыз алушының борыштық жүктемесінің ең жоғары деңгейі оның иелігіндегі кірістің 50%-ы мөлшерінде қосымша шектелді, сондай-ақ банктердің тұтынушылық кредиттер берген кезде капиталдың қосымша резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптары енгізілді. Нәтижесінде 2014 жылы қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар портфелінің өсуі 2013 жылғы 98,5%-бен салыстырғанда 7,9%-ды құрады. Қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар портфелінің сапасы құптарлық болып қалуда – 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлесі 11%-ға жуық, бұл тұтастай алғанда несие портфелі бойынша (23,5%) айтарлықтай төмен.

Ұлттық Банктің банктермен бірлескен жұмысының нәтижесі ретінде жұмыс істемейтін қарыздарды есептен шығару несие портфелінің сапасын жақсартудың негізгі факторы болды. Корпоративтік сектор портфелінің сапасын жақсарту көбінесе үш басым саланың есебінен орын алды: «құрылыс», «сауда» және «өндірістік емес» сала. Алайда бұл салаларда кредит тәуекелінің көп шоғырлануы сақталып отыр, олардың үлесіне корпоративтік сектордың 70%-дан астам жұмыс істемейтін қарыздары тиесілі.

2014 жылдың соңында жұмыс істемейтін қарыздардың көлемі 818,0 млрд. теңгеге немесе 19,7%-ға 3 340,2 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Бұл ретте банктердің несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі жыл басындағы 31,2%-бен салыстырғанда 23,5%-ды құрады (2014 жылғы сәуірдің соңында ең көп мәніне қол жеткізілді – 33,7%). Кредиттеу субъектілері бойынша жұмыс істемейтін қарыздар портфелінің құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ: бұрынғыдай заңды тұлғаларға берілген қарыздар басым – 73,2%, ал жеке тұлғаларға және шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қарыздарға тиісінше 15,4% және 11,4% тиесілі. Бұл ретте

⁴ Жұмыс істемейтін қарыздар – негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар

бүкіл жұмыс істемейтін қарыздар портфелінің 60%-дан астамын шетел валютасындағы қарыздар құрайды.

2014 жылы банк секторын қорландыру құрылымында өтеуге дейінгі мерзімдерде, сол сияқты тартылған қорландыру валютасында да едәуір өзгерістер байқалады.

Клиенттер алдындағы міндеттемелер қорландыру негізі болып қалды, алайда 2014 жылдың соңында олар басым түрде шетел валютасында көрсетілді. Теңгемен салымдарды шетел валютасына айырбастауға көп дәрежеде жеке тұлғалардың депозиттері ұшырады. Мәселен, 2014 жылы жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің өсуі теңгемен депозиттердің 35%-ға төмендеуі аясында 72%-дан астам болды. Занды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің өсуі теңгемен депозиттердің 16%-ға өсуінің аясында 85%-ды құрады.

Сонымен қатар клиенттердің ұлттық валютадағы депозиттік базасының айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, теңгемен салымдардың құрылымында ұзақмерзімді қорландырудың ұлғаюы орын алды, ол БЖЗҚ зейнетақы активтерінің өтеу мерзімі үш жылдан астам салымдарға инвестициялары есебінен қамтамасыз етілді. 2014 жылдың соңында олардың көлемі банктердің клиенттер алдындағы міндеттемелерінен 6%-ға жетті. Ұзақмерзімді міндеттемелердің үлесін ұлғайту теңгемен қысқамерзімді міндеттемелердің көлемінің және үлесінің төмендеуімен қатар жүрді. Нәтижесінде 2014 жылы ұзақмерзімді теңгемен міндеттемелердің үлесі екі есе – 14,8%-дан 29,2%-ға дейін өсті.

Банктердің квазимемлекеттік сектор компаниялары салымдарынан қорландыруының тәуелділігі жоғары болып қалуда. Тұтастай алғанда, 2014 жылдың соңында мемлекеттің банктерге квазимемлекеттік компаниялар және БЖЗҚ арқылы беретін қорландыруының үлесі заңды тұлғалардың салымдарынан 64%-ды құрады, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ салымдарының үлесі 17%-ға бағалануда.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар бөлігінде 2014 жылы Ұлттық Банктің стратегиялық бағыттарының бірі банк жүйесіндегі жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейін төмендету болды. Банктердің баланстарын тазарту тетіктерінің жалпы жүйесінде бірнеше элементті пайдалануды көздейтін қолданыстағы кешенді тәсілмен қатар (есептен шығару, кешіру, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымға және «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-қа беру, үшінші тұлғаларға сату) Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен және банктермен бірлесіп банктердің баланстарын тазартудың қолданыстағы тетіктерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізді.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп 2014 жылы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың жарғылық капиталын 250 млрд. теңгеге ұлғайту жөнінде қажетті іс-шараларды жүргізді. Осының арқасында банктердің баланстарын жұмыс істемейтін қарыздардан тазарту және олардың деңгейі бойынша (2016 жылға қарай несие портфелінің 10%-нан көп емес) нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың әлеуеті кеңейтілді.

Ұлттық Банк Басқармасы 2014 жылғы 27 мамырда «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған оның жұмыс істеу тұжырымдамасын қабылдады, оның шеңберінде «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың банктермен өзара іс-қимыл тетіктері айтарлықтай кеңейтілді.

Мерзімі өткен қарыздардың деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралардың тиісті мониторингін және үйлестірілуін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк Төрағасының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 232 бұйрығымен Мерзімі өткен қарыздарды төмендету бойынша қызметті бағалау мен бақылау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия шеңберінде банктер негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың деңгейін нысаналы деңгейге дейін төмендетуді көздейтін іс-шаралар жоспарларын ұсынады. Комиссия жұмыс істеген кезеңде 2014 жылы проблемалық қарыздардың өсуі тоқтатылып, олардың банктердегі көлемі 1,3 трлн. теңгеге төмендетілді.

Банктердің жұмыс істемейтін активтерімен проблемаларды шешу мақсатында 2014 жылы жұмыс істемейтін активтермен операциялар бойынша салықтық кедергілерді алуға бағытталған салықтық ынталандыру шаралары қосымша енгізілді. Сонымен бірге Ұлттық Банк банктердің баланстарын жұмыс істемейтін активтерден тазарту бойынша барынша белсенді іс-қимылдарға ұстап тұратын кедергілерді жою мақсатында банктер туралы заңнамаға, салықтық заңнамаға және банкроттық туралы заңнамаға өзгерістерді әзірледі.

Қаржы секторын тиімді дамыту және қаржы ұйымдарын реттеу жүйесін жетілдіру саясатын қалыптастыру мақсатында 2014 жылы Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылығы мен қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңесінің 8 отырысы өткізілді, оларда банк, сақтандыру, зейнетақы және Қазақстан қаржы жүйесінің басқа да сегменттерін дамытудың өзекті мәселелері талқыланды. Аталған отырыстар шеңберінде банктердің ең төмен меншікті капиталына қойылатын талаптарды 2019 жылға дейін кезең-кезеңімен ұлғайту, жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру, Ресей Федерациясына қатысты бірқатар елдердің санкцияларының Қазақстанның қаржы секторына және экономикасына әсері мәселелері қаралды, Базель III капиталының стандарттарына көшу кестесі нақтыланды, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ты дамыту стратегиясының негізгі бағыттары, проблемалық ипотекалық қарыз алушылармен, БЖЗҚ қаражатының бір бөлігін банктердің қаржы құралдарына орналастыру бөлігінде Қазақстанның зейнетақы жүйесін жетілдіруге байланысты мәселелер қарастырылды, Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есебінің тұжырымдары талқыланды.

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ

2.1. Ақша-кредит саясаты

Инфляция

2014 жылы Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияны 6-8% шегінде ұстап тұру болды. 2014 жылдың қорытындылары бойынша жылдық инфляция 7,4%-ды (2014 жылғы желтоқсан 2013 жылғы желтоқсанға) құрады, бұл мәлімделген нысаналы дәлізге сәйкес келеді. Бұл ретте жылдық инфляция деңгейі 2013 жылмен салыстырғанда өсті (4,8%) (2.1.1-сурет).


2.1.1-сурет



2014 жылы инфляция деңгейінің өсуіне азық-түлік тауарларына және азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның өсу қарқындарының жеделдеуі негізгі себеп болды, ал халыққа ақылы қызмет көрсету бағасының өсу қарқыны баяулады. 2014 жылы азық-түлік тауарларының бағасы 8,0%-ға (2013 жылы – 3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 7,8%-ға (3,3%-ға), ақылы қызметтер – 6,4%-ға (8,0%-ға) өсті (2.1.2-сурет).

2.1.2-сурет

Жылдық инфляцияның деңгейі
өткен жылдың тиісті айына %-бен



Тұтастай алғанда, инфляциялық процестердің қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді. Инфляцияның негізгі іргелі факторлары әлемдік экономикадағы, оның ішінде Қазақстанның сауда әріптестері елдеріндегі тұрақсыз ахуалға, әлемдік тауар және қаржы нарықтарындағы жоғары құбылмалылыққа, әлсіз бәсекелес ортаға, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген нарығындағы монополиялар мен олигополиялардың болуына байланысты.

2014 жылдың басында инфляциялық процестердің күшеюі ұлттық валютаның айырбастау бағамын түзетуге байланысты орын алды. Инфляция деңгейінің қысқамерзімді өршуі айлық көрсетуде 2014 жылғы ақпан-наурызда атап өтілді, ол импортталатын тауарлардың қымбаттауы салдарынан ақпанда 1,7%-ды және наурызда 1,0%-ды құрады. Инфляцияның осындай өсуі қысқамерзімді және шектеулі болды.

Іргелі макроэкономикалық факторлардың болмауына орай кейінгі айларда инфляция серпіні маусымдық үрдістерге сәйкес келетін өткен жылдардың мәндеріне қайтып келді.

2014 жылдың екінші жартысында инфляциялық аяның біршама ұлғаюы 2014 жылғы тамызда ішкі нарықта бензин және дизель отыны бағасының артуына байланысты болды. Алайда, 2014 жылдың соңына қарай мұнайдың әлемдік бағасының құлдырауы аясында жанар-жағармай материалдарына, сондай-ақ Ресей рублінің әлсіреуі нәтижесінде импортталатын тауарларға бағаның төмендеуі 2014 жылдың соңында инфляцияның баяулауына әкелді.

Бұл ретте 2014 жылы монетарлық факторлардың инфляцияға әсері шектеулі болып қалды және ақша ұсынысы экономиканың өсу қарқындарына барабар болып табылады. Мәселен, 2014 жылы ақша массасы 10,5%-ға өсті, номиналдық ІЖӨ өсуі 7,8%-ды құрады.

Ақша-кредит саясатының құралдары

2014 жылы Ұлттық Банк ақша нарығындағы ахуалға байланысты өтімділікті реттеу шараларын қабылдады. Теңгемен өтімділікті беру қайта қаржыландыру қарыздары, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы кері РЕПО операциялары арқылы жүзеге асырылды. 2014 жылы мерзімі 1 айға дейінгі қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 7,9 трлн. теңгені құрады. Қайта қаржыландыру қарыздары 2014 жылы өзгеріссіз – 5,5% деңгейінде қалған қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша берілді. 2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша банктердің Ұлттық Банк алдындағы қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген берешегінің көлемі 675,3 млрд. теңгені құрады. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы кері РЕПО операцияларының көлемі 286,5 млрд. теңге болды. Бұл операциялар нарықтық мөлшерлемелер бойынша 1 күн мерзіммен жүргізілді.

Ақша нарығындағы ахуал 2014 жылы түрлі бағыттағы үрдістермен сипатталды. 2013 жылдың соңында АҚШ Федералдық резервтік жүйесінің сандық жұмсару бағдарламасының тоқтатылуы және капиталдың дамушы нарықтардан дамыған

мемлекеттердің нарықтарына ауысуы салдарынан дамушы елдердің ұлттық валюталарының айырбастау бағамының әлсіреуі байқалды. Нәтижесінде, Қазақстанның ішкі валюта нарығында да девальвациялық күтулер күшейді. Осы жағдайларда, 2014 жылғы ақпанда бір АҚШ доллары үшін 185 теңге ± 3 теңге деңгейінде ауытқу дәлізін белгілей отырып, теңгенің айырбастау бағамына түзету жүргізілді.

Осы кезеңде ақша нарығында теңгемен өтімділіктің жетіспеуі салдарынан нарықтық мөлшерлемелердің және олардың деңгейлерінің құбылмалылығының ұлғаюы байқалды. 2014 жылғы сәуірден бастап ақша нарығындағы ахуал тұрақтандырылды және салық төлемдерінің жекелеген кезеңдерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер төмен деңгейде болды. 2014 жылдың екінші жартысында Қазақстан экономикасының жұмыс істеу жағдайлары өзгерді, бұл, бірінші кезекте, мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуіне, сондай-ақ Ресей рублі айырбастау бағамының айтарлықтай құнсыздануына байланысты.

Осыған орай, Ұлттық Банк 2014 жылғы шілдеде ұзақмерзімді валюталық-пайыздық своп операциялары арқылы банктерге ұлттық валютамен өтімділік бере бастады. Операциялар мерзімі 12 айдан астам болды, пайыздық мөлшерлеме 3,0%-ды құрады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақтандырылды, теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының нығаю үрдісі байқалды. Осыған байланысты, 2014 жылғы қыркүйекте теңгенің айырбастау бағамының ауытқу дәлізі кеңейтілді. Ұлттық Банктің бағамдық саясатының жаңа $+3/-15$ теңге ауытқу дәлізімен 1 АҚШ доллары үшін 185 теңге деңгейінде айқындалды.


Энергия ресурстарына әлемдік бағаның төмендеуі және 2014 жылғы қазаннан бастап Ресей рублінің әлсіреуі Қазақстанның ішкі нарығында девальвациялық күтулердің өсуіне, теңгемен өтімділік көлемінің төмендеуіне және ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің артуына ықпал етті. Осы жағдайларда Ұлттық Банк 2014 жылғы желтоқсанда нарықтық мөлшерлемелер бойынша 1 күн мерзімге валюталық своп операциялары арқылы теңгемен өтімділікті ұсынуды бастады, бұл ретте валюталық-пайыздық своп операцияларын жүргізуін тоқтатты.

2014 жылы ақша нарығындағы өтімділікті реттеуді Ұлттық Банк өтімділікті сіңіру операцияларын жүргізу жолымен де жүргізді.

2014 жыл бойы банктердің тарапынан Ұлттық Банктің қыскамерзімді ноттарына сұраныс жоғары болмады. Мәселен, 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда шығарылған қыскамерзімді ноттардың көлемі дисконтталған құны бойынша 81,4 млрд. теңгені құрай отырып, шамалы ғана 2,6%-ға ұлғайды. 2014 жылғы ақпанда, наурызда, маусымда және желтоқсанда қыскамерзімді ноттарды орналастыру бойынша аукциондар банктердің тарапынан осы құралға деген сұраныстың болмауына байланысты өткізілмеді. 2014 жылғы желтоқсанда айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 7,5 есе дисконтталған құн бойынша 26,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (2.1.3-сурет).

2.1.3-сурет

Айналыстағы қыскамерзімді ноттар (кезеңнің соңында)



Ноттар бойынша орташа алынған тиімді кірістілік 2013 жылғы қазандағы 2,17%-дан (2013 жылғы қараша мен желтоқсанда орналастырылған жоқ) 2014 жылғы қарашада 3,27%-ға дейін өсті (2.1.4-сурет). 2014 жылы Ұлттық Банк 3 және 6 айлық айналыс мерзімімен қысқамерзімді ноттарды шығарды.

2.1.4-сурет



2014 жылы банктерден 4,6 трлн. теңге сомаға депозиттер тартылды, бұл 2013 жылғы көлеммен салыстырғанда 1,6 есе көп. Банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша қалдықтар 2014 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша 15,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе аз.

2014 жылғы ақпанда Ұлттық Банк мерзімі 30 күндік депозиттерді тарту бойынша операцияларды тоқтата тұрып, мерзімі 7 күндік депозиттерді тартуын жалғастырды. Теңгемен құралдардың тартымдылығын арттыру мақсатында банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша мөлшерлеме екі рет өсті: 2014 жылғы ақпанда – 0,5%-дан 2,75%-ға дейін, 2014 жылғы желтоқсанда – 3,05%-ға дейін.

Ұлттық Банк 2014 жылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та тікелей РЕПО операцияларын жүргізді. Бұл операциялар 2014 жылғы қаңтарда және ақпанда жүргізілді, олардың көлемі нарықтық мөлшерлемелер бойынша 7 және 14 күн мерзімімен 63,8 млрд. теңгені құрады.

2014 жылы ең төменгі резервтік талаптар нормативтері өзгеріссіз қалды: ішкі қысқамерзімді міндеттемелер бойынша – 2,5%, ішкі ұзақмерзімді міндеттемелер бойынша – 0%, сыртқы қысқамерзімді міндеттемелер бойынша – 6,0%, сыртқы ұзақмерзімді міндеттемелер бойынша – 2,5%.

2014 жылы резервтік активтер құрылымы біртіндеп өзгерді: банктердің корреспонденттік шоттарының үлесі 2013 жылғы 30 желтоқсандағы 55,4%-дан 2014 жылғы 29 желтоқсандағы 44,5%-ға дейін біртіндеп төмендеді. Тиісінше банктердің кассасындағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақшаның үлесі ұлғайды. Бұл ретте жалпы жүйе бойынша 2014 жылы резервтік активтер жалпы алғанда жүйе бойынша резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 2,2 есе асты.

Ақша агрегаттары

2014 жылы ақша базасы 20,8%-ға кеңейіп, 3 413,6 млрд. теңгені құрады (2013 жылы 2,2%-ға тарылды). 2014 жылы ақша базасының анағұрлым (13,2%-ға) кеңеюі ақпанда байқалды, ақша базасының ең жоғары (8,3%-ға) тарылуы қарашада болды.

Тар ақша базасы, яғни банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3 313,0 млрд. теңгеге дейін 18,9%-ға кеңейді.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуіне қарамастан Ұлттық Банктің халықаралық резервінің ұлғаюы ақша базасының кеңеюінің негізгі себебі болды.

Мәселен, Ұлттық Банктің таза халықаралық резерві 15,7%-ға ұлғайып, 28,0 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде таза валюта қоры қаралып отырған кезеңде 10,5%-ға, алтындағы активтер 33,2%-ға өсті. 2014 жылы елдің халықаралық резерві жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (алдын ала деректер бойынша 73,6 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда, 102,5 млрд. АҚШ долларына дейін 7,3%-ға ұлғайды.

2014 жылы Ұлттық Банктің Ұлттық қорды есептемегендегі таза ішкі активтері, негізінен, банктер талаптарының ұлғаюына және ішкі экономикаға талаптардың өсуіне қарамастан басқа да таза ішкі активтердің қысқаруы нәтижесінде азайды.

2014 жылы ақша массасы 10,5%-ға өсіп, 12 816,3 млрд. теңгені құрады. Ақша массасының ең жоғары өсуі (4,6%-ға) 2014 жылғы ақпанда, анағұрлым төмендеуі (4,3%-ға) 2014 жылғы қарашада тіркелді.

Банк жүйесінің таза ішкі активтерінің өсуі 2014 жылы ақша массасы өсуінің негізгі себебі болды. Банк жүйесінің таза сыртқы активтері құрылымында 2014 жылы банктердің таза сыртқы активтері өсті, оның өсуі негізінен, банктердің резидент еместерге қойылатын талаптарының ұлғаюына байланысты болды.

Ақша массасының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақша 2014 жылы 1 122,3 млрд. теңгеге дейін 25,8%-ға төмендеді, резиденттердің депозиттері 11 694,0 млрд. теңгеге дейін 15,9%-ға ұлғайды. Осылайша, айналыстағы қолма-қол ақшаның қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі қарқыны тіркелді. Нәтижесінде, резиденттер депозиттерінің ақша массасының құрылымындағы үлесі 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 91,2%-ға дейін өсті. Қолма-қол ақшаға қажеттіліктің қысқару себебі елдегі девальвациялық күтулердің сақталуы болды, оның нәтижесінде халықтың қаралып отырған кезеңде шетел валютасын нетто-сатып алуының айтарлықтай ұлғаюы болды.

Экономиканы монеталандыру деңгейі 2014 жылы тіркелген номиналдық ІЖӨ-нің⁵ өсу қарқынымен (7,8%) салыстырғанда ақша массасының басым өсуі (10,5%) салдарынан 2013 жылдың соңындағы 32,9%-дан 2014 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша 33,7%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы ақша массасының қысқаруы аясында ақша базасының кеңеюінің басым қарқыны нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 4,1-ден 2014 жылғы желтоқсандағы 3,75-ке дейін азайды.

2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару

Алтынвалюта резервтері көрсеткіштерінің серпіні

Ұлттық Банктің жалпы алтынвалюта резервтерінің жалпы көлемі, қорытынды айналымдарды есептемегенде, 2014 жылдың аяғында 28,9 млрд. АҚШ доллары болды, бұл 2013 жылдың аяғындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,2 млрд. АҚШ долларынан аз. Жалпы алтынвалюта резервтері көлемінің өзгеруіне еркін айырбасталатын валютадағы активтердің 2,4 млрд. АҚШ долларына және бағалы металдардағы активтердің 1,8 млрд. АҚШ долларына ұлғаюы әсер етті.

Резервтердің валюталық бөлігінің 2014 жылы өзгеруіне Ұлттық Банктің «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та және банкаралық нарықта валютаны нетто-сатуы, Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығындағы қолма-қол шетел валютасының жалпы көлемінің ұлғаюы, ішкі және сыртқы нарықтарда алтынды нетто-сатып алу, валюталық-пайыздық своп операцияларын жүргізу, Қаржы министрлігі еврооблигацияларының шығарылымы бойынша мәмілелерден қаражаттың түсуі және

⁵ Алдын ала деректер бойынша

Ұлттық кордың қаражатын конвертациялау және реконвертациялау операциялары себепші болды.

Сонымен бірге, алтынның әлемдік бағасы бір жылда 2014 жылғы 1 қаңтардағы бір трой унция үшін 1 204,5 АҚШ долларынан 2015 жылғы 1 қаңтардағы бір трой унциясы үшін 1 206,0 АҚШ долларына дейін немесе LBMA кешкі фиксингінің деректері бойынша 0,12%-ға төмендеді.

Осылайша, Ұлттық Банк жүргізген операциялардың қорытындылары бойынша таза алтынвалюта резервтері, қорытынды айналымдарды есептемегенде, 2013 жылдың соңымен салыстырғанда 3,8 млрд. АҚШ долларына азайып, 28,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару

Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы № 105 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегиясында белгіленген талаптарды сақтауға бақылау күн сайын жүзеге асырылды.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің кірістілігін есептеу күн сайын жүзеге асырылды.

2014 жылы Ұлттық Банктің Инвестициялық комитетінің ұсынымдарын орындау үшін стратегиялық портфельдегі активтердің үлесі Алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияға сәйкес нысаналы бөлуге келтірілді.

Ұлттық Банк Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 198 және 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 227 қаулыларымен Алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияға өзгерістер енгізілді. Негізгі өзгерістерге өтімділік портфелінің өлшемдерін өзгерту, құрылымдық өнімдерге қойылатын талаптары арттыру, стратегиялық портфель үшін ең төменгі кредиттік рейтингті арттыру, корпоративтік бағалы қағаздар үшін инвестициялық портфельдегі ең жоғары ауытқуларды өзгерту кірді.

2014 жылы алтын нетто-сатып алу көлемі 1 543 мың трой унциясын құрады, оның ішінде ішкі нарықта мемлекеттің басым құқығын іске асыру шеңберінде 827 мың трой унция сатып алынды.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару нәтижелері. Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелі

Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің нарықтық құны 2014 жылдың басында 8,6 млрд. АҚШ долларын, ал 2014 жылдың соңында 4,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

2014 жылы валюта қоржынында көрсетілген алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің кірістілігі 1,207% болды. Эталондық портфельдің кірістілігі 0,957% болған кезде үстеме кірістілік 25 базистік тармақты құрады.

2014 жылы АҚШ долларымен көрсетілген алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің кірістілігі (-)5,638%-ды құрады. Эталондық портфельдің кірістілігі (-)5,871% болған кезде үстеме кірістілік 23 базистік тармақ болды.

2014 жылдың соңында инвестициялық портфельдің активтерін құралдар бойынша бөлудің мынадай құрылымы болды: мемлекеттік бағалы қағаздар – 82,7%, агенттік бағалы қағаздар – 11,4%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 1,1%, корпоративтік бағалы қағаздар – 4,7%, ақша және оның баламалары – 0,2%. Инвестициялық портфельдің активтерін қисық кірістілікке бөлудің мынадай құрылымы болды: 1 жылдан аз – 29,7%, 1-2 жылғы – 38,0%, 2-3 жылғы – 30,8%, 3 жылдан көп – 1,5%.

Алтынвалюта активтерінің стратегиялық портфелі

Алтынвалюта активтерінің стратегиялық портфелінің нарықтық құны жылдың басында 3,6 млрд. АҚШ долларын, ал 2014 жылдың соңында 3,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

2014 жылы стратегиялық портфельде акциялар бойынша активтік позиция активтердің үлесін алтынвалюта активтерін басқару бойынша инвестициялық стратегияға

сәйкес нысаналы бөлуге келтіру арқылы жабылды. Бұл ретте, стратегиялық портфельдің кірістілігі 2014 жылы 3,95% болды.

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелінің нарықтық құны 2014 жылдың басында 4,1 млрд. АҚШ долларын, 2014 жылдың соңында 12,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Портфельдің кірістілігі 2014 жылы 3,72%-ды құрады.

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі ақша-кредит саясатын жүргізуге арналған және сондай-ақ барлық ағындар мен түрлі төлемдер осы портфель арқылы жүзеге асырылады. Өтімділік портфелі алтынвалюта активтері портфельдерінің кірістілігін бағалауға енгізілмейді әрі эталондық портфелі жоқ.

Балама құралдардың портфелі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-тың басқаруындағы алтынвалюта активтерінің балама құралдары портфелінің нарықтық құны 2014 жылдың басында 2,0 млрд. АҚШ долларын, 2014 жылдың соңында 0,8 млрд. АҚШ долларын құрады. 2014 жылы алтынвалюта активтерінің өтімділігін арттыру мақсатында алтынвалюта активтерінің осы портфелінен өтімділік бөлігіне көлемі шамамен 1,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын актив аударылды.

Дамушы нарықтардың портфелі

Алтынвалюта активтерінің дамушы нарықтары портфелінің нарықтық құны 2014 жылдың басында 303,1 млн. Қытай юанін құрады, бұл 50,1 млн. АҚШ долларына тең, 2014 жылдың соңында 314,4 млн. Қытай юанін құрады, бұл 50,7 млн. АҚШ долларына тең. Портфельдің кірістілігі 2014 жылы өз валютасымен 3,74%-ды құрады.

Алтын портфелі

Нарықтық бағалауға сәйкес алтынвалюта активтерінің алтын портфелінің көлемі 2014 жылдың басында 5,6 млрд. АҚШ долларын, 2014 жылдың соңында 7,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Депозиттерге орналастырылған алтын портфелінің трой унциясымен көрсетілген кірістілігі 2014 жылдың басынан 0,16%-ды құрады, ал осы портфельдің кірістілігі АҚШ долларымен 0,28%-ды құрады.

2.3. Валюталық реттеу және бақылау

2014 жылы Ұлттық Банктің валюталық реттеу және бақылау саласындағы қызметі мынадай басым бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық Банктің валюталық реттеу саласындағы рұқсатын (лицензиясын) алу қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қызметін (валюта айырбастау пункттерінің қызметі) жүзеге асыру үшін ғана қажет.

Мемлекеттің рұқсат беру жүйесін «бір қызмет түрі – бір рұқсат беру құжаты» қағидаты бойынша жетілдіру бойынша жұмысты жүргізуіне және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының қабылдануына байланысты қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттеу тәртібін қайта қарау жүзеге асырылды, осыған байланысты тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, қабылданды.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк қолма-қол шетел валютасын айырбастаудың ұйымдасқан нарығындағы қызметті бақылау мен қадағалауды күшейту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырды.

Ұлттық Банк Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жобасын дайындауға белсене қатысты, оның валюталық реттеу және валюталық бақылау саласына қатысты

баптары Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы валюталық режим негізінде пысықталды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодексін әзірлеу шеңберінде валюталық заңнаманың бұзылғаны үшін жауапкершілік нақтыланды.

Ырықтандырылған валюталық режим жағдайында валюталық операциялар мен капитал ағыны бойынша дәйекті ақпараттық базаны құру, сондай-ақ экономикалық саясат бойынша шешімдер қабылдау үшін база ретінде валюталық операцияларға талдамалық мониторинг жүргізу валюталық реттеудің басым міндеті болып табылады.

Капитал қозғалысымен (қаржы қарыздары, тікелей инвестициялар, коммерциялық кредиттер, шетелдік банктердегі шоттар) байланысты операциялар бойынша статистикалық ақпаратты жинау мақсатында Қазақстанда тіркеу және хабарлау режимі жұмыс істейді. Көрсетілген режимдер шеңберінде алынатын ақпарат төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция мен жалпы сыртқы борыш бойынша статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Тіркеу және хабарлау режимдері Қазақстан Республикасына баламасы 500 мың. АҚШ долларынан асатын сомадағы капиталдың (мүліктің, ақша қаражатының) келіп түсуін немесе Қазақстан Республикасынан баламасы 100 мың. АҚШ долларынан асатын сомадағы капиталды (ақша қаражатын, мүлікті беру) аударуды көздейтін капитал қозғалысының ірі операцияларын есепке алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында ішкі валюта нарығында валютаға деген ұсынысты қамтамасыз ету мақсатында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортынан валюта түсімін репатриациялау және резидент еместің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импорты үшін пайдаланылмаған авансты уәкілетті банктердегі⁶ банк шоттарына қайтару талаптары көзделген. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес репатриация жүзеге асырылатын мерзім сыртқы сауда келісімшартының талаптарымен ғана айқындалады. Репатриация талаптарын орындауға бақылау жасау сыртқы сауда мәмілесіне қатысушы резидентке қызмет көрсететін коммерциялық банкте сыртқы сауда келісімшартын есептік тіркеу жолымен баламасы 50 мың АҚШ долларынан асатын сомадағы сыртқы сауда мәмілелері бойынша жүзеге асырылады.

Айырбастау пункттерінің қызметін реттеу

2014 жылғы ақпанда теңгенің айырбастау бағамына түзету жүргізілгеннен кейін Ұлттық Банктің іс-қимылы қолма-қол шетел валютасы нарығындағы ахуалдың мониторингін жүзеге асыруға және халық арасындағы алып-сатарлықтың және даурықпалы көңіл-күйдің алдын алу жөніндегі уақтылы барабар шаралар қабылдауға, сондай-ақ айырбастау пункттерінің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын сақтауына тиісті бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталды.

Атап айтқанда, 2014 жылғы 11 ақпанда Ұлттық Банк Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» № 18 қаулысы қабылданды, оған сәйкес 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері АҚШ доллары үшін 2 теңге және еуро үшін 3 теңге мөлшерінде белгіленді.

Қолма-қол шетел валютасының айырбастау бағамының жедел мониторингінің, сондай-ақ қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сатуды талдау нәтижелері бойынша талдамалық материалдар дайындалды, сондай-ақ валюталық заңнаманы бұзу анықталған жағдайда уәкілетті банктерді және уәкілетті ұйымдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қабылданды.

⁶ Уәкілетті банктер – уәкілетті ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында құрылған, валюталық операцияларды жүргізетін, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізетін банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

2014 жылғы 16 шілдеде рұқсаттар беру үшін тәуекелге бағдарланған тәсіл көзделген «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 144 қаулысы қабылданды. Осы Қағидаларда субъектісіне қарай айырбастау пункттерінің қызметін реттеудің әртүрі көзделген: уәкілетті ұйымдар үшін – рұқсат беру тәртібі (айырбастау пункттері үшін қосымшаларымен бірге лицензия алу қажет), ал уәкілетті банктер үшін – айырбастау пункттерін ашу үшін хабарлау тәртібі.

Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті лицензиялау шеңберінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары 2014 жылы уәкілетті ұйымдарға 33 лицензия берді, олар 80 лицензияны ерікті түрде қайтарды.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 3 030 айырбастау пункті тіркелді, оның ішінде 2 101 уәкілетті банктердің айырбастау пункті («Қазпочта» АҚ-тың 47 айырбастау пунктін қоса алғанда) және уәкілетті ұйымдардың 929 айырбастау пункті бар.

2014 жылдың басымен салыстырғанда тіркелген айырбастау пункттерінің саны 63-ке, уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінің саны 60-қа, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің саны 3-ке азайды.

2014 жылы Ұлттық Банк 337 айырбастау пунктін тіркеу куәлігін берді, оның ішінде уәкілетті банктерге – 212 және уәкілетті ұйымдарға – 125. Ерікті түрде 392, оның ішінде уәкілетті банктер – 268, уәкілетті ұйымдар – 124 тіркеу куәлігін қайтарды.

Уәкілетті ұйымдарға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың, оның ішінде осындай ұйымдардың жұмыс істейтін айырбастау пункттерінің саны және орналасқан жері туралы мәліметтері бар тізілімі ай сайын қалыптастырылып, Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың әкімшілік есептілігі шеңберінде алынған деректер негізінде жалпы республика бойынша және өңірлер бойынша айырбастау пункттерінің қызметіне талдау жасалуда. Сонымен қатар 2014 жылы уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың қызметіне жоспарлы, жоспардан тыс және құжаттамалық тексерулер жүзеге асырылды.

2014 жылы Ұлттық Банк Көлік және коммуникация министрлігімен және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-пен бірлесіп «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі шеңберінде «Уәкілетті ұйымдарға шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметін көрсетудің пысықталған электрондық процесін іске асыру бойынша жұмыс жүргізді. Сондай-ақ уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінің ашылғаны туралы хабарлау процесін іске асыру бойынша жұмыс жүргізілді. Жүргізілген жұмыс қорытындысында осы ақпараттық жүйе шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызмет бөлігінде тұрақты пайдалануға енгізілді.

Валюталық реттеу режимдері

Капиталдың қозғалысына байланысты ірі валюталық операцияларды тіркеу шеңберінде 2014 жылы Ұлттық Банк 1 788 тіркеу куәлігін берді, оның ішінде мынадай операциялар бойынша:

- резиденттердің резидент еместерді кредиттеуі – 320;
- резидент еместердің резиденттерді кредиттеуі – 1 055;
- резидент еместердің Қазақстанға тікелей инвестициялары – 283;
- резиденттердің шетелге тікелей инвестициялары – 84;
- капитал қозғалысының басқа да операциялары – 46.

Капитал қозғалысына байланысты валюталық операциялар туралы хабарлау шеңберінде Ұлттық Банк 2014 жылы 384 хабарлау туралы куәлік берді, оның ішінде:

- резидент еместердің банктерді кредиттеуі – 55;
- резидент еместердің Қазақстанға тікелей және портфельдік инвестициялары – 22;
- резиденттердің шетелге тікелей және портфельдік инвестициялары – 36;
- туынды қаржы құралдарымен операциялар – 8;
- капитал қозғалысының басқа операциялары – 29;
- резиденттердің шетелде шоттар ашуы – 234.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау – бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті банктер және басқа да мемлекеттік органдар резиденттердің шетел және ұлттық валютаны репатриациялау талабын орындауын қамтамасыз ету мақсатында өз құзыреттері шеңберінде жүзеге асыратын шаралар кешені. Экспорттық-импорттық валюталық бақылау тетігін іске асыру банктер мен кеден органдары экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың автоматтандырылған схемасы шеңберінде ұсынатын келісімшарт бойынша ақша мен тауар қозғалысы туралы ақпаратты салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың мақсаттары үшін уәкілетті банктер сомасы 50 мың АҚШ долларынан асатын экспорттық және импорттық келісімшарттардың есептік тіркеуін жүзеге асырады.

2014 жылы Ұлттық Банк уәкілетті банктермен автоматтандырылған жүйе шеңберінде есептік нөмірлері бар келісімшарттар бойынша, сондай-ақ валюталық заңнама нормаларының бұзылуы бойынша электрондық хабар алмасуды жалғастырды.

Уәкілетті банктерден Ұлттық Банкке валюталық заңнаманың бұзылуы мәні бойынша қарау үшін 763 электрондық хабарлама келіп түсті.

Сонымен бірге, 2014 жыл ішінде Ұлттық Банк Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру мен резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларына сәйкес Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер комитетінің жаңа автоматтандырылған жүйеге өтуіне байланысты хабарлама алмасу форматтарын келісу бойынша жұмыс жалғастырылды.

2014 жылы Мемлекеттік кірістер комитетімен және банктермен бірлескен есептік нөмірлері бар келісімшарттар бойынша тауар қозғалысы туралы ақпарат алмасудың пысықталған процесіне тестілеу жүргізілді. Нәтижесі бойынша есептік нөмірлері бойынша жаңа форматта ресімделген келісімшарттар бойынша деректер жинағы Комитетке жіберілді, сондай-ақ Комитет жіберген тарихи деректерді талдау және жүктеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Валюталық заңнаманы бұзушылықтар саласындағы әкімшілік іс жүргізу

2014 жылы валюталық заңнама саласында әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау бойынша жұмыс жалғастырылды, жыл ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 846 іс қозғалды:

1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 750 іс бойынша жаза қолданылды, олардың үлкен бөлігі ескерту түрінде – 512, бұл ретте әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 238 іс бойынша Ұлттық Банк (138 іс) пен соттар (100 іс) салған айыппұл сомасы 240 млн. теңгеге жуық болды;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 68 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды;

3) 2 іс бойынша әкімшілік жауапкершіліктен босатылды;

4) 26 іс қаралу үстінде (2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша).

Валюталық заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдарға қатысты 50 ықпал ету шаралары қолданылды.

Оған қоса, бір уәкілетті ұйым шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензиядан айырылды.

Сонымен бірге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа Кодекстің жобасын (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді) әзірлеу шеңберінде 2014 жылы валюталық заңнама саласындағы бұзушылықтар үшін баптардың құрамын пысықтау, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жалпы ережелері бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Валюталық бақылау мәселелері бойынша инспекциялау

2014 жылы Ұлттық Банк валюталық заңнаманы сақтау мәселелері бойынша 796, оның ішінде 337 жоспарлы (олардың ішінде уәкілетті ұйымдарға/ олардың филиалдарына – 242, уәкілетті банктерге/ олардың филиалдарына – 95) және 459 жоспардан тыс (олардың ішінде уәкілетті ұйымдарға – 142, уәкілетті банктерге/ олардың филиалдарына – 317) тексеру жүргізді.

2014 жылы тексеру барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 34 ескертуден басқа, 34 млн. теңгеден астам сомаға айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылды.

III. ЭМИССИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫ


3.1. Ұлттық Банктің эмиссиялық операциялары

2014 жыл өткен жылмен салыстырғанда экономика субъектілерінің қолма-қол ақшаға сұранысының қысқаруымен сипатталды.

2014 жылы Ұлттық Банктің резервтік қорынан айналысқа 2 970,8 млрд. теңге сомасында қолма-қол ақша шығарылды, бұл 2013 жылы айналысқа шығарылған қолма-қол ақшадан (2 739,3 млрд. теңге) 231,5 млрд. теңгеге (8,4%) көп. Сол кезеңдегі қолма-қол ақшаны айналыстан алу көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен (2 713,0 млрд. теңге) салыстырғанда 638,5 млрд. теңгеге (23,5%) өсіп, 3 351,5 млрд. теңгені құрады. Осылайша, эмиссиялық нәтиже (-)380,7 млрд. теңге мөлшерінде теріс болып қалыптасты, бұл 2013 жылға (+26,3 млрд. теңге) қарағанда 407,0 млрд. теңгеге аз.

3.1.1-сурет

2013-2014 жылдардағы эмиссиялық нәтиженің өзгеру серпіні



2014 жылы эмиссиялық нәтиже 2014 жылғы қаңтардағы алу сомасының айтарлықтай өсуі және наурызда, маусымда, тамызда және IV тоқсанда қолма-қол ақшаны айналысқа шығарудың қысқаруы нәтижесінде 2013 жылғы осындай көрсеткіштен төмен болып қалыптасты.

Зерттелетін кезеңді мынадай бөліктерге бөлуге болады: бірінші бөлік, оған ұлттық

валютаның айырбастау бағамын түзету және банктердің кассаларынан қолма-қол ақша берудің өсуіне әкелген бірқатар банктерге қарсы бағытталған «СМС – шабуыл» әсер етті; екінші бөлік, қолма-қол ақшаны айналыстан алудың айтарлықтай өсуіне әкелген бұрын берілген қолма-қол ақшаның шығасыларын қайтаруға байланысты; үшінші бөлік, онда эмиссия көлемінің біртіндеп өсуі байқалады; және төртінші, 2014 жылғы тамыз-желтоқсанда эмиссиялық нәтиженің төмендеуіне және эмиссияның теріс мәнінің нығаюына әкелген энергия тасымалдауыштары бағасының төмендеуі және Ресей рублі бағамының құлдырауы әсерінен халықтың девальвациялық күтулерінен болған.

2014 жылы айналысқа шығарылған банкноттардың 8,7%-ын эмиссиялық ораудағы банкноттар құрайды (3.1.1-кесте). Осы кезеңде айналыстан алынған банкноттар құрылымында тозғаны 7,2% болды. Алынған банкноттар арасында (жарамды және тозған) ең көп қайтару коэффициенті 2012 жылғы үлгідегі 10 000 теңге банкноты бойынша белгіленді.

3.1-кесте

Ұлттық Банктің резервтік қорларынан банкноттарды айналымға шығару және оларды айналымнан алу

(млн. теңге)

Банкноттардың номиналдары	Жарамды банкноттардың шығарылымы	Эмиссиялық банкноттардың шығарылымы	Шығарылымның жиынтығы	Жарамды банкноттарды алу	Тозған банкноттарды алу	Алу жиынтығы
200	15 027,6	8 307,6	23 335,2	16 467,4	6 809,2	23 276,6
500	46 791,5	7 525,5	54 317,0	40 942,0	18 148,0	59 090,0
1 000	181 492,0	32 351,0	213 843,0	206 332,0	29 306,2	235 638,2
1 000 (Күлтегін)	7 134,0	8 091,0	15 225,0	7 122,0	16,0	7 138,0
1 000 (2014 ж. үлгідегі)	8,0	430,0	438,0	18,0	0,0	18,0
2 000	211 858,0	0,0	211 858,0	178 452,0	16 896,0	195 348,0
2 000 (2012 ж. үлгідегі)	201 451,6	37 268,0	238 719,6	267 225,6	24 596,0	291 821,6
5 000	251 635,5	0,0	251 635,5	216 445,5	44 279,4	260 724,9
5 000 (2011ж. үлгідегі)	589 271,0	110 850,0	700 121,0	784 751,0	15 170,0	799 921,0
10 000	556 756,1	0,0	556 756,1	459 445,0	67 820,0	527 265,0
10 000 (2012 ж. үлгідегі)	643 631,0	53 710,0	697 341,0	929 802,0	16 690,0	946 492,0
Жиынтығы	2 705 056,2	258 533,1	2 963 589,3	3 107 002,5	239 730,8	3 346 733,3

2014 жылы ұлттық валютаның банкноттары 823,0 млрд. теңге сомаға дайындалды, оның ішінде: банкноттар, номиналы 1 000 теңге – 48,0 млрд. теңге; 5 000 теңге – 375,0 млрд. теңге; 10 000 теңге – 400,0 млрд. теңге.

3.2. Қолма-қол ақша айналымы

Банктердің кассаларына түскен қолма-қол ақша түсімдерінің көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға (748,7 млрд. теңгеге) қысқарып, 22 480,3 млрд. теңгені құрады, сонымен қатар қолма-қол ақша беру көлемі 5,2%-ға (1 237,0 млрд. теңгеге) қысқарды және 22 399,2 млрд. теңге болды. Нәтижесінде бірінші рет соңғы 14 жылда банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша айналымының көрсеткіштері, банктердің кассасынан берілетін сомалардың келіп түсетін қолма-қол ақшаның көлемінен асып түсуін көрсетіп отыр.

3.2.1-кестеде көрсетілгендей, тұтастай алғанда кассалық айналымдардың кіріс және шығыс бөліктерінің төмендеуіне қарамастан, шетел валютасын сатудан түсімдер – 47,9%-ға (1 308,1 млрд. теңгеге), сондай-ақ қарыздарды өтеу – 26,9%-ға (106,0 млрд. теңгеге)

айтарлықтай өсті. Кассалық айналымдардың шығыс бөлігінде ең көп өсу қарқыны шетел валютасын сатып алуға берулер бойынша – 38,3%-ға (274,1 млрд. теңгеге) қалыптасты. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан берудің өсуі (17,6% немесе 711,8 млрд. теңге) жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттарға түсулердің өсуінен асып кетті (11,0% немесе 445,4 млрд. теңге).

3.2.1-кесте

Банктердегі қолма-қол ақша қозғалысы

Банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша ағындары	2014 жыл үшін (млн. теңге)	2013 жыл үшін (млн. теңге)	Кезеңдегі өзгеріс	
			млн. теңге	%-бен
Банктердің кассаларына түскен кірістер	22 480 300,4	23 229 015,7	-748 715,3	-3,2
тауарларды, қызмет көрсетулерді және жұмыстарды сатудан	4 768 183,8	4 436 495,2	331 688,6	7,5
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттарға	4 482 180,1	4 036 782,8	445 397,3	11,0
шетел валютасын сатудан	4 038 467,1	2 730 330,6	1 308 136,5	47,9
жеке тұлғалардан біржолғы аударымдар бойынша	221 880,0	235 187,8	-13 307,8	-5,7
қарыздарды өтеу	500 518,9	394 477,7	106 041,2	26,9
басқа да түсімдер	8 469 070,5	11 395 741,6	-2 926 671,1	-25,7
Банктердің кассаларынан берулер	22 399 190,0	23 636 174,4	-1 236 984,4	-5,2
тауарларға, қызмет көрсетулерге және жұмыстарға ақы төлеуге	1 602 629,5	1 535 343,2	67 286,3	4,4
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан	4 764 648,4	4 052 880,3	711 768,1	17,6
шетел валютасын сатып алуға	990 282,8	716 205,9	274 076,9	38,3
біржолғы аударымға	77 553,2	82 751,4	-5 198,2	-6,3
еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы төлеуге	917 877,9	878 726,6	39 151,3	4,5
банкоматтарды толықтыруға	7 835 943,2	7 009 793,2	826 150,0	11,8
жеке және заңды тұлғаларға қарыз беруге	363 392,1	323 403,2	39 988,9	12,4
басқа да берулер	5 846 862,9	9 037 070,6	-3 190 207,7	-35,3

Банктердің кассаларына қолма-қол ақшаны қайтару коэффициенті 2013 жылғы деңгейден жоғары болып қалыптасты және 100,4% болды.


IV. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

Ұлттық Банк 2014 жылы Қазақстанның төлем жүйелерінің тиімді және үздіксіз жұмысын қолдау және төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру саласында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жұмысын жалғастырды.

БААЖ және Банкаралық клиринг жүйесі арқылы 2014 жылы 202,6 трлн. теңге сомаға 34,7 млн. транзакция өткізілді (4.1-сурет). 2013 жылмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 1,6%-ға (555,1 мың транзакцияға) азайды, төлемдер сомасы 14,1%-ға (25,0 трлн. теңгеге) ұлғайды. Орташа алғанда бір күнде көрсетілген төлем жүйелері арқылы 2014 жылы 826,9 млрд. теңге сомаға 141,5 мың транзакция өткізілді.

4.1-сурет


**БААЖ және Банкаралық клиринг жүйесіндегі 2009 жылдан бастап
2014 жылға дейінгі төлем ағындарының серпіні**



Банкаралық төлем жүйелерінің тиімді дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі төлем жүйелерінің үздіксіз жұмысының коэффициенті (жұмыс қабілеттілігі) болып табылады. Жалпы қабылданған нормаларға сүйенсек, 99%-дан асатын көрсеткіш елде жұмыс істеп тұрған жүйелердің жоғарғы тиімділігін сипаттайды. 2014 жылы орташа алғанда БААЖ-дың жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті 99,949%-ды құрады, Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті 99,997% болды (4.2-сурет).

4.2 -сурет

**2014 жылдағы БААЖ және Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу
қабілеттілігі коэффициентінің өзгеру серпіні**



Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы халықтың қазіргі заманғы құралдарды пайдалануының өспелі белсенділігін көрсетеді.

Төлемдік және қаржылық қызмет көрсетулер нарығы интернет пен желі коммуникацияларының дамуына байланысты шақыруларға ұшырайды, олар сала ойыншыларының жай-күйін айқындайды және оны өзгерту үшін мынадай мүмкіндіктер ұсынады: инновациялық ұйымдар мен тәсілдердің пайда болуы, технологиялық компаниялардың белсенділігі, ұялы-бағдарланған экожүйелердің дамуы және дәстүрлі және балама қызмет жеткізушілердің синергиясы.

Жаңа қаржы өнімдері мен қызметтерді дамытуда негізгі болып табылатын төлемдік инфрақұрылым экономика субъектілерінің ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жетілдіру мен жаңғыртуды қажет етеді. Осыған байланысты, 2014 жылы Ұлттық Банк сыртқы консультанттармен бірлесіп ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуын ескере отырып, Қазақстанның қаржы секторының даму бағдарламасын әзірлеу бойынша ауқымды жұмысты бастады. Саланы ырықтандыру және қолжетімді, сенімді және баламалық ағымдағы төлем құралдарын дамытуға мүмкіндіктер

жасау мақсатында заңнамалық және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру жұмысы жүргізілетін болады.

Саланың тәуекелдерін барынша азайту мақсатында және халықаралық төлем жүйелеріне байланысты карточкалық операциялар бойынша ел ішіндегі инфрақұрылымды жасау жоспарланады.

4.1. Банкаралық ақша аудару жүйесі

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БААЖ-да 50 пайдаланушы тіркелді. 2014 жылы БААЖ арқылы 197,2 трлн. теңге сомасына 14,0 млн. транзакция жүргізілді. 2013 жылмен салыстырғанда төлемдердің саны 0,8%-ға (108,8 мың транзакцияға) өсті.

БААЖ-да бір төлем құжатының орташа сомасы 2014 жылы 14,1 млн. теңге болды және 2013 жылмен салыстырғанда 13,2%-ға (1,7 млн. теңгеге) ұлғайды. 2014 жылы орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 804,9 млрд. теңге сомасына 57,1 мың транзакция өткізіліп отырды, бұл 2013 жылмен салыстырғанда саны бойынша 1,2%-ға (0,7 мың транзакцияға) және сомасы бойынша 14,6%-ға (102,6 млрд. теңгеге) жоғары.

Жүйе арқылы негізінде Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен операциялары бойынша (БААЖ-дағы төлемдердің жалпы көлемінің 38,4%-ы), шетел валютасымен және бағалы металдармен (17,2%) операциялар бойынша, сондай-ақ банкаралық депозиттермен және банктер мен олардың клиенттерінің меншікті қаражатының аударымдары (16,7%) бойынша төлемдер жүргізілді. 2014 жылы тауарлар мен қызметтер үшін төлемдердің көлемі жүйеде өңделген жалпы төлемдер көлемінің 12,4%-ын құрады.

4.2. Банкаралық клиринг жүйесі

Банкаралық клиринг жүйесіне қатысушылардың саны 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 39 болды. 2014 жылы жүйе арқылы 5 388,8 млрд. теңге сомаға 20,7 млн. электрондық төлем хабарламасы өңделді. 2013 жылмен салыстырғанда клиринг жүйесінде төлем хабарламаларының саны 3,1%-ға (663,9 мың құжатқа) азайды, төлемдер сомасы 11,9%-ға (573,9 млрд. теңгеге) өсті.

2014 жылы Банкаралық клиринг жүйесінде бір төлем хабарламасының орташа сомасы 2013 жылмен салыстырғанда 15,5%-ға (35,0 мың теңгеге) ұлғайып, 260,5 мың теңге болды. 2014 жылы орташа алғанда бір күнде клиринг жүйесі арқылы 22,0 млрд. теңге сомаға 84,4 мың құжат өтіп отырды, бұл 2013 жылмен салыстырғанда, төлемдердің саны бойынша 2,7%-ға (2,4 мың транзакцияға) аз және төлемдер сомасы бойынша – 12,4%-ға (2,4 млрд. теңгеге) жоғары.

Клиринг жүйесіндегі төлемдердің негізгі көлемі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауарлар мен материалдық емес активтер (жүйедегі төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі 30,8% болды), көрсетілген қызметтер (үлесі – 26,7%) үшін есеп айырысулары бойынша төлемдеріне тиесілі, бұл ретте бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер төлемдердің жалпы көлемінен 19,6% болды.

4.3. Төлем құралдары

2014 жылы банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және «Қазпошта» АҚ төлем құралдарын⁷ пайдалана отырып 132 322,2 млрд. теңге сомаға 379,4 млн. транзакция өткізді.

⁷ Банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың және «Қазпошта» АҚ-тың Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының аумағындағы ақша аударымы жүйесі шегінде Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотты қоспағанда, БААЖ, Банкаралық клиринг жүйесі арқылы жүргізілген клиенттердің төлемдері және меншік операциялары бойынша төлемдер бойынша төлем құжаттары, Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттар, ностро және лоро корреспонденттік шоттары есепке алынады.

Төлем құралдарының ішінде Қазақстанның аумағында барынша таратылғаны төлем тапсырмалары (төлем құралдарын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санының 36,0%-ы және жалпы сомасынан 93,9%-ы) және төлем карточкалары (тиісінше 63,4% және 5,8%) болып табылады. Бұл ретте бір төлем тапсырмасының орташа сомасы 2014 жыл үшін 910,5 мың теңге болды. Төлем карточкаларының саны бойынша жоғары және төлемдердің көлемі бойынша төмен үлес салмағы осы төлем құралын, негізінен қолма қол ақшаның аз сомаларын алу үшін пайдаланумен сипатталады (2014 жылы бір транзакцияның орташа сомасы – 32,1 мың теңге болды). Ең аз үлес инкассолық өкімдерге (төлемдердің саны бойынша 0,03% және көлемі бойынша 0,08%) тиесілі.

Электрондық банктік қызметтер

Банктердің электрондық терминалдары және қашықтан кіру жүйелері арқылы қолма-қол ақшасыз, сондай-ақ қолма-қол ақшаны пайдалана отырып 2014 жылы 8 866,4 млрд. теңге сомаға 341,7 млн. транзакция жүргізілді, өткен жылмен салыстырғанда өсу операциялар саны бойынша 37,8% және сомасы бойынша 21,4% болды. Оның ішінде қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдары 2013 жылмен салыстырғанда төлемдердің саны бойынша 23,2%-ға және сомасы бойынша 13,8%-ға ұлғайып, 1 432,6 млрд. теңге сомаға 79,2 млн. транзакция болды. Бұл ретте интернет пен ұялы телефондар арқылы жүргізілген операциялар көлемінің одан әрі өсуі байқалады. Мәселен, 2014 жылы интернет-төлемдер 2013 жылмен салыстырғанда төлемдердің саны бойынша 42,0%-ға және төлемдердің сомасы бойынша 8,1%-ға ұлғайып, 287,0 млрд. теңге сомаға 20,7 млн. транзакция болды. Ұялы телефондар арқылы төлемдер 2014 жылы 2,1 млрд. теңге сомаға 0,7 млн. транзакция болды, өсу өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда төлемдердің саны бойынша 15,4% және сомасы бойынша 62,6% болды.

Төлем карточкалары


Қазақстанның төлем карточкалары нарығында даму үрдісі сақталды, бұл карточкалардың эмитеттері мен эквайерлері санының, транзакциялар көлемінің өсуімен, сондай-ақ сауда және қызмет көрсету ұйымдарында POS-терминалдар орнату есебінен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету желісі аясының кеңеюімен сипатталады.

Төлем карточкасын шығаруды 28 банк пен «Қазпошта» АҚ жүзеге асырады. Бұл ретте төлем карточкалары нарығында халыққа арналған VISA International, MasterCard Worldwide, American Express International және China Union Pay сияқты халықаралық төлем карточкалары ұсынылады. Жергілікті өнімдер ретінде Altyn Card (эмитенті «Қазақстан Халық Банкі» АҚ), SmartAlemCard карточкалары («БТА Банкі» АҚ) және «Ситибанк Қазақстан» АҚ-тың жергілікті карточкалары ұсынылады.

Эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 2015 жылғы 1 қаңтарда 17,3 млн. бірлік болды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 4,4%-ға жоғары (4.3.1-сурет). Бұл ретте осы карточкаларды ұстаушылардың саны былтырғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 5,5%-ға ұлғайып, 15,2 млн. адам⁸ болды. Бұрынғыдай, Visa International және MasterCard Worldwide халықаралық төлем жүйелерінің карточкалары елде ең танымал карточкалар болып табылады, олардың үлесі айналыстағы карточкалардың жалпы санының 93,7%-ын құрайды.

⁸ Әрбір банктің төлем карточкаларын ұстаушылар саны бойынша жинақталған деректер

4.3.1-сурет




Орташа алғанда бір айда айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санынан 40%-ы (6,7 млн. бірлік) пайдаланылды, бұл карточкалық өнімдерді Қазақстан халқының 38%-ы белсенді түрде пайдаланатындығын көрсетеді.

Қазақстанда 2015 жылғы 1 қаңтарда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 35 594 сауда кәсіпорны жұмыс істейді, бұл олардың 2014 жылғы 1 қаңтарда тіркелген санынан 55,4%-ға немесе 12 690 бірлікке артық. Бұл ретте осы кәсіпкерлер төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған жабдықты 47 254 сауда орнына орналастырды (40,2%-ға немесе 13 545 бірлікке өскен).

Төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мынадай көрініс алды: 9 206 банкомат (2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда өсуі – 2,7% немесе 241 бірлік), 62 752 POS-терминал (өсуі - 35,1% немесе 16 320 бірлік) және 168 импринтер (сол деңгейде) (4.3.2-сурет). Бұл ретте орташа алғанда республика бойынша 1 000 карточка ұстаушыға 4 терминал және 1 банкомат тиесілі.

4.3.2-сурет

2014 жылы кәсіпкерлердің және төлем карточкаларына арналған жабдық санының өзгеру серпіні



2014 жылы Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілген операциялар көлемі 7 734,7 млрд. теңге сомаға 240,7 млн. транзакция болды. 2013 жылмен салыстырғанда транзакциялар саны 11,9%-ға (25,6 млн. транзакцияға), ал сомасы – 18,3%-ға (1 197,4 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Бұл ретте қазақстандық эмитенттердің карточкасын пайдалана отырып, қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардың саны 2013 жылмен салыстырғанда саны бойынша 9,3%-ға және сомасы бойынша 20,1%-ға ұлғайып, 6 745,7 млрд. теңге сомасына 176,0 млн. транзакция болды.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін қолма-қол жасалмайтын төлемдер 2013 жылмен салыстырғанда саны бойынша 19,7%-ға және сомасы бойынша 7,3%-ға ұлғайып, 988,9 млрд. теңге сомасына 64,7 млн. транзакцияны құрады.

Бұл ретте 2014 жылы Қазақстанда банкоматтар арқылы қазақстандық және шетел эмитенттерінің төлем карточкасын пайдалана отырып, барлық қолма-қол жасалмайтын төлемдер саны бойынша 24,9%-ға және сомасы бойынша 21,5%-ға жүзеге асырылды, POS-терминалдар арқылы көрсетілген төлем саны бойынша 55,2%-ға және сомасы бойынша 68,9%-ға жүзеге асырылды.

V. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ


5.1. Валюта нарығы

2014 жыл ішінде теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыру әртүрлі бағыттағы факторлардың ықпалында болған, олар негізінен негізгі сауда серіктестері – елдегі жағдайлар және мұнайға әлемдік бағалары болды. Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2014 жылы бір АҚШ долларына 179,49 теңге болды. Жыл соңындағы биржалық бағамы бір АҚШ долларына 182,35 теңге болды. Бір жыл ішінде теңге АҚШ долларына қатысты номиналды көрінісінде 18,4%-ға әлсіреді.

2014 жылы еуроға қатысты теңгенің ресми бағамы 5,1%-ға әлсіреп, Ресей рубліне қатысты 32,4%-ға нығайды (5.1.1-сурет).

5.1.1-сурет

Теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне бағамының серпіні,
алдыңғы айға %-бен⁹



2014 жылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та доллар позициясындағы сауда-саттық көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 54,8%-ға ұлғайып, 89,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Операциялардың ең аз көлемі сәуірде, жоғары көлемі – желтоқсанда байқалды.

⁹ «+» теңгенің шетел валютасына қатысты нығайуы, «-» - теңгенің шетел валютасына қатысты әлсіреуі.

Биржадан тыс валюта нарығында сауда-саттық көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 45,0%-ға төмендеді және 12,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Операциялардың ең аз көлемі шілдеде, жоғары көлемі – 2014 жылғы қаңтарда байқалды.

Еуромен және Ресей рублімен жасалған операциялардың валюта нарығының биржалық және биржадан тыс сегменттері айналымындағы үлесі шамалы болды. Биржа нарығында Ресей рублімен жасалған операциялардың көлемі 11,6 млрд. Ресей рубліне дейін 2,7 есеге өсті, еуромен операциялар көлемі 82,6 млн. еуроға дейін 6,6 есеге өсті. Биржадан тыс валюта нарығында Ресей рублімен операциялар көлемі 9,4 млрд. Ресей рубліне дейін 3,2 есеге ұлғайды, еуромен операциялар көлемі 110,0 млн. еуроға дейін 3,7 есеге азайды.

Алдыңғы жылдардағыдай қолма-қол шетел валютасы нарығында АҚШ долларына басымдық берілді. 2014 жылы айырбастау пункттерінің АҚШ долларын нетто-сату көлемі 16,5%-ға ұлғайып, 14,2 млрд. АҚШ долл. болды. Ресей рублін нетто-сату көлемі 76,1 млрд. Ресей рубліне дейін 2,5 есеге жоғарылады. Еуро көлемі 1,3 млрд. еуроға дейін 38,0%-ға ұлғайды.


2014 жылдың соңында нақты тиімді айырбастау бағамы 2000 жылғы желтоқсандағы бәсекеге қабілеттіліктің базалық деңгейінен 18,7%-ға жоғары болды (5.1.2-сурет). Бұл ретте 2013 жылғы желтоқсандағы деңгейге қатысты теңгенің нығаюы 6,2% болды.

2014 жылы ТМД елдерінің валюталары қоржынына есептелген нақты тиімді айырбастау бағамы индексінің жоғарылауы 36,4% болды, ал басқа елдердің валюталарына қатысты теңге 2,2%-ға әлсіреді.

5.1.2-сурет

Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері

2000 жылғы желтоқсан = 100%



5.2. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылы орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 49,1%-ға ұлғайды да және баламасында 38,0 трлн. теңгені құрады.

Теңгеде орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 5,3 трлн. теңгені құрап, 63,7%-ға өсті (2014 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 14,0%-ы). Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы желтоқсанда 1,9%-дан 2014 жылғы желтоқсанда 16,0%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылы 58,0%-ға өсіп, 4,6 трлн. теңге болды.

2014 жылы доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 27,1%-ға ұлғайып, 175,8 млрд. АҚШ долларын (2014 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 82,8%-ы) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы желтоқсанда 0,07%-ды құраса, 2013 жылғы желтоқсанда 0,08% болды.

Еуромен және рубльмен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы – тиісінше орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,1%-ы және 2,1%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттер үлесі 2013 жылғы 87,3%-дан 2014 жылғы 86,0%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (депозиттердің жалпы көлемінің 85,4%) резидент емес банктерде орналастырылған.


5.3. Депозит нарығы

2014 жылы резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің өсу қарқыны 2013 жылғы 12,1%-бен салыстырғанда 15,9%-ға дейін жылдамдады, ал жинақтарының көлемі 11,7 трлн. теңгеге жетті. 2014 жылы ІЖӨ-ге қатынасы бойынша депозиттердің көлемі 28,6%-дан 30,7%-ға дейін өсті.

Депозиттік базаның өсуі жеке тұлғалардың да, заңды тұлғалардың да депозиттерінің өсуімен негізделген. 2014 жылы банктік емес заңды тұлғалардың депозиттері 7,3 трлн. теңгеге дейін 18,1%-ға, ал жеке тұлғалардың депозиттері – 4,4 трлн. теңгеге дейін 12,6%-ға ұлғайды.

Валюта түрлері бойынша депозиттердің құрылымы теңгемен салымдардың шамалы ұлғаюымен салыстырғанда шетел валютасындағы салымдардың неғұрлым жоғары өсу қарқынымен негізделген өзгерістерге ұшырады, бұл теңгедегі депозиттердің жалпы көлемдегі үлес салмағының 62,6%-дан 44,4%-ға дейін төмендеуіне әкеп соқтырды. Ұлттық валютадағы депозиттер 2014 жылы 5,2 трлн. теңгеге дейін 17,7%-ға, шетел валютасындағы салымдар 6,5 трлн. теңгеге дейін 72,2%-ға жоғарылады (5.3.1-сурет).

5.3.1-сурет




2014 жылы халықтың банктердегі салымы (резидент еместердің шоттарын қоса алғанда) 4,4 трлн. теңгеге дейін 12,5%-ға өсті. Халықтың теңгедегі салымы 1,4 трлн. теңгеге дейін 34,7%-ға қысқартылды, шетел валютасындағы депозит – 3,0 трлн. теңгеге дейін 72,4%-ға ұлғайды, бұл халық жинақтарының долларландыру деңгейінің ұлғаюына әкеп соқтырды. Нәтижесінде халықтың теңгедегі депозитінің үлес салмағы 56,0%-дан 32,5%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 8,8% (2013 жылғы желтоқсанда – 5,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,1% (2013 жылғы желтоқсанда – 8,1%) болды (5.3.2-сурет).

5.3.2-сурет

Теңгедегі мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні



5.4. Кредит нарығы


2014 жылы банктерді кредиттеу нәтижесінде банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 7,2%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қаңтарда 12,1 трлн. теңгені құрады. Кредиттердің ІЖӨ-ге қатынасының көрсеткіші 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы 32,0%-дан 31,8%-ға дейін төмендеді. Заңды тұлғаларға кредиттер 2014 жылдың соңында 8,1 трлн. теңгені құрап, 5,6%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға кредиттер 10,7%-ға – 4,0 трлн. теңгеге дейін. Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 2013 жылғы желтоқсанда 32,1%-дан 2014 жылғы желтоқсанда 33,2%-ға дейін өсті.

Экономиканы кредиттеудің жандануы көбіне кредит нарығының теңге сегментінде байқалды, нәтижесінде теңгедегі кредиттердің жалпы көлемдегі үлес салмағының өсуі 70,3%-дан 70,8%-ға дейін көтерілді.

Нәтижесінде шетел валютасындағы кредиттер 2014 жылы 8,6 трлн. теңгеге дейін 7,9%-ға өсті, ал шетел валютасында – 3,5 трлн. теңгеге дейін 5,5%-ға көтерілді (5.4.1-сурет).

5.4.1-сурет

Банктердің экономикаға кредит беруі



Ұзақ мерзімді кредиттеу 2014 жылы 9,6 трлн. теңгеге дейін 4,9%-ға ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттеу – 2,5 трлн. теңгеге дейін 17,2%-ға ұлғайды. Тиісінше, ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір жылда 81,1%-дан 79,4%-ға дейін төмендеді.


Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру 2014 жылы 1,8 трлн. теңгеге дейін 39,3%-ға өсті, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 14,8%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым жоғары сомасы саудаға – 20,0%, өнеркәсіпке – 11,3%, құрылысқа – 9,4%, ауыл шаруашылығына – 4,0% тиесілі.

2014 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 14,4% (2013 жылғы желтоқсанда – 10,0%), жеке тұлғаларға – 18,7% (20,3%) болды.

5.4.2-сурет

Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемелері



5.5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша ішкі нарықта 47 аукцион өткізілді. Номинал бойынша эмиссия көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 14%-ға азайды да, 853,98 млрд. теңге (2013 жылы – 989,28 млрд. теңге)

болды, оның ішінде қысқа мерзімді бағалы қағаздар – 1,44 млрд. теңге, орта мерзімді – 71,99 млрд. теңге, ұзақ мерзімді – 780,55 млрд. теңге болды.

2014 жылғы қазанда Қаржы министрлігі сыртқы нарықта еурооблигацияларды шығарды. 1,5 млрд. АҚШ доллары сомасында 10 жылдық еурооблигациялар және 1 млрд. АҚШ доллары сомасында 30 жылдық еурооблигациялар жылдық 3,875%-бен және тиісінше 4,875%-бен орналастырылды.

Қаржы министрлігінің ұлттық валютада номинирленген мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі номинал бойынша 2014 жылы 13,4%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4 177,17 млрд. теңге (2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 3 617,64 млрд. теңге), оның ішінде: қысқа мерзімді бағалы қағаздар – 1,44 млрд. теңге, орта мерзімді – 561,78 млрд. теңге, ұзақ мерзімді – 3 613,95 млрд. теңге болды. Шетел валютасында номинирленген мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2,5 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ұлттық Банктің орналастырылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға ұлғайды да, 82,08 млрд. теңге (2013 жылы – 79,56 млрд. теңге) болды. Ұлттық Банктің 2014 жылы шығарылған қысқа мерзімді ноттарының орташа алынған кірістілігі орташа алынған айналыс мерзімі 95,24 күн (2013 жылы – 95,42 күн) болған кезде жылдық 3,15% (2013 жылы – 1,14%) деңгейде қалыптасты. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 27,08 млрд. теңгеге қысқа мерзімді ноттар айналыста болды (номиналды құны бойынша).

Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы Ұлттық Банктің операциялары

2014 жыл ішінде Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу бойынша операциялар жасады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу көлемі номинал бойынша 227,10 млрд. теңге болды. 2014 жылы Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды мерзімінен бұрын сатып алу операцияларын жүргізген жоқ.

«Кері РЕПО» ашу бойынша операциялар 8 361,21 млрд. теңге сомасына жүргізілді, осы операциялар бойынша орташа мерзімі 20,20 күн, орташа алынған кірістілігі – жылдық 7,26%-ды құрады.

«Тікелей РЕПО» ашу бойынша операциялар 63,83 млрд. теңге сомасына жүргізілді, осы операциялар бойынша орташа мерзімі 7,19 күн, орташа алынған кірістілігі – жылдық 4,49%-ды құрады.

Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздарының портфелі 2015 жылғы 1 қаңтарда 412,81 млрд. теңге болды.

VI. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ: ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ


6.1. Банктік және банктік емес сектор

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 38 банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 10¹⁰ ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым жұмыс істеді.

2014 жылы банк секторының активтері 2,8 трлн. теңгеге немесе 18,0%-ға өсті және 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18,2 трлн. теңгені құрады (6.1.1 сурет).

¹⁰ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК есепке алмағанда


6.1.1-сурет

Банктер активтерінің және кредиттік портфелінің серпіні

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының кредиттік портфелі 2014 жылдың басынан бастап 6,3%-ға немесе 0,8 трлн. теңгеге өсіп 14,2 трлн. теңгені құрады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының кредиттік портфелі бойынша ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған провизиялар 3,6 трлн. теңгені немесе жиынтықты кредиттік портфельдің 25,2%-ын құрады (6.1.2-сурет).

6.1.2-сурет

Банктердің кредиттік портфелі

Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,3 трлн. теңге немесе, банктердің жиынтық кредиттік портфельдегі үлесі 23,5%-ын құрады.

Банктердің міндеттемелері 2014 жылы 2,5 трлн. теңгеге немесе 18,6%-ға өсіп және 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 15,9 трлн. теңгені құрады.

Сыртқы міндеттемелер 2014 жылы 0,1 трлн. теңгеге немесе 7,7%-ға қысқарды және 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1,5 трлн. теңгені құрады, олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі бір жылда 10,6%-дан 9,7%-ға дейін азайды (6.1.3-сурет).

6.1.3-сурет

Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы банктердің міндеттемелері




Ипотекалық ұйымдар

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 169,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 15,9 млрд. теңгеге немесе 10,4%-ға артық.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 89,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылдың басында қалыптасқан көрсеткіштен 8,6 млрд. теңгеге немесе 8,8%-ға артық (6.1.4-сурет).

6.1.4-сурет

Ипотекалық ұйымдар активтерінің және несие портфелінің серпіні



Ипотекалық ұйымның жиынтықты несие портфеліндегі ең үлкен үлесін «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы» АҚ берген кредиттер – 99,5% -ды құрады.

Мерзімі өткен сыйақыны қосқанда, мерзімі өткен берешектің үлес салмағы 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтықты несие портфелінде 0,35% немесе 313,8 млн. теңгені құрады, оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі 0,29% немесе 260,7 млн. теңге болды.

2015 жылғы 1 қаңтарда қалыптастырылған провизиялардың сомасы 3,4 млрд. теңгені құрады, ипотекалық ұйымдардың несиелік портфеліндегі қалыптастырылған провизиялардың үлес салмағы 3,8%-ды құрады.

Өзге банктік емес ұйымдар

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзге банктік емес ұйымдардың¹¹ жиынтық активтері жыл басынан 5,1%-ға өсіп 644,4 млрд. теңгені құрады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының жиынтықты несиелік портфелі¹² жыл басынан 16%-ға артып, 396,1 млрд. теңгені құрады.

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының жиынтықты несиелік портфеліндегі мерзімі өткен берешектің (мерзімі өткен сыйақыны қосқанда) үлес салмағы 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 12,6% (49,8 млрд. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегінің үлес салмағы жыл басынан 10,9%-ға (43,2 млрд. теңге) азайып, 0,1 немесе 0,5 тиісінше пайыздық тармаққа.

Лицензиялау

2014 жылы лицензиялық-рұқсат ету қызметі шеңберінде:

банктерге 16 лицензия берілді (қайта рәсімделді), оның ішінде 5 лицензия банктік және банктер жүзеге асыратын өзге операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге берілді және банктің атауы және (немесе) заңды мекенжайын, сондай-ақ банк қызметінің түрін және (немесе) шағын түрін өзгертумен байланысты 11 лицензия қайта рәсімделді;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға банк операцияларына 1 лицензия берілді;

банктік және банктер жүзеге асыратын өзге операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге 3 лицензия беруден бас тартылды;

банктің, банк холдингтерінің басшы қызметкерлері лауазымына кандидатты келісу туралы 140 өтініш қаралды, оның нәтижелері бойынша 133 кандидат келісілді, 7 кандидатқа келісім беруден бас тартылды;

банктік холдинг мәртебесін иеленуге 2 келісім; банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге 5 келісім берілді; банктердің еншілес ұйымдарды иеленуге (құруға) банктердің 5 рұқсаты; банктерді ерікті қайта құруға 3 рұқсат берілді.

Қашықтықтан қадағалау

Банктер мен банктік емес ұйымдарды, атап айтқанда агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарын, ипотекалық ұйымдарды және Ұлттық почта операторын қашықтықтан қадағалау олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптардың сақталуын бақылауға және қадағалауға, реттеуіш есептілікті, оның ішінде пруденциялық нормативтердің және өзге белгіленген нормалар мен лимиттердің орындалын талдауға негізделеді.

Банктердің реттеуіш есептілігін қараудың нәтижесі бойынша қашықтықтан қадағалау шеңберінде банктердің ағымдағы қаржылық жағдайы бойынша 456 ай сайынғы есеп, CAELS банкті бағалаудың рейтингтік жүйесі бойынша және банк конгломераттары бойынша 185 тоқсан сайынғы есеп, қолданыстағы заңнама нормаларын орындаудың 266 ай сайынғы чек-парақ, банк секторының жай-күйі туралы 12 жиынтық ай сайынғы есеп, банк конгломераттарының жай-күйі туралы 4 жиынтық тоқсан сайынғы есеп жасалды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның реттеуіш есептілігін қарау қорытындылары бойынша қашықтықтан қадағалау шеңберінде ағымдағы қаржылық жағдай бойынша 36 ай сайынғы есеп, ипотекалық ұйымдардың және Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ағымдағы жай-күйі туралы 20 тоқсан сайынғы және 16 жиынтық есеп, микроқаржы ұйымдарының ағымдағы жай-күйі туралы 4 жиынтық есеп жасалды.

¹¹ «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есепке алғанда

¹² Ұсынылған қаржылық жалдауды ескере отырып

Инспекциялау

2014 жылы банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға 27 инспекторлық тексеру, оның ішінде 14 жоспарлы тексеру (12 банк, 2 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) және 13 жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Жоспарлы тексерулердің негізгі мәні Қазақстан Республикасының банк заңнамасының, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ Ұлттық Банкке ұсынылатын қаржылық және өзге есептіліктің дәйектілігін тексеру болып табылады. Сонымен қатар, тексеру барысында банктердегі тәуекелдерді басқару сапасын тексеру, оның ішінде тәуекелдерді басқару сапасын және нарықтық тәуекелге ұшырағыштығы, активтер мен шартты міндеттемелердің сапасын, капиталдың жеткіліктілігін, ағымдағы өтімділікті бағалау, менеджменттің тиімділігін және корпоративтік басқару жүйесін бағалау, сондай-ақ проблемалық қарыздармен жұмысты бағалау жүргізілді.

Қадағалауға ден қою

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері бойынша қашықтықтан қадағалау қорытындысы бойынша, банктерге қатысты 100 шектеулі ықпал ету шара қолданылды, оның ішінде 22 жағдайда міндеттеме хат талап етілді, 40 жағдайда жазбаша ескерту жасалды, 26 жағдайда жазбаша ұйғарым шығарылды, 12 жағдайда жазбаша келісім жасалды. Банктік емес ұйымдарға 2 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды, жазбаша ескерту жасалды;

Одан басқа, 2014 жылы жалпы сомасы 7 млн. теңге айыппұл салу және өндіріп алу түріндегі 20 санкция, сондай-ақ 5 банкке қатысты лицензияның қолданылуын тоқтата тұру қолданылды.

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жүргізілген инспекциялық тексерулердің қорытындысы бойынша, 2014 жылы 29 шектеулі ықпал ету шарасы (14 міндеттеме хат, 13 жазбаша ескерту, 1 жазбаша келісім, 1 жазбаша ұйғарым талап етілді) қолданылды және 203 әкімшілік хаттама жасалды. 2014 жылы банктерге және банктік емес ұйымдарға айыппұл түріндегі қолданылған әкімшілік жазаның жалпы мөлшері 66,9 млн. теңгені, оның ішінде соттарға берілген әкімшілік істер бойынша 34,4 млн. теңгені құрады.

Сонымен қатар, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-ты тексерудің қорытындысы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерімен айналысуға берілген лицензияның қолданысы тоқтатылған, сондай-ақ осы банктің Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымды міндеттерін орындаудан шеттетілген.

6.2. Сақтандыру секторы

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 34 сақтандыру ұйымы, 15 сақтандыру брокері және 71 актуарий бар.

2015 жылғы 1 қаңтарда сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 612,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы осыған ұқсас көрсеткіштен 17,1%-ға артық.


2014 жылғы жиынтық меншікті капитал 12,8%-ға өсіп, 286,9 млрд. теңгені құрады.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдары міндеттемелерінің сомасы 326,0 млрд. теңгені құрады, бұл осыған ұқсас 2014 жылғы осы күнмен салыстырғанда 21,2%-ға артық. Сақтандыру резервінің сомасы 298,4 млрд. теңгені немесе міндеттемелердің жиынтық көлемінің 91,5%-ын құрады, яғни бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы осыған ұқсас көрсеткіштен 24,2%-ға артық.

Сақтандыру ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының 2014 жылғы жиынтық көлемі 266,1 млрд. теңгені¹³ құрады, соның ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша 236,4 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңде жиналған көлемінен 6,6%-ға кем (7.2.1-сурет).

7.2.1-сурет

Сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру төлемдерінің серпіні



Сақтандыру сыйақысы мөлшерінің төмендеуіне негізінен 2013 жылғы 1 шілде мен 2014 жылғы 5 мамыр аралығында қолданыста болған зейнетақы аннуитеті шарттарын жасауға мораторий (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 26 ақпандағы № 32 қаулысы) ықпал етті. Тиісті шешім Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуды тоқтату мақсатында қабылданған болатын.

Сақтандыру сыйлықақыларының құрылымында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру – 101,2 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 42,8%-ын алады, ерікті жеке сақтандыру бойынша 77,2 млрд. теңге немесе 32,6%, міндетті сақтандыру бойынша – 58,0 млрд. теңге немесе 24,6% жиналды.

2014 жылы жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда 19,9%-ға төмендеп, 62,3 млрд. теңгені құрады.

Сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерінің құрылымы мынадай: міндетті сақтандыру – 42,6%, ерікті жеке сақтандыру – 41,2%, ерікті мүліктік сақтандыру – 16,2%.

Қайта сақтандыруға жіберілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 79,9 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 33,8%-ын құрады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 26,6%-ы жіберілді.

Лицензиялау

2014 жылы лицензиялық-рұқсат ету қызметі шеңберінде, 10 мемлекеттік қызметтер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға 252 өтініш/қолдау хат қаралды, оның ішінде:

жеке тұлғаға сақтандыру ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге 2 келісім берілді;

«өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру ұйымын ашуға 1 келісім берілді;

бір сақтандыру брокеріне брокерлік қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия берілді;

¹³Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергендегі сома көрсетілген.

сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруге (қайта ресімдеуге) қолдаухатты қараудың қорытындысы бойынша 5 лицензия қайта ресімделіп, қайта сақтандыру бойынша 1 лицензия берілді;

жеке және заңды тұлғалардың қолдаухаттарын қараудың қорытындылары бойынша көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау жөніндегі 56 тәуелсіз сарапшы аккредиттелген;

сақтандыру ұйымының, сақтандыру холдингтерінің және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың басшы қызметкерлері лауазымына кандидаттарды келісу туралы қолдаухаттар қаралды, соның нәтижелері бойынша 96 кандидат келісілді;

18 актуарийден біліктілік емтиханы қабылдады.

Қашықтықтан қадағалау

Қашықтықтан қадағалау шеңберінде сақтандыру ұйымдарының, олардың ірі қатысушыларының (сақтандыру холдингі), сақтандыру топтарының, сақтандыру брокерлерінің, актуарийлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде пруденциялық реттеу бойынша талаптарын орындауының мониторингі жүргізіледі.

Сақтандыру ұйымының қаржылық жай-күйіне, сақтандыру ұйымдарының активтері және міндеттемелерінің қозғалысына талдау жүргізілді, сақтандыру ұйымдарының қалыптастырған резервтерінің баламалылығына, қаржылық және реттеуші есептілікке, сақтандыру ұйымдары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің қозғалысына, сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарына, сақтандыру төлемдеріне және талаптарына, қайта сақтандыру қызметіне, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, инвестициялық портфель құрылымы бойынша талаптардың орындалуын тексеру жүргізілді. Тұрақты негізде бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Ертеден ескерту тесті және олардың қаржылық жай-күйі туралы тиісті талдау қорытындысымен тәуекелдер матрицасына сәйкес оларды жіктеу негізінде сақтандыру ұйымының қаржылық орнықтылығы дәрежесін бағалау жүргізілді.

Ертерек ден қою шаралары шеңберінде сақтандыру ұйымы және сақтандыру холдингінің қаржылық жағдайы нашарлауына ықпал ететін факторлар анықталған анықталды, оның нәтижесі бойынша 25 сақтандыру ұйымынан және 1 сақтандыру холдингінен қаржылық орнықтылықты арттыру бойынша іс-шаралар жоспары талап етілді.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ-тың қаржылық есептілікте деректердің, сақтандыру резервтерін есептеу әдісінің сәйкессіздігі, сақтандыру төлемін жасауға негізсіз бас тарту туралы сот шешімдерін орындауды мерзімінен кейін қалдыру, сақтандыру ұйымының орын алған проблемалы мәселелерін және қызметінің перспективаларының мәселелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының даму мәселелері және проблемалары бойынша 34 сақтандыру ұйымының, 10 сақтандыру брокерінің, ҚР резиденті емес сақтандыру брокерінің 5 өкілдігінің басшылығымен және 2 актуариймен кездесу өткізілді.

Қазіргі кезде Азия Даму Банкі «Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының тиімділігін арттыру және кеңейту» және Дүниежүзілік Банк «Қаржы секторының тұрақтылығын нығайту» техникалық көмекті ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Сақтандыру нарығына отандық қатысушылар қызметінің мәселелері жөнінде USAID бағдарламасы бойынша тартылған халықаралық сарапшымен бірлескен жұмыс жүргізілді.

Инспекциялау

2014 жылы 14 жоспарлы тексеру, оның ішінде 11 сақтандыру ұйымын және 3 сақтандыру брокерін тексеру жүзеге асырылды.

Жоспарлы тексерулер барысында қамтылған негізгі мәселелер – міндетті және ерікті сақтандыру шарттарын жасасу және олардың талаптарын орындау тәртібі, пруденциялық нормативтер есебінің дұрыстығы, сақтандыру агенттерінің қызметі, қайта сақтандыру қызметі, тәуекел-менеджмент жүйесінің тиімділігін бағалау, инвестициялық қызмет, сақтандыру резервтері есебінің дұрыстығы, бухгалтерлік есептің шынайылығы мен сенімділігі болып табылды.

Қадағалауға ден қою

Ұлттық Банк қашықтықтан қадағалау қорытындысы бойынша мыналарға қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолданды:

сақтандыру ұйымдарынан 113 жазбаша міндеттеме талап етілді, 49 жазбаша ұйғарым шығарылды, 5 жазбаша ескерту, 5 жазбаша келісім, 1 сақтандыру ұйымының басшы қызметкерін тағайындауға келісім қайтарып алынды;

актуарийлерден 8 жазбаша ұйғарым талап етілді, 30 жазбаша ұйғарым және 1 жазбаша ескерту шығарылды;

сақтандыру брокерлерінен 8 жазбаша міндеттеме талап етілді, 10 жазбаша ұйғарым және 1 жазбаша ескерту шығарылды.

Сақтандыру ұйымдарына және сақтандыру брокерлеріне қатысты жалпы сомасы 17456 мың теңге болатын әкімшілік жаза түріндегі 66 санкция қолданылды және 4 жазбаша ескерту шығарылды.

2014 жылы сақтандыру резервтерін дұрыс есептемегені, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамағаны үшін актуарийлерді оқытудың ең ішкі міндетті бағдарламасы бойынша 15 актуарийдің актуарлық қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылды.

6.3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілері

2015 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасында брокерлердің және (немесе) дилерлердің саны 50-ді құрады, 11 кастодиан, 27 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, 1 бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы, 1 бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыратын ұйым болды.

Бұдан басқа, бағалы қағаздар нарығында тіркеуші мен бағалы қағаздардың орталық депозитарийі жұмыс істейді, олар бағалы қағаздар нарығында лицензиясыз кәсіби қызметті жүзеге асырады.

Жалпы 2014 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жиынтық қаржылық көрсеткіштері 2013 жылмен салыстырғанда: жиынтық активтер бойынша – 50,8%-ға, капитал бойынша – 69,8%-ға ұлғайды. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жиынтық қаржылық көрсеткіштерінің ұлғаюы брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың 2014 жылы жарғылық капиталының жиынтық өсуіне себепші болды.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитентінің саны 1 636-ны құрады, бұл ретте, қолданыстағы акциялар шығарылымы бар акционерлік қоғамның жалпы саны 1 569-ды құрады. 2014 жыл ішінде уәкілетті орган 24 акция шығарылымын тіркеді.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыстағы облигациялар шығарылымының саны сомалық номиналдық құны 7 387,2 млрд. теңге болатын 387-ні құрады, оның ішінде 202 шығарылым «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінің «рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар» санатына енгізілді, 54 шығарылым – «рейтингтік бағасы жоқ бірінші шағын санаттың борыштық бағалы қағаздары» санатына, 11 шығарылым – «рейтингтік бағасы жоқ екінші шағын санаттың борыштық бағалы қағаздары» санатына және 4 шығарылым – «буферлік санат» санатына енгізілді. Сонымен қатар, 2014 жылы 2 061 млрд. теңге шығарылым көлемі бар 14 облигациялық бағдарлама тіркелді.

2014 жыл ішінде жалпы көлемі 1 598 млрд. теңге болатын 63 мемлекеттік емес облигация шығарылымы тіркелді.

2014 жыл ішінде осының алдында шығарылған облигациялық қарыздар бойынша дефолтқа жол берген облигациялар эмитенттерінің тұрақсыз қаржылық жай-күйінің үрдісі

сақталды. Сөйтіп, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша купонды төлеу бойынша берешектерін және дефолтта тұрған облигациялары бойынша негізгі борыштарын өтемеген эмитенттердің саны 35-ті құрады, бұл 2014 жылғы осыған ұқсас күнмен салыстырғанда 8,6%-ға артық.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 80 инвестициялық пай қоры жұмыс істеді, оның ішінде 61-і – жабық (активтері – 396,2 млрд. теңге), 10-ы – ашық (активтері – 0,3 млрд. теңге) және 9-ы – аралық (активтері – 0,7 млрд. теңге), сондай-ақ 28-і акционерлік инвестициялық қор (активтері – 46,9 млрд. теңге болды).

Қор нарығы


Қазақстандағы қор нарығы жай-күйінің негізгі индикаторы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ұсынатын ұйымдастыру нарығы болып табылады.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағы «Борыштық бағалы қағаздарға» тиесілі, 48,4%-ды немесе 271 шығарылымды құрайды, «Мемлекеттік бағалы қағаздар» секторы бойынша 33,6% немесе 188 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша 17,3% немесе 97 шығарылым. «Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторы бойынша 0,7% немесе 4 шығарылым.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша нарықты жалпы капиталдандыру 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2014 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 13,3%-ға ұлғайды және 11 209,9 млрд. теңгені құрады (6.3.1-сурет).

6.3.1-сурет

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ты капиталдандыру



2014 жыл ішінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 41%-ға өсті және 895 млрд. теңгені, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама нарығында – 263 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, мәмілелерді бастапқы орналастыру көлемі қомақты түрде өсті (60%-дан аса). Акциялар бойынша мәмілелер көлемі (орналастыру және айналыс бойынша) 50,7%-ға өсті, борыштық бағалы қағаздар бойынша 14,4%-ға өсті.

2014 жылы ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша биржалық мәмілелер көлемі 18,6%-ға кеміді және 12 027,5 млрд. теңгені құрады, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама нарығында мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 200,5 млрд. теңгені құрады.

Сонымен бірге бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 5 еседен аса көбейді және 1 277,8 млрд. теңгені

құрады, мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 2 есеге кеміді және 4,0 млрд. теңгені құрады.

Лицензиялау

2014 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының 3 лицензиясы – номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына 2 лицензия және клиенттер шоттарын жүргізу құқығынсыз 1 лицензия, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқаруға 2 лицензия берілді.

Ұйымның атауының өзгеруіне байланысты бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларының 3 лицензиясы қайта ресімделді.

Бұдан басқа, инвестициялық портфельді басқару қызметін шағын түрлеріне (ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен және құқығынсыз) бөлуді көздейтін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабына енгізілген түзетулер шеңберінде бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға 29 лицензия қайта ресімделді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметі лицензияланатын қызмет түрлерінен алып тасталуына сәйкес «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы талаптарының өзгеруіне байланысты 2014 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың («Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ, «Астана» ЖЗҚ» АҚ, «Грантум» ЖЗҚ» АҚ, «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ, «Нефтегаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ, «Жетісу» ЗАИБЖАҰ АҚ, «Grantum Asset Management» ЗАИБЖАҰ АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ) 11 лицензиясының қолданылуы тоқтатылды. Бұдан басқа «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Астана-Инвест» Инвестициялық Үйі» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ, «АТФ Финанс» АҚ бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияларының қолданылуы ерікті түрде қайтарылуына байланысты тоқтатылды. «АТФ Финанс» АҚ және «Брокерлік үйі «Jazz Capital» АҚ Ұлттық Банкке берген тиісті өтініштерінің негізінде осындай ұйымдардың инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензияларының ерікті түрде қайтарылуы да жүзеге асырылды.

Қашықтықтан қадағалау

Ұлттық Банк пруденциялық нормативтердің, жарғы капиталының мөлшеріне қойылатын талаптардың сақталу мәніне бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық және реттеушілік есептілігін талдауын, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде, ұйымдастырылмаған және халықаралық нарықтарында брокерлермен және (немесе) дилерлермен жасалатын мәмілелерді іске асыру, тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесінің болуы бойынша талаптардың, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген басқа нормалар мен лимиттердің орындалуы тәртібінің талдауын қамтитын, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржылық тұрақтылығы мониторингін қашықтықтан жүзеге асырды.

Номиналдық ұстау жүйесін жүргізу және номиналдық ұстауға берілген клиенттердің активтерін сақтауды қамтамасыз ету тәртібін, бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есептерді ұсыну және бағалы қағаздары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің тиісті ақпаратын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру және облигацияларды өтеу қорытындысы туралы есептерді ұсыну мерзімінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етті. Облигацияларды ұстаушылар өкілдерінің ақпаратты Ұлттық Банкке және облигацияларды ұстаушыларға уақтылы ұсынуына мониторинг, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді жариялау талаптарды акционерлік қоғамдардың орындауына мониторинг жүргізілді. Бұдан басқа, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларының (тікелей және жанама)

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде Ұлттық Банктің инвестициялық портфельді басқарушылардың акцияларының ірі пакетін сатып алуға алдын ала келісімін алу жөніндегі талаптарды орындауына бақылау жүзеге асырылды.

Қадағалауға ден қою

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты қашықтықтан қадағалау нәтижелері бойынша 62 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды (оның ішінде 21 жазбаша ұйғарым шығарылды, 40 міндеттеме хат талап етілді және 1 жазбаша келісімге қол қойылды).

Бұдан басқа, 11 бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға және 11 жеке тұлғаға қатысты жалпы сомасы 7,4 млн. теңгеге 22 әкімшілік айыппұл салынды.

Эмитенттерге қатысты 433 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды (оның ішінде 200 жазбаша ұйғарым шығарылды және 233 міндеттеме хат талап етілді).

Сонымен бірге, 41 эмитент пен 7 лауазымды тұлғаға қатысты 53 әкімшілік айыппұл салынған, жалпы сомасы 22,4 млн. теңгеге әкімшілік айыппұл салу туралы қаулылар шығарылды.

Сонымен қатар, 2014 жылы бағалы қағаздар нарығында қызметті реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйелі бұзушылықтарына байланысты «Асыл-Инвест» АҚ-тың лицензиясының қолданылуы мерзімі үш айға токтата тұру туралы шешім қабылданды.

6.4. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2015 жылғы 1 қаңтарда БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби жарналары мен ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Зейнетақы жинақтарының мөлшері 2014 жылы 784,4 млрд. теңгеге немесе 21,0%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4 517,8 млрд. теңгені құрады.


Жинақтаушы зейнетақы қорларының (ЖЗҚ) салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша 9 377 563 зейнетақы жинағының жалпы сомасымен 4 490 млрд. теңге болды. Өз кезегінде ЖЗҚ зейнетақы жинағының жалпы сомасы 1,5 млрд. теңге болатын ерікті (ерікті кәсіби жарналарын қоса алғанда) зейнетақы жарналары бойынша ЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарының саны былтырғы осыған ұқсас күнге 39 934 болды.

2014 жылы таза инвестициялық кіріс 234,4 млрд. теңгеге немесе 31,0%-ға ұлғайды, 2015 жылғы 1 қаңтарда 990,5 млрд. теңге болды. Бұл ретте, 2014 жылы зейнетақы жинақтары сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 20,3%-дан 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 21,9%-ға дейін 1,6 пайыздық тармаққа ұлғайды.

ЖЗҚ және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің құрылымы

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2014 жылдың басынан бастап 783,7 млрд. теңгеге немесе 21,0%-ға ұлғайып, 4 519,6 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде 65,3 млрд. теңге болды (6.4.1-сурет).

ЖЗҚ және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру серпіні

2015 жылғы 1 қаңтарда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін бұрынғыша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары иеленеді (45,3%-ы және тиісінше, былтырғы осыған ұқсас күнге БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 31,4%-ы).

Өз кезегінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарға инвестицияның көлемі 308,1 млрд. теңге болды (инвестицияланған зейнетақы активтері көлемінің 7,1%-ы). Банктердегі салымдардың үлесіне 16,3%-ға немесе 710,2 млрд. теңгеге сәйкес келеді.

Лицензиялау

2014 жылы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы талаптарының өзгеруіне байланысты зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін жүзеге асыруға 9 лицензияның қолданылуы тоқтатылды, оған сәйкес зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметі лицензияланатын қызмет түрлерінен алынып тасталды («Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ, «Нефтегаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, «Астана» ЖЗҚ» АҚ, «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ, «ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ, «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ).

Қашықтықтан қадағалау

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық Банктің алдына халық арасында әлеуметтік шиеленіске жол бермей, бұл ретте зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, неғұрлым қысқа мерзімде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шоғырлануын жүзеге асыру міндеті қойылды.

Осыған байланысты Ұлттық Банк зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-да шоғырландыру процесін БЖЗҚ одан әрі жұмыс істеуінің барынша транспаренттілігін, сондай-ақ тиімді қамтамасыз етуін ескере отырып ұйымдастырды.

Сөйтіп, 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында бұрын ЖЗҚ салымшылары (алушылары) болып табылған барлық адамдарға жеке зейнетақы шоттары ашылған және осы шоттарға олардың зейнетақы жинағының сомалары аударылды.

2014 жылғы 1 шілдеге дейін БЖЗҚ-ға құжаттарды (қағаз тасымалдағыштарда) және өзге де ақпаратты табыстау, бұрынғы жинақтаушы зейнетақы қорларының деректер базасында қалған мәліметтер мен құжаттарды жою аяқталды.

2014 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға берілген барлық лицензиялардың қолданылуы тоқтатылды.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк БЖЗҚ-да зейнетақы активтерін шоғырлануды жүзеге асырумен бір мезгілде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің әділ құнын анықтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырды. Зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат алу мақсатында 2014 жылғы 28 ақпанда Ұлттық Банк «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-мен қаржы құралдарын бағалау жөнінде шарт жасады.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтеріне жүргізілген тәуелсіз бағалаудың негізінде 2014 жылғы 8 қыркүйекте Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының кешенді қайта бағалауын жүргізді.

Қайта бағалау нәтижелері негізінен, өтімсіз корпоративтік бағалы қағаздар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және шетел эмитенттері шығарған қаржы құралдары құнының төмендеуінде көрінді, БЖЗҚның зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының құны БЖЗҚ-ның барлық активтері құнының 2,2%-ға кеміді.

Зейнетақы активтерінің қайта бағалауын жүргізген кезде Ұлттық Банк бірінші кезеңде салымшылардың (алушылардың) мүдделерін басшылыққа алғанын атап өту қажет және қайта бағалауды 2014 жылғы сегіз ай ішінде алынған инвестициялық кіріс сомасы есебінен ғана жүргізді.

Ұлттық Банк жоғарыда көрсетілген іс-қимылдарды жүзеге асырумен бірізгілікте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі №110¹⁴ қаулысымен бекітілген БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін бағалауды жүргізудің әдіснамасы мен тәртібін әзірледі.

Бұдан басқа 2014 жылы ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ қызметіне қашықтықтан қадағалау шеңберінде ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ қызметінің, олардың басшы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкестігін, ЖЗҚ салымшыларын (алушыларын) олардың 2013 жылғы қорытындылар бойынша жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының қалдықтары туралы міндетті түрде хабардар етуін жүзеге асыруды бақылау, ЖЗҚ-ның есепті дұрыс жүргізуін және зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған дебиторлық берешектің құрылымын талдауды қоса, зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын бағалауды жүзеге асыруды бақылау жүзеге асырылды. БЖЗҚ-ға түзету ақпаратын беру мақсатында ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің құрамына кіретін шығарылған қаржы құралдары бойынша дефолтқа жол берген эмитенттерге қатысты жүргізетін наразылық-талап-арыз жұмысын талдау жүргізілді.

Қадағалауға ден қою

2014 жылы БЖЗҚ-ның, ЖЗҚ-ның және ЗАИБЖАҰ-ның қызметін қашықтықтан қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша 3 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды (3 міндеттеме хат талап етілді).

6.5. Тарату процесі

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 2 банк пен 3 сақтандыру ұйымы болды.

Таратылатын қаржы ұйымдарының кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға қатысты ақпарат 6.5.1-кестеде ұсынылған.

¹⁴ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 шілдедегі № 110 қаулысы

№	Таратылатын қаржы ұйымдары	2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиторлардың төлемдер пайызы
Банк секторы		
1	«Валют-Транзит Банк» АҚ	61,5% – 3-кезектегі кредиторлардың талаптары («Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың кепілдендірілген депозиттер бойынша төленген өтеу сомасы бойынша талаптары).
2	«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	88% – 3-кезектегі кредиторлардың талаптары (жеке тұлғалардың депозиттер мен ақша аударымдары бойынша талаптары, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың кепілдендірілген депозиттер бойынша төленген өтеу сомасы бойынша талаптары, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптар).
Сақтандыру секторы		
1	«Алтын Полис» СК» АҚ	69,8% – кезектен тыс төлемдер санатына енгізілген кредиторлардың талаптары (соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін басталған сақтандыру жағдайлары бойынша).
2.	«Premier Сақтандыру» АҚ	21% – кезектен тыс төлемдер санатына енгізілген кредиторлардың талаптары (соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін басталған сақтандыру жағдайлары бойынша).
3	«ЭкоПолис» СК» АҚ	96,7% – 6-кезектегі кредиторлардың сақтандырудың өзге де жасалған шарттары бойынша талаптары, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, сондай-ақ сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру ұйымдарын сақтандыру шарттары бойынша, жүзеге асырылған кепілдендірілген төлемдер, мәжбүрлеп таратылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамада көзделген тәртіппен және талаптармен берілетін сақтандыру портфелін төлеумен байланысты шығыстар және оларды жүзеге асыруға байланысты өзге шығыстар бойынша мәжбүрлеп таратқан кезде сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйымның талаптары.

2014 жылы банктердің және сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін 9 жоспарлы тексеру және сақтандыру ұйымын 1 құжаттамалық тексеру жүзеге асырылған.

Қазақстанның банктерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату процесстерін жетілдіру мақсатында 3 нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, қабылданды.

6.6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау

Ұлттық Банк міндеттемелерінің бірі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы міндеттерді іске асыру:

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және құқықтық көмек көрсету;

қаржылық қызметтерді көрсету кезінде белгіленген заңнамалық талаптарды сақтау бойынша қаржы ұйымдарының қызметін бақылау және тексеру;

қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының бұзушылықтарын анықтау және қаржы ұйымдарына шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар қолдану;


қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру арқылы жүзеге асырылады.

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезең ішінде қаржы ұйымдарының қызметіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың 6 170 өтініштері қаралды (6.6.1-сурет).

6.6.1-сурет


Қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың өтініштері



2014 жылы өтініштердің елеулі үлесі банк секторына – 82%, қалған секторларға – 18%-дан келеді (6.6.2-сурет).

6.6.2-сурет

Қаржы нарығының секторлары бойынша өтініштердің құрылымы



Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша 2014 жылы 5 065 өтініш келіп түсті. Осы секторда өтініштер мен шағымдардың негізгі тақырыбы:

қарыз шарттары бойынша берешекті қайта құрылымдауға;
төлемге қабілетсіз қарыз алушылардың қарыздары бойынша негізгі борышты, сыйақыны немесе өсімпұлды есептен шығаруға.

банктің жүргізген есебінің (ай сайынғы төлемнің, берешектің, өсімпұлдың, сыйақының, комиссияның, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері) дұрыстығын тексеруге;

шарт талаптарының заңнама талаптарына сәйкестігін тексеруге;

банк шоттарындағы ақшадан ақы өндіріп алу және олардан 100% мөлшердегі соманы есептен шығаруға;

банктердің мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша уақтылы шаралар қабылдамауға қатысты болды.

Сақтандыру ұйымдары қызметі бойынша 290 өтініш келіп түсті. Сақтандыру секторында мынадай мәселелер өзекті болды:

сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері бойынша сақтандыру төлемдерінен бас тарту, уақытында жүзеге асырмау не толық көлемде жүзеге асырмау;

аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру төлемдері бойынша міндеттемелерді орындамау;

сақтандыру сомалары мен сыйлықақыларды есепке алудың дұрыстығы.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметі мәселелері бойынша 93 өтініш келіп түсті. Өтініш берушілер шағымдарының негізгі үлесі шарттар жасасу, оны орындау және тоқтату, дивидендтерді төлемеу және оның мөлшерімен келіспеу, қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты алу тәртібінің бұзылуы мәселелеріне қатысты, оның ішінде акционерлік қоғамдардың қызметі туралы болды.

ЖЗҚ қызметінің мәселелері бойынша 58 өтініш келіп түсті. Өтініш берушілер шағымдарының негізгі бөлігі салымшылардың зейнетақы жинақтарының азаюына қатысты болды.

Микроқаржы ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша алынған микроқарыздар бойынша төлемдерді есептеудің дұрыстығын тексеруге қатысты 4 өтініш келіп түсті.


Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын түсіндіруге және Ұлттық Банктың құзыретіне жататын өзге мәселелерге қатысты 526 өтінішті құрады.

Басқа мемлекеттік органдарға тиесілі бойынша 134 өтініш қайта жіберілген.

Ұлттық Банк өтініштерді қарау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ сот органдарының ұйғарымдарын орындау мақсатында 2014 жылы қаржы ұйымдарына және бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне 142 шектеулі ықпал ету шарасын, оның ішінде банктерге – 117, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – 3, сақтандыру ұйымдарына – 21, ЖЗҚ – 1 қолданды. Шығарылған шектеулі ықпал ету шараларының саны 2014 жылы, өткен жылдармен салыстырғанда, елеулі ұлғайды (6.6.3-сурет).

6.6.3-сурет

Шектеулі ықпал ету шаралары



2014 жылы Ұлттық Банктің қызметкерлері мынадай мәселелер бойынша 267 сот отырысына және қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың да, қаржы ұйымдарының да шағым-талаптарына байланысты сот сараптамаларын өткізуге қатысты:

банктік қарыз шартына сәйкес берешекті өндіріп алу;

тараптар арасында жасалған банктік қарыз шартын жарамсыз деп тану;

банктерге қолданылған банктік қарыз шартының мазмұнына қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін жазбаша ескерту түрінде шектеулі ықпал ету шарасына қарсылық білдіру; еңбек ету қабілеттілігінен айырылған жағдайда сақтанушы қызметкерінің пайдасына аннуитеттік сақтандыру шартын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу бөлігінде жарамсыз деп тану және тағы басқа.

2014 жылы Ұлттық Банк қоғамда әлеуметтік шиеленіске жол бермеу, даулы жағдайларды төмендету мақсатында ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешуге белсенді қатысты.

2014 жылғы ақпан айында Ұлттық Банкте қарыз алушылардың, банк омбудсманының, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің, банктердің және ипотекалық ұйымдардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу бойынша жұмыс комиссиясы құрылған (2014 жылғы 13 ақпандағы №2/1 бұйрық).

Қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен жеке тәртіпте берешекті өтеудің өзара тиімді нұсқасын жасау үшін проблемалық қарыз алушылардың банктер мен ипотекалық ұйымдардың өкілдерімен 306 кездесуі өткізілді.

Ұлттық Банк қоғамдық бірлестіктердің, банктердің, банк омбудсманының, Алматы қаласының әкімдігі өкілдерінің қатысуымен 8 дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Ұлттық Банктің бастамасымен 2014 жылғы 26 желтоқсанда қоғамдық бірлестіктермен, жекелеген банктермен, банк омбудсманымен, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен, Алматы қаласының әкімдігімен, «Нұр Отан» партиясының Алматы қалалық филиалымен Өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның мақсаты кредитор банктермен ынтымақтаса жұмыс істейтін ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету және жылыту маусымы кезеңінде азаматтарды үйден шығармау бойынша мәселелерді банктермен реттеу болып табылады. Меморандум ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу жолдарын іздеуге бағытталған іс-шаралар тізбесін белгілейді.

Ұлттық Банк жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыру, әлеуметтік және жалдау тұрғын үйдің бірыңғай мемлекеттік қорын құру, жұмыссыз қарыз алушыларды (олардың жанұя мүшелерін) жұмысқа орналастыру және тағы басқа үшін банктерді қосымша қорландыру бөлігінде ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешу бойынша Үкіметке ұсыныстар жіберді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мәселелерін шұғыл шешу, халыққа ағымдағы жағдай мен әлеуметтік мәннің шұғыл жағдайлары туралы түсіндіру және оларды хабардар ету үшін Ұлттық Банктің: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 67 мекенжай бойынша орналасқан үйінде 2014 жылы қазанда азаматтарды қабылдау бойынша Қоғамдық қабылдау бөлмесі ашылды.

Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғалардың өкілдеріне қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша консультациялар және банктік, сақтандыру, зейнетақы салаларында, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы саласында қолданыстағы нормаларды түсіндірулер беріледі.

Қоғамдық қабылдау бөлмесінің өкілеттіктеріне:

проблемалық қарыз алушылардың банктер өкілдерімен, жекелеген жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен бірлесіп кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;

өтініштерді қабылдау және оларды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес одан әрі қарауды қамтамасыз ету кіреді.

Азаматтарды кестеге сәйкес қабылдауды Ұлттық Банктің қызметкерлері жұмыс күндері сағат 10.00-ден бастап 17.00-ге дейін 12.30-дан бастап 14.30-ға дейінгі үзіліспен жүзеге асырады.

2014 жылғы қазаннан бастап желтоқсанға дейінгі кезеңде Қоғамдық қабылдау бөлмесінде 200-ден астам азаматтар қабылданып, оларға консультациялар берілген.

VII. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

7.1. Алматы қаласын ТМД және Орталық Азиядағы ірі өңірлік қаржы орталығы ретінде дамыту

Әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту үшін жағдай жасау және оның 2020 жылға қарай Азиядағы жетекші қаржы орталықтары ондығының тобына кіруі, сондай-ақ көрсетілген міндетке қол жеткізуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру – Ұлттық Банктің міндеттерінің бірі болып табылады.

Қаржы орталықтарын дамытудың халықаралық тәсілдерін талдау, АӨҚО-ның әлемдік ауқымдағы деңгейі мен орнын айқындау, шетелдік инвестициялық ортада танымалдылықты иелену және инвесторлар ағынын тарту үшін АӨҚО-ны Z/Yen Group Limited (Лондон, Ұлыбритания) компаниясы әзірлеген 83 халықаралық қаржы орталығының рейтингтік бағалаудың мамандандырылған әдіснамасын көрсететін Global Financial Centers Index (GFCI) рейтингіне енгізу бойынша жұмыс ұйымдастырылып, жүргізілді.

Бірінші рет GFCI'15 қорытындылары бойынша (2014 жылғы 15 наурыз) Алматы қаласы рейтингке енгізілді және 83 халықаралық қаржы орталығының ресми тізімінде 58-позицияға ие болды және Азия қаржы орталықтарының ішінде 13-орынды иеленді.

2014 жылғы 23 қыркүйекте Алматы GFCI'16-да өзінің позициясын айтарлықтай жақсартып, 83 халықаралық қаржы орталығының арасында 15-позицияға көтерілді және 43-орынға ие болды. Шығыс Еуропа – Орталық Азия аймағында Алматы Стамбулдан кейін екінші орын алады, одан кейін Прага, Варшава, Санкт-Петербург, Будапешт, Москва, Таллин және Афин тұр.

Ұлттық Банк АӨҚО одан әрі дамыту саясатын айқындау бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің тапсырмасы бойынша стратегиялық құжат – Үкіметтің және Ұлттық Банктің Бостон Консалтинг Групп халықаралық компаниясын тарта отырып, АӨҚО ұзақ мерзімді перспективаға дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимылдары жоспарының жобасын әзірледі. АӨҚО дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының жобасы капитал нарығы және активтерді басқару сияқты АӨҚО дамытудың екі негізгі бағытын, сондай-ақ екі қосымша даму бағытын айқындайды: дәулетті жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару және исламдық қаржыландыру.

АӨҚО дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының әзірленіп жатқан жобасы шеңберінде нарыққа қатысушылармен және мемлекеттік органдармен, оның ішінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен, ұлттық экономика, қаржы, инвестициялар және даму министрліктерінің министрлерімен және вице-министрлерімен, Алматы қаласының әкімімен, ұлттық қорлардың, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың басқарушыларымен, банктермен және қаржы ұйымдарымен 55 жеке сұхбат жүргізілді. АӨҚО-ның ағымдағы жай-күйінің оң және теріс жақтарын айқындау жөнінде мұқият талдау, сондай-ақ АӨҚО-ның даму стратегиясын одан әрі айқындау үшін сандық деректерге талдау жүргізілді.

АӨҚО дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының ұтқыр ұсыныстарының бірі прецеденттік құқықты енгізу болып табылатындығын атап өткен жөн, ол шетелдік

инвесторларды отандық нарыққа тартуды және олардың мемлекетке деген сенімін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

АӨҚО дамыту мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-мен (Алматы қаласы әкімдігінің еншілес ұйымы) ынтымақтастық жолға қойылды, оның шеңберінде Алматы қаласын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Екіжақты кооперацияның негізгі бағыттары Алматының инвестициялық тартымдылығын және инвестициялық имиджін, ақпараттық ықпалын арттыру және қаржылық білім беру деңгейін арттыру, сондай-ақ шетелдік мамандарды тарту және қаланың инфрақұрылымын жақсарту саласындағы ынтымақтастық болып табылады.

Қазақстан-Британия сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2014 жылғы 5 қарашада өткізілген 1-отырысы шеңберінде Ұлыбритания Корольдігінің Сауда ісі және инвестициялар жөніндегі министрі Лорд Йен Ливингстонмен кездесу өткізілді. Қазіргі уақытта TheCityUK британ қауымдастығымен екіжақты ынтымақтастықты іске қосу туралы, Ұлттық Банк пен TheCityUK қауымдастығы арасында АӨҚО-ны дамыту саласында екіжақты жұмыс тобын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Ұлттық Банк қызметінің маңызды бағыты «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес АӨҚО-ның қатысушыларымен – брокерлер мен дилерлерге мемлекеттік қызметтің жекелеген түрлерін көрсету арқылы олардың қызметін жүзеге асыруға лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен жұмыс жүргізу болып табылды.

АӨҚО-ның қатысушыларымен жұмыс жүргізу шеңберінде Ұлттық Банк көрсететін мемлекеттік қызмет көрсетулердің бір түрі АӨҚО-да қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға визалар беру туралы өтінішхат болып табылады. Бұл қызмет АӨҚО-ның қатысушы-компанияларында жұмыс істеу үшін келетін шетелдік азаматтар үшін визалар берудің жеңілдетілген режимін білдіреді. АӨҚО-да қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Алматы қаласының халықаралық әуежайына келген кезде кіру визасын алады. 2014 жылы АӨҚО қатысушыларының 11 өтініші қаралды, Ұлттық Банктің Сыртқы істер министрлігінің консулдық қызмет департаментіне және Алматы қаласының ішкі істер департаментінің көші-қон полициясы басқармасына 11 тиісті қолдаухаты дайындалды.

Сонымен қатар, АӨҚО-ның қатысушыларына Ұлттық Банк тарапынан консультациялық қызметтер, құқықтық көмек көрсету және оларды түсіндіру жолымен тұрақты негізде қолдау көрсетіледі.

7.2 Қазақстан – исламдық қаржыландырудың өңірлік хабы

Ұлттық Банк 2014 жылғы 28 қазанда Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы шеңберінде Ғаламдық исламдық қаржы наградасы (Global Islamic Finance Awards – GIFA) шегінде Президентке исламдық қаржы саласындағы Әлемдік көшбасшылық үшін сыйлық табыстауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізді.

Ислам даму банкінің исламдық қаржыландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіруге бағытталған техникалық көмегін алу мақсатында Ислам даму банкімен Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумды және Ұлттық Банк пен Ислам даму банкі арасындағы келісімді жасасу бойынша жұмыс жүргізілді.

Заңнаманы одан әрі жетілдіру, ақпараттық-түсіндіру және ғылыми-білім беру жұмыстарын жүргізу, исламдық қаржы инфрақұрылымын, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ инвесторларды тарту мәселелерін қамтитын Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасын іске асыру жұмысы жүргізіліп жатыр.

Сонымен қоса, жоғарыда аталған міндеттерді тиімді әрі толыққанды шешу мақсатында Ұлттық Банк аталған құжатты өзекті ету қажеттілігіне бастамашылық етті.

Исламдық қаржыландыруды енгізу және дамыту мәселелері бойынша Бахрейннің тәжірибесін зерделеу және ықтимал имплементациялау мақсатында Ұлттық Банк Бахрейннің Орталық банкімен қол жеткізілген уағдаластық қорытындысы бойынша 2014 жылғы 16-20 қараша аралығындағы кезеңде Манама қаласында (Бахрейн) Ұлттық Банк пен қаржы институттарының қызметкерлеріне тағылымдама ұйымдастырды.

Исламдық қаржы қызметтері индустриясын дамыту шеңберінде исламдық қаржы ұйымдарын «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына енгізу жұмысы жүргізілді, сондай-ақ Исламдық қаржыны дамыту қауымдастығымен ынтымақтастықты іске қосты. Исламдық қаржыны дамыту қауымдастығының базасында исламдық қаржы саласында білім беру, заңнаманың және исламдық қаржы қызметтері индустриясының инфрақұрылымын жетілдіру және исламдық қаржы нарығына жаңа қатысушыларды тарту салаларындағы сараптаманы дамыту жоспарланып отыр.

Халықаралық ынтымақтастық

Ұлттық Банк исламдық қаржыландыруды дамыту жөніндегі озық тәжірибені пайдалану мақсатында Ұлттық Банк пен Біріккен Араб Әмірліктерінің Орталық банкі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, сондай-ақ Ұлттық Банк пен Бахрейннің Орталық банкі, Индонезияның Қаржылық қадағалау агенттігі арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді.

Исламдық қаржы қызметтерін көрсету жөніндегі кеңеспен Islamic Financial Services Board (әрі қарай – IFSB) ынтымақтастық шеңберінде Ұлттық Банк сауалнамалық пікіртерін негізінде жүргізілген Кеңестің зерттеулеріне қатысты, сондай-ақ Исламдық қаржыландыру жөніндегі стандарттардың жобаларына ұсыныстар мен ескертулер дайындады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк 2015 жылғы мамырда 12-ші IFSB Саммитін өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. IFSB Саммиті әлемдегі исламдық қаржыландырудың ағымдағы дамуы, исламдық қаржы мекемелерінің қызметін реттеу, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы өңірлік және ауқымды ынтымақтастық, әлеуетті өсіру, сондай-ақ осы саланың болашағы мен жоспарлары мәселелері талқыланатын исламдық қаржы индустриясының негізгі ойыншыларына арналған сұхбат алаңын білдіреді.

2014 жылы Ұлттық Банк исламдық қаржы институттарына арналған Бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі ұйымға және Халықаралық исламдық қаржы нарығына кірді. Аталған халықаралық исламдық қаржы ұйымдарындағы мүшелік Ұлттық Банкке исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есебі мен аудитіне арналған стандарттарды әзірлеу, сондай-ақ исламдық қаржы институттарының өтімділігін басқарудың исламдық қаржы құралдарының құрылымы мен келісімшарттарын стандарттау мәселелерінде білікті көмек алуға мүмкіндік береді.

2015 жылы Ислам даму банкінің тобына кіретін Исламдық тренинг және зерттеулер институтының кітапханасын ашу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына арналған оқыту тренингтерін және Қазақстанның қаржы нарығының реттеушілері мен өкілдері үшін мамандандырылған семинарлар ұйымдастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қаржы орталығын исламдық қаржыландыру жөніндегі өңірлік орталық ретінде алға жылжыту

Қаржы орталығын исламдық қаржыландыру жөніндегі өңірлік орталық ретінде алға жылжыту міндеттерін іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк әртүрлі іс-шаралар өткізді.

Мысалы, Алматы қаласының жетекші жоғары оқу орындарының студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы үшін «Исламдық экономика: діни, этикалық және құқықтық бастамалардың арақатынасы» тақырыбында бірқатар көшпелі семинарлар өткізілді. Ұлттық Банктің өкілі Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ұйымдастырған семинар шеңберінде «Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудағы

Ұлттық Банктің рөлі» және «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржыны реттеу. Заңнамалық база» тақырыптарына лекция оқыды. Мұндай семинарлардың негізгі мақсаты Қазақстанның азаматтарына исламдық қаржы құралдары мен институттары туралы базалық білім беру болып табылады.

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің білікті мамандарының әлеуетін қалыптастыру, білім берудің барлық деңгейлерінде экономикалық зерттеулерді ынталандыру және Қазақстан Республикасы халқының исламдық қаржыландыру жөніндегі қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Ұлттық Банк Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары үшін исламдық қаржыландыру бойынша Ұлттық Банктің атаулы стипендиясын тағайындады.

Сонымен қоса, исламдық қаржы саласындағы біліктілікті арттыру мақсатында Ұлттық Банк IFSB-мен бірге 2014 жылғы 16-19 маусымда Алматы қаласында ТМД мен ЕурАзЭҚ елдері үшін «Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту перспективалары» тақырыбында халықаралық семинар және исламдық банкинг пен исламдық сақтандыру (такафул) жөніндегі практикум ұйымдастырды, сондай-ақ Ұлттық Банк пен исламдық қаржы институттарының өкілдері үшін 2014 жылғы 12-13 қарашада «Исламдық қаржыландыру» тақырыбындағы семинарды ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания Елшілігіне жәрдем көрсетті.

Ұлттық Банк исламдық қаржыландыру жұмысының негіздері мен қағидаттарын түсіндіру мақсатында қазақстандық, сол сияқты шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына исламдық қаржыландыру жөнінде бірқатар материалдар дайындады және орналастырды.

Ұлттық Банк Алматы қаласындағы Қазақстан исламдық қаржы конференциясын ұйымдастыруда Исламдық қаржыны дамыту қауымдастығына көмектесті, Алматы қаласындағы ТМД мен Орталық Азия елдерінің реттеушілері үшін «Исламдық қаржы институттарын дамыту және реттеу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар, Ұлттық Банк өкілдері Дубай қаласындағы (Біріккен Араб Әмірліктері) 10-шы Дүниежүзілік ислам экономикалық форумына, Дубай қаласындағы (Біріккен Араб Әмірліктері) Парсы шығанағының Облигациялар мен сукук қауымдастығының дөңгелек үстеліне, Манама қаласындағы (Бахрейн) 21-ші Дүниежүзілік Исламдық банк конференциясына, Қазан қаласындағы (Татарстан Республикасы) Ресей Федерациясының банк саласының өкілдері үшін Ресей ислам институтының семинарына қатысты.

Осындай іс-шараларды өткізу исламдық қаржыландыру дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын, имиджі мен танымалдылығын арттырады.

VIII. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ұлттық Банк 2014 жылы Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын нығайтуға және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу; Ұлттық Банк бөлімшелері мен қаржы нарығы субъектілерінің заңнаманы дұрыс әрі біркелкі қолдануы; Ұлттық Банктің, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша; құқықтық үгіт-насихат, құқықтық жалпыға міндетті оқуды ұйымдастыру бойынша, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мониторинг жүргізуді үйлестіру және Ұлттық Банктің заң шығару қызметіне талдау жасау жөніндегі жұмысын жалғастырды.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының қызметі, валюталық реттеу мен бақылау, төлемдер мен ақша аударымдары, мемлекеттік сатып алу және басқалары сияқты негізгі мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жұмысы жалғастырылды.

Ұлттық Банк Президенттің мынадай жарлықтарын әзірледі:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2004 жылғы 6 қазандағы № 923;

«Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 923 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 905;

«Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 743;

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 744.

Үкіметтің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2015 жылға арналған жоспарының 29, 30, 34 және 35-тармақтарына сәйкес Ұлттық Банк мынадай заңдардың жобаларын әзірледі және олар бойынша жұмыс жүргізуде:

«Коллекторлық қызмет туралы»;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы»;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Сонымен қатар, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша жұмыс жүргізуде.

2014 жылғы 24 желтоқсанда Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1547 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Үкімет қаулысының жобасын Премьер-Министрдің Кеңсесіне енгізді.

2014 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына келісуге ұсынылған 60 заңнамалық актінің жобасын қарады және олар жөніндегі қорытындыны берді (VIII бөлімге 1-қосымша).

2014 жылы Әділет министрлігінде Ұлттық Банктің 81 нормативтік құқықтық актісі тіркелді (VIII бөлімге 2-қосымша), олардың 72-сі есепті кезеңде әзірленді және қабылданды.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу

2014 жылы Ұлттық Банк қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша жұмысты жалғастырды.

Заң жобасында қызметкерді жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру жүйесіне мынадай өзгерістерді енгізу көзделеді:

сақтандыру төлемдерін оңтайландыру және қатар жүргізу (тағайындалып қойған әлеуметтік төлемдердің сомасына азайту, төлемдерді зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін зейнетақы жарналарын ұстай отырып жүзеге асыру; еңбекке қабілетінен айырылудың жеңіл түрлерін (29%-ға дейін) жұмыс берушіге ауыстыру, есепке алынатын ең жоғары кірісті шектеу (ең төменгі 10 еңбекақыдан аспайтын);

инфляцияның күтілетін деңгейіне сәйкес азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сомасын индекстеудің бірыңғай тәртібін белгілеу;

бірыңғай сақтандыру тарифін белгілеу (қызметкерлердің санаттары бойынша тарифтерді дифференциялау (өндірістік, әкімшілік-басқарушылық және қосалқы) алынып тасталды);

жоғары тарихи шығындылығы бар кәсіпорындар үшін төмендетілген базалық тарифтерді белгілеу және түзету коэффициенттерін қолдану арқылы сақтандыру төлемдерін оңтайландыру мен қатар жүргізуге байланысты сақтандыру тарифтерін қайта есептеу;

кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылудың 5-тен бастап 29%-ға дейінгі дәрежесі бар қызметкерлер денсаулығының зақымдануынан болған шығыстарды өтеу бойынша жұмыс берушілердің қосымша шығындарын 250 АЕК-тен аспайтын мөлшерде және растаушы құжаттарды қоса бере отырып, нақты шығыстардың негізінде азайту.

Заң жобасында пайыздарды есептеу мен алуға салынатын тыйымның болуы, сондай-ақ исламдық қаржы институты мен кәсіпкерлер арасындағы тәуекелді бірлесіп бөлу тұрғысынан исламдық сақтандыру, барынша қолжетімді исламдық қаржы өнімдері болып табылатын тауар мұрабахасы мен исламдық лизинг енгізіледі.

Жалпы исламдық қаржыландырудың жаңа өнімдерін енгізу экономика субъектілерінің өндірісті кеңейтуі үшін ұзақ мерзімді қаржыландыруды алуына ықпал етеді, халық пен бизнестің мүлктік мүдделерін қорғайды, сондай-ақ шетелдік исламдық қаржы ұйымдарынан жаңа инвестициялар тартуды қамтамасыз етеді.

Жүйелік сипаттағы шара ретінде Ұлттық Банк сақтандыру төлемдерін алушылардың мүдделерін қорғау мақсатында «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ акцияларының бақылау пакетін қосымша сатып алуды ұсынады.

Банк секторындағы банк депозиторларының құқықтарын қорғау мақсатында заң жобасында салымшыларға «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тан теңгедегі депозиттер бойынша 5 миллион теңгеден 10 миллион теңгеге дейін кепілдік берілген төлем сомасын ұлғайту көзделген. Бұл халықтың банк жүйесіне деген сенімін арттырады және депозиттерді бір банктен басқа банкке ауыстыру ағынын шектейді.

Жұмыс істемейтін кредиттердің үлесін төмендету үшін заң жобасында банктерді біріктіру (ықпалдастыру) және «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың функционалын кеңейту ұсынылады.

Аталған түзетулер нақты сипатқа ие және бас банк пен еншілес банктер арасындағы активтер мен міндеттемелерді беру тәртібін белгілеуді, жылжымалы және жылжымайтын мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу тәртібін жеңілдетуді және күмәнді әрі үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығын беру кезінде салық жеңілдіктерін ұсынуды болжайды.

Ұсынылатын түзетулерді іске асыру банктердің активтерін шоғырландыру кезінде депозиторлардың мүдделерін қорғайды, қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді және жалпы жүйе бойынша жұмыс істемейтін кредиттердің үлесін төмендетуге мүмкіндік береді.

Президентінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 362 Жарлығымен мақұлданған Тәуекелдер контракциясын тәуелсіз бағалау институттарын (рейтингтік агенттіктерді, кредиттік бюроларды) және коллекторлық агенттіктерді одан әрі дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Ұлттық Банк «Коллекторлық қызмет туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірледі.

Борышкерлердің (оның ішінде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың) құқықтарын қорғау, коллекторлық агенттіктер қызметінің айқындылығын арттыру, әлеуметтік шиеленісті төмендету, коллекторлық агенттіктердің қызметіне реттеуді, бақылау мен қадағалауды енгізу, сондай-ақ коллекторлық қызметтер нарығын дамыту үшін қолайлы құқықтық жағдай жасау және берешекті өндіріп алу жұмысындағы тиімділікті арттыру заң жобаларын әзірлеудің мақсаттары болып табылады.

Банк секторы

Банктердің жұмыс істемейтін активтерімен проблемаларды шешу мақсатында 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың ең жоғарғы үлесі бойынша 10% деңгейіндегі пруденциялық норматив енгізіледі. Бұл ретте 2014 жылғы 1 шілдеде жұмыс істемейтін қарыздарының 10%-дан астам үлесі бар банктер Ұлттық Банкке жұмыс істемейтін қарыздарының үлесін талап етілетін деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынды. Ұлттық Банк банктердің іс-шаралар жоспарларының орындалуын сақтауына жүйелі түрде мониторинг жүргізеді. Таргеттелетін мәндер орындалмаған жағдайда банкке тіпті лицензиясын кері қайтарып алғанға дейін қадағалап ден қою шаралары қолданылатын болады.

Проблемалық активтердің сапасын жақсарту жөніндегі барлық іс-шараларды өткізу үшін бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымдарының өкілеттіктерін кеңейту жолымен әкімшілік кедергілерді оңтайландыру, сондай-ақ кредит бойынша үмітсіз берешекті кешіру тәртібі мен негізін көздейтін үмітсіз берешекті кешіру критерийлерін оңтайландыру жөніндегі шаралар қабылданды.

2014 жылы салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер енгізу бойынша шаралар қабылданды. Атап айтқанда:

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап салық салу шеңберінде мынадай шаралар енгізілді:

салық есебінде несие портфелінің 10%-ынан аспайтын көлемдегі үмітсіз берешекті кешіру бойынша банктердің шығындарын тану. Салық жеңілдігі 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

салық есебінде банктердің балансынан үмітсіз қарыздарды есептен шығарудан болған шығындарды тану бойынша;

жеке тұлғалардың кірістерін салық салудан босату:

а) банктің шағым-талап-қуыным жұмысын жүргізуді тоқтатпай-ақ баланс үшін үмітсіз берешекті есептен шығару кезінде туындайтын;

б) мына жағдайларда:

жеке тұлғалардың жекелеген әлеуметтік осал санаттарының борышын кешіру кезінде;

кепілге қойылған мүлікті өтелмеген міндеттеме сомасынан төмен баға бойынша сату кезінде;

қарыз алушы жеке тұлғаның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша сот орындаушысы қабылдаған шаралар нәтижесіз болып табылған кезде жеке табыс салығы салынатын борышты кешіру кезінде;

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап:

қайта құрылымдаудан өткен банкке берілген және осындай банкті уәкілетті орган тізбеге енгізген кредит (қарыз) бойынша борышты кешіру кезінде провизиялардың мөлшерін төмендетуден туындаған кіріске салық салудан (2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады);

қайта құрылымдаудан өткен банктің кредиттер бойынша берешекті кешіру кезінде туындаған кірістер бойынша, мұндай кредиттер банктің органы бекіткен тізбеге қосылған және шағым-талап-қуыным жұмысын жүргізу туралы құжаттар болған кезде ғана корпоративтік және жеке табыс салықтарын төлеуден (2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады) босатылатыны көзделеді.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап банктердің меншікті капиталының ең төменгі мөлшері 30 млрд. теңгеден бастап 2019 жылы 100 млрд. теңгеге дейін кезең-кезеңімен көтеріледі. Бұл ретте, меншікті капиталын 100 млрд. теңгеге дейін көтеруді жоспарламаған банктер өз қызметін жалғастыра алады, алайда олар үшін өздері тартатын депозиттерінің көлеміне қарай лимиттер белгіленетін болады.

Мысалы, халықтың тартылатын депозиттерінің көлемі банктің меншікті капиталының деңгейіне мынадай тәсілмен теңбе-тең лимиттелді:

5 млрд. теңге, егер меншікті капитал 5-тен 10 млрд. теңгеге дейін;

10 млрд. теңге, егер меншікті капитал 10-тен 30 млрд. теңгеге дейін;

50 млрд. теңге, егер меншікті капитал 30-тен 50 млрд. теңгеге дейін;

75 млрд. теңге, егер меншікті капитал 50-тен 75 млрд. теңгеге дейін;

100 млрд. теңге, егер меншікті капитал 75-тен 100 млрд. теңгеге дейін;

Банк секторын капиталдандыруды арттыру жөніндегі шаралар ІЖӨ-ге кредиттеу үлесін ұлғайтуға, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың қамтылуын кеңейтуге, мобильді банкинг пен банктік интернет қызметтерін қоса алғанда, жаңа жоғары технологиялық қызметтер құнын төмендетуге және оларды дамытуға, банк жүйесіне қосымша инвестициялар мен капиталдандырудың жоғарғы деңгейін тартуды талап ететін Базель III стандарттарына ауысуға бағытталды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу жөніндегі жаңа талаптар – Базель III енгізіледі, бұл банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз етеді және барынша сараланған әрі тәуекелі аз банк қызметін жүргізуге, өңірлік және халықаралық нарықтағы үлкен бәсекеге қабілеттілікке мүмкіндік береді. Банктердің капиталына қойылатын жаңа талаптар – Базель III стандарттары банктердің қаржылық және экономикалық стресс нәтижесінде туындайтын күйзелістерді сіңіру қабілеттерін жақсартуға бағытталды.

Банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу жөніндегі Базель III жаңа талаптары мыналарды:

жүктемені банктердің капиталына уақыты бойынша тепе-тең бөлу: бірінші кезеңдегі нормативтер төмендейді (капиталдың жалпы деңгейі 12%-дан 7,5%-ға дейін төмендейді), содан кейін 2019 жылға дейін ақырындап көтеріледі (бірінші деңгейдегі капитал 6%-дан 9%-ға дейін және капиталдың жалпы деңгейі 7,5%-дан 12%-ға дейін);

капиталдың жаңа буферлерін енгізу (консервациялық, қарсыциклдік, жүйелік), бұл макропруденциялық бақылау элементтерімен реттеушілік саясатты күшейтуді білдіреді. Капиталдың буферлері негізгі капитал (банктің жай акциялары мен бөлінбеген таза кірісі) есебінен қалыптастырылуы тиіс, бұл ретте банктің капитал буферлерінің қажетті деңгейін жинақтау жөніндегі талаптарды орындамауы банкке санкцияларды қолдануға әкеп соқпайды, тек кірістерді пайдалануына шектеу қояды. Консервациялық буферді банктер банктердің стрестік жағдайларға тұрақтылығы мақсатында ұдайы қалыптастырады (жүйе құраушы банктер үшін 2015 жылдан бастап 2,5%-дан 3%-ға дейін және қалған банктер үшін 1%-дан 3%-ға дейін біртіндеп ұлғайту). Қарсыциклді буфер қаржылық циклді реттеу және кредиттік дүмпуді болдырмау үшін құрылады және тек кредиттеудің белсенді өсу кезеңінде ғана енгізіледі (енгізу мерзімі буферді есептеудің басталу күніне дейінгі 12 ай бұрын, мөлшері 0%-дан 3%-ға дейін). Жүйелік буферді жүйе құраушы банктер қалыптастырады, ол да жоғарыда аталған буферлер сияқты акциялар мен таза бөлінбеген кірістер есебінен құралуы тиіс (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 1% мөлшерінде);

2016-2020 жылдар аралығында Базель III-пен белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін капиталдың құрамына кіретін қаржы құралдарының кезеңдік амортизациясын (жыл сайын 20% бойынша);

3 жылда бір реттен сиретпей меншікті капиталдың жеткіліктілігі нормативтерінің мәндерін қайта қарау (негізгі капитал, бірінші деңгейлі капитал, капитал буферлерінің есебінен жалпы капитал);

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап шоғырландырылған негізде пруденциялық нормативтердің есебін көздейді.

Экономиканың корпоративтік секторын кредиттеуді кеңейту мүмкіндігіне қол жеткізу мақсатында 2013 жылы қалыптастырылған екі жыл ішіндегі (2014-2015 жылдар) динамикалық резервтің мөлшерін консервациялау көзделді. 2014 жылдың соңында 2013 жылы қалыптастырылған динамикалық резервті динамикалық резервтің болжанбаған өсуіне алып келген резервтерге қаражат бөлу және резервтерді қалпына келтіруден болған кірістер арасындағы айырманың теріс мәнінің сомасына түзету (ішінара қайта қалыптастыру) көзделді. 2013 жылы қалыптастырылған динамикалық резервті түзету нәтижесінде банктер

2014 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуді жүргізетін болады.

Жүйелік тәуекелдерді шектеу мақсатында тұтынушылық кредит беру секторында 2014 жылғы 1 ақпаннан бастап 30% деңгейінде жыл сайынғы өсім лимиті енгізілді, сондай-ақ банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу кезінде тұтынушылық кредиттер бойынша 75%-дан 100%-ға дейін саралау тәуекелі күшейтілді. Сонымен қоса, 2014 жылғы 1 сәуірден бастап көтерілген кезде банк қамтамасыз етілмеген қарызды бермейтін қарыз алушының борыштық жүктемесінің шегі 50% деңгейінде енгізілді, бұл халықтың тұтынушылық қарыздармен кредиттелу тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

Экономиканы кредиттеудің ішкі әлеуетін арттыру мақсатында банктердің меншікті капиталының бір бөлігін Қазақстанның экономикасына орналастыру міндеті енгізілді. Мысалы, мыналар ішкі активтерге орналастырылуы тиіс: 2014 жылғы 1 қазаннан бастап меншікті капиталдың 70%-ынан кем емес; жүйе құраушы банктер үшін: 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап меншікті капиталдың 30%-ынан кем емес және 2015 жылғы 1 қазаннан бастап меншікті капиталдың 70%-ынан кем емес.

Валюта нарығындағы алып-сатарлық операцияларды шектеу және теңгенің бағамына жасалатын қысымды төмендету мақсатында банктердің меншікті капиталының 30%-ы мөлшерінде валюталық туынды қаржы құралдарымен операцияларына лимит белгіленді. Аталған лимит қарсыагенті Ұлттық Банк болып табылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелерге; спот (T+1, T+2) және своп (T+1, T+2) баланстан тыс мәмілелеріне; ұлттық валюта қатыспаған шетел валюталарымен операцияларға қолданылмайды.

Банктердің ашық валюталық позициясын теңестіру мақсатында 2014 жылғы 24 желтоқсаннан бастап 2015 жылғы 30 маусым аралығында АҚШ доллары бойынша қысқа валюталық позиция лимиттері банктің меншікті капиталының 12,5%-нан 25%-ына дейін, сондай-ақ валюталық нетто-позиция банктің меншікті капиталының 25%-нан 30%-ына дейін ұлғайтылды.

Сақтандыру секторы

Ұлттық Банк сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын пруденциялық реттеуді жетілдіру, оның ішінде:

медициналық сақтандыруға мамандандырылған сақтандыру ұйымдары үшін ең төменгі кепілдік қорын 10%-ға азайту;

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша қайта сақтандыру шартын жасасу кезіндегі пруденциялық нормативтерді есептеген кезде сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін алып тастау;

сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі нақтыланды; оның ішінде:

сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының қаражаты есебінен қалыптастырылатын резервтердің (болжанбаған тәуекелдер резерві мен тұрақтандыру резерві) тізбесін айқындау;

тұрақтандыру резервін қалыптастыру тәртібін нақтылау: ерікті жеке сақтандыруға (жазатайым жағдайлардан сақтандыру, ауырған жағдайда сақтандыру) қатысты сыныптарды қоспағанда, сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қалыптастырылады және шығындылық коэффициентінің орташа мәні 70%-дан аз болған жағдайда есептелмейді;

қаржылық және реттеушілік есептілікті қалыптастыру және пруденциялық нормативтерді есептеу мақсаттары мен салық салу мақсаттары үшін сақтандыру резервтерін қалыптастыруды реттейтін екі нормативтік құқықтық актінің қайталануын алып тастау;

сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру резервтерінің мөлшерімен айла-шарғы жасауын болдырмауға мүмкіндік беретін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған жинақтау сақтандыру және өмірді сақтандыру шарттары бойынша тарифтік және резервтік базистің теңдігін белгілеу;

орын алған, бірақ жарияланбаған шығындар резервін және жарияланған, бірақ реттелмеген шығындарды есептеуде түзетулер енгізу және сақтандыру резервтерін есептеу үшін ақпаратты көрсету бойынша қосымша журналдарды енгізу;

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген жаңа лизингтік талаптарға («акциялар» мен «борыштық бағалы қағаздар» секторларының санаттарын біріктіру және рейтингтік бағасының болуы жөніндегі талаптарды алып тастау арқылы біріктіру жолымен қор биржасының ресми тізімі құрылымының аталған секторларын жеңілдетуді көздейтін қор биржасындағы жаңа листингтік талаптар енгізілді) сәйкес жоғары өтімді активтердің және сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып есептелген активтердің тізбесін келтіру;

жоғары өтімді активтердің және сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып есептелген активтерді дисконттауды алып тастау, яғни барлық активтерді баланстық құнының 100%-ы бойынша саралау;

қайта сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде, бірақ 12 айдан аспайтын мерзімде қайта сақтандыру шартын жасасу күні қайта сақтандырушының төлемге қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктілігі нормативінің рейтингтік бағасын немесе мәнін пайдалану;

төлемге қабілеттілік маржасының ең төменгі мөлшерін немесе кепілдік қорын ұлғайтуды есептеу кезінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларымен жасасқан қайта сақтандыру шарттары бойынша рейтингтік талаптарды азайту жөніндегі шараларды қабылдады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына және сақтандыру ұйымына аудару тәртібін регламенттейтін зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

БЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдің құрылымы туралы мәліметтерді жариялау тәртібіне «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларына сәйкес келтіру, зейнетақы активтерінің шартты белгісінің орташа құнын есептеу формуласын нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы шаралар қабылданды.

Бағалы қағаздар нарығы

Бағалы қағаздар нарығының өтімділігін арттыру шеңберінде мынадай шаралар қабылданды:

үш санаттан екі санатқа дейін «акциялар» секторын, үш санаттан және екі кіші санаттан үш санатқа дейін «борыштық бағалы қағаздар» секторын қысқарту арқылы қор биржасының ресми тізімі құрылымын қайта құру;

қор биржасының ішкі құжаттарын эмитенттің бағалы қағаздарын биржаның сауда алаңында айналысқа шығаруына рұқсаты үшін оның қойылатын негізгі талаптар деңгейіне ауыстыру арқылы қор биржасының өзін-өзі реттейтін ұйым ретіндегі рөлі күшейді;

әлеуетті эмитенттер үшін шығыстарды біршама төмендететін листингтік компанияларға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптар жеңілдетілді;

халықаралық стандарттарға және Қаржы нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру қағидаттарына сәйкес T+n схемасы бойынша бағалы қағаздар нарығында есеп айырысулар жүйесін енгізу жөніндегі бірінші кезең іске асырылды;

банктік пен банктік емес брокерлік ұйымдардың мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығына рұқсаты көзделген;

халықаралық қаржы ұйымдарының ұлттық валютада номинирленген бағалы қағаздар шығарылымының, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының сайтындағы ақпаратты жариялау тәртібінің рәсімдері жеңілдетілді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде мәмілелерді бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айла-шарғылар мақсатында жасалған ретінде тану критерийлерін қайта қарау арқылы бағалы қағаздар нарығында жосықсыз тәжірибенің алдын алуға бағытталған шаралар қабылданды. Сондай-ақ мәмілелерді бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айла-шарғылар мақсатында жасалған ретінде тану тәртібі көзделді.

Пруденциялық реттеуді жетілдіру шеңберінде Ұлттық Банк мыналар бойынша шаралар қабылдады:

Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен бірге орындайтын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын қоса алғанда брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен бірге орындайтын инвестициялық портфельді басқарушылардың «Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті» пруденциялық нормативін есептеу тәртібін жетілдіру;

өтімді активтердің тізбесін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап (қор биржасында қор биржасының ресми тізімі құрылымының «акциялар» мен «борыштық бағалы қағаздар» секторларын, осы секторлардың санаттарын біріктіру және рейтингілік бағаның болу жөніндегі талапты алып тастау арқылы жеңілдетуді көздейтін жаңа листингтік талаптар енгізілді) қолданысқа енгізілген жаңа листингтік талаптарға сәйкес келтіру;

өтімді активтердің дисконтталуын болдырмау, яғни барлық активтерді баланстық құнының 100%-ы бойынша саралау.

Сондай-ақ, қайта құру шеңберінде қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеу барысы оңтайландырылды.

Кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша жұмыс істеу шеңберінде Ұлттық Банктің бастамасы бойынша мынадай негізгі түзетулер енгізілді:

«күмәнді операция» ұғымына оны жасау әрекеті де қосылды және қаржы мониторингі субъектілерінің уәкілетті органға күмәнді операциялар туралы хабарларды жіберу тәртібі өзгертілді;

клиенттердің өкілдерін сәйкестендіру қажеттілігі, бенефициарлық меншік иелерін анықтау бөлігінде клиенттерді тиісінше тексеру рәсімдері, сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттер мен олардың мерзімдік жаңаруы туралы алынатын мәліметтердің дұрыстығын тексеру жөніндегі міндеттері өзгертілді;

төлем құжатында ақшаны жөнелтуші мен алушы (бенефициар) туралы мәліметтердің міндетті болуына қойылатын талаптар енгізілді;

бүркеніш банктермен корреспонденттік қатынастарды белгілеуге тікелей тыйым салу енгізілді;

терроризмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне қосылған тұлғалардың активтерін дереу «тоқтату» жөніндегі қаржы мониторингінің субъектілерінің міндеттері енгізілді;

қаржы мониторингі субъектілерінің тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда клиенттермен іскерлік қарым-қатынастарды белгілеуден бас тарту жөніндегі міндеттері енгізілді, сондай-ақ клиент қолданыстағы іскерлік қарым-қатынастарды ақшаны жылыстату/терроризмді қаржыландыру не басқа қылмыстық қызмет

мақсатында қолданғандығына күдік туындаған жағдайда осындай қарым-қатынастарды тоқтатуға құқық көзделді;

кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларының мазмұнына қойылатын талаптар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару қажеттігімен толықтырылды;

бағалы қағаздар нарығында айла-шарғылар жасағаны және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді;

«Қазпочта» АҚ-тың кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын бақылау бойынша Ұлттық Банктің өкілдігі енгізілді;

Ұлттық Банктің банктерге, сақтандыру ұйымдарына, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғандары үшін шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларды қолдануы жөніндегі өкілеттігі нақтыланды.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының шеңберінде банктер үшін ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға тарту тәуекелдерін басқаруға, күдікті операцияларды анықтауға мүмкіндік беретін барабар автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің болуына, тәуекелдің негізгі құрауыштарын (клиенттің түрі, көрсетілетін қызмет тәуекелі және географиялық тәуекел бойынша) есепке ала отырып ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау әдістемесінен тұратын тәуекелдерді бағалау бағдарламасының болуына қойылатын талаптар енгізілді.;

«Шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы» АҚШ Заңының талаптарын іске асыру мақсатында қаржы ұйымдарының тиісті қызмет көрсету кезінде жеке тұлға клиенттердің салықтық резиденттігін белгілеу міндетін көздейтін Ұлттық Банктің 7 нормативтік құқықтық актісіне түзетулер енгізілді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Ұлттық Банктің 22 нормативтік құқықтық актісіне:

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қаржы ұйымдарының клиентті тиісінше тексеруін жүзеге асыруы;

терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізбесіндегі тұлғалардың банктік шоттары және бағалы қағаздарын бұғаттау жөніндегі шығыс операцияларын тоқтата тұру, сондай-ақ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға осындай фактілер туралы ақпаратты беру;

төлем құжаттарының мазмұнына қойылатын талаптарды өзгерту;

банк алдын ала ақысы төленген төлем карточкасын шығара алатын ең жоғарғы соманы, сондай-ақ дербес сәйкестендіру нөмірін енгізбестен байланыссыз төлем карточкасын пайдалана отырып операциялардың ең жоғарғы сомасын белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қаржы ұйымдарының қызметін реттеудің жалпы мәселелері

«Doing Business» рейтингінің «Кредит алу» мен «Миноритарлық инвесторларды қорғау» индикаторларын жақсарту шеңберінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген заңнамаларға қосымша түзетулер әзірленді.

IX. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

9.1. Халықаралық ынтымақтастық

Ұлттық Банк 2014 жылғы 22 мамырда Астаналық экономикалық форумның алаңында «Өңірлік/елдік бірлестіктердің интеграцияланған қаржы нарығындағы реттеу стратегиясы» панельдік сессия ұйымдастырды, оның мақсаты экономикалық ынтымақтастықты тереңдетудің оңтайлы жолдарын айқындау және барынша тиімді интеграциялық үдерістерді өткізу болып табылады.

Іс-шара барысында қатысушылар бірлестіктің құқықтық жағдайын, өкілеттігін, функциялары мен міндеттерін айқындау; өңірлік/елдік бірлестіктер жұмыс жасаған кезде тараптардың мүдделері балансының сақталуы; ұлттық реттеушілер функцияларының өңірлік/елдік бірлестіктердің юрисдикциясына ауысу мәселелері; өңірлік қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету; өңірлік/елдік бірлестіктердің интеграцияланған қаржы нарықтарын құруға стратегиялық көп деңгейлі тәсіл; міндеттерді тиімді бөлуге бірлестіктегі макропруденциялық саясат; Базель III стандарттарының талаптарын сақтауға бірлестіктегі макропруденциялық саясат жөніндегі мәселелерді талқылады.

2014 жылғы 16 маусымда Ұлттық Банк Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңеспен бірлесе отырып 2014 жылғы 17 – 19 маусым аралығындағы кезеңде «Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту перспективасы» тақырыбына халықаралық семинар және ТМД мен ЕурАзЭҚ елдерінің өкілдері үшін исламдық банкинг және исламдық сақтандыру (такафул) жөніндегі практикум ұйымдастырды.

2014 жылғы 7 қарашада Ұлттық Банк Қазақстан-Британ сауда-өнеркәсіптік палатасы «TheBanker», «Financial Times» баспасымен бірлесіп Алматы қаласында ұйымдастырған «Қазақстандағы өсуді қаржыландыру» Financial Times халықаралық конференцияны өткізуге қатысты. Конференцияға 300 шетелдік және 100-ден аса қазақстандық қатысушы қатысты, олардың ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының, жақын және алыс шет елдердің орталық банктерінің, ұйымдар мен Қазақстан қаржы секторының өкілдері болды.

2014 жылы халықаралық қаржы ұйымдары, интеграциялық ведомстволар мен жақын және алыс шет елдердің орталық банктері ұйымдастырған отырыстарға, кездесулерге, кеңестерге қатысу үшін Ұлттық Банк басшылығының шетелдік 23 сапары ұйымдастырылды.

2014 жыл бойы мүдделі министрліктермен және ведомстволармен Халықаралық шарттарды түгендеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдарын орындау, халықаралық шарттарды жасаудың мақсатқа сай екендігін айқындау, жасалған шарттардың мониторингі, оларға түгендеу жүргізу бойынша бұдан әрі шаралар қабылдау жөнінде тиісті жұмыс жүргізілді, бұл халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру бойынша басымдықтарды белгілеу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін немесе олардан бас тарту жөнінде жұмыс жүргізу қажеттігін белгілеуге мүмкіндік берді.

2014 жылы Ұлттық Банк пен Ислам даму банкі тобы арасындағы Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға, Ұлттық Банк пен Ислам даму банкі арасындағы исламдық қаржыландыру мәселелері жөніндегі техникалық көмек көрсету туралы келісімге, Ұлттық Банк пен Венгрия орталық банкі арасындағы қызметкерлерді оқыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Ұлттық Банк пен Біріккен Араб Әмірліктерінің орталық банкі арасындағы қаржылық қадағалау саласындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға, Ұлттық Банк пен Қытай Халық банкі арасындағы есеп айырысулар мен төлемдер туралы келісімге, Ұлттық Банк пен Қытай Халық банкі арасындағы Қытай юані/Қазақстан теңгесі валюталық своп туралы келісімге, Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңестің 12 Саммитін өткізу жөніндегі Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен және интеграциялық бірлестіктермен ынтымақтастық

2014 жылы халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық Үкімет пен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімді іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды.

2014 жылғы маусым–қазан аралығындағы кезеңде Ұлттық Банк инвестициялық жобалар мен 2015–2018 жылдарға техникалық көмек (консультация) тарту жөніндегі жобалардың тізбесін айқындау үшін Азия даму банкі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі мен Дүниежүзілік Банк өкілдерінің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырды. «Қаржы секторын дамыту» жұмыс тобының бірқатар кеңестерінің және халықаралық қаржы ұйымдарымен келіссөздердің қорытындысы бойынша негізгі үш бағыт бойынша жобалар айқындалды. Ұлттық Банк Үкімет пен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасын дамыту жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасының жобасын келісті, сондай-ақ Азия даму банкімен, Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен және Дүниежүзілік Банкпен бірлескен жобаларды іске асыруға өтінімдер жіберілді. Ұлттық Банк бірлескен жобаларды жан-жақты талқылау үшін Азия даму банкі мен Дүниежүзілік Банк сарапшыларымен уәкілетті бөлімшелердің бірқатар кездесулерін ұйымдастырды.

Ұлттық Банк ХВҚ Басқарушылар кеңесінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 63-2 Қарарымен мақұлданған ХВҚ-ның Дауыстарды ұлғайту және ХВҚ-ға қатысу жөніндегі келісімінің баптарына түзетулерді ратификациялау бойынша; ХВҚ-ның Басқарушылар кеңесінің 2008 жылғы 5 мамырдағы № 63-3 Қарарымен мақұлданған ХВҚ-ның инвестициялық өкілдіктерін кеңейту бойынша; ХВҚ-ның Басқарушылар кеңесінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 66-2 Қарарымен мақұлданған Атқарушы кеңес реформасы бойынша жұмыс жүргізді.

2014 жылғы 20 ақпанда Алматы қаласында Қазақстан Республикасына техникалық қолдау көрсету шеңберінде Ұлттық Банк ХВҚ-пен бірлесіп «Қазақстан: қызмет көрсетілмейтін кредиттер проблемасын шешу және Проблемалық кредиттер қорының тиімділігін арттыру» тақырыбына халықаралық отырыс өткізді. Қазақстан Республикасында жұмыс істемейтін кредиттермен ахуалды жақсартуға қаржы мекемелеріне көмек көрсету үшін жұмыс істемейтін кредиттердің проблемаларын шешудегі халықаралық тәжірибені ұсыну көрсетілген отырыстың негізгі мақсаты болды. Отырысқа спикерлер ретінде Кореядағы активтерді басқару корпорациясының, «Pengurusan Danaharta Nasional Berhad» (Малайзия), Тай активтерді басқару корпорациясының өкілдері, ХВҚ сарапшылары, банктердің өкілдері, Ұлттық Банк пен Проблемалық кредиттер қорының қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар, 2014 жылғы 4 қарашада «Өңірлік экономикалық шолу: Кавказ және Орталық Азия елдері» тақырыбына ХВҚ-ның кезекті баяндамасы мен ХВҚ миссиясы сапарының таныстырылымы ұйымдастырылды. Ұлттық Банк ХВҚ миссиясының жыл сайынғы Қазақстан Республикасына сапарын ұйымдастырды.

2014 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарынан ШЫҰ-ны дамыту қорын (арнайы шот) қалыптастырудың және жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының жобаларын қарау жөніндегі бірыңғай ұстанымды келісу жөнінде, сондай-ақ ШЫҰ Даму банкін құру мәселесі бойынша жұмыс жүргізді.

Ұлттық Банктің Еуразия даму банкінің қызметіне Қытайдың қосылуының ықтимал талаптары туралы мәселені зерделеуге қатысты ұсынысы жіберілді.

Есепті кезеңде 2014 жылға ШЫҰ-ның негізгі іс-шаралар жоспарының жобасы қаралды. 2012-2016 жылдардағы кезеңде ШЫҰ-ның шеңберіндегі жобалау қызметін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар тізбесі мен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпжақты сауда-экономикалық бағдарламасын іске асыру жөнінде ақпарат қаралды және Сыртқы істер министрлігіне ұсынылды.

Ұлттық Банк өкілдерінің 2014 жылғы 25 сәуірде Мәскеу қаласында өткен Мемлекетаралық банк кеңесінің 48-ші отырысына және Мемлекетаралық банк кеңесінің 2014 жылғы 28 қарашада өткен 49-шы отырысына қатысуы бойынша жұмыс жүргізілді.

Ұлттық Банк Мемлекетаралық банкке тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріндегі валюталық реттеу мен валюталық бақылау, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатумен күрес және терроризмді қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер туралы ақпаратты беру бойынша жұмыс жүргізілді.

Мемлекетаралық банк кеңесінің 49-шы отырысы барысында қабылданған хаттамалық шешімдерге сәйкес Ұлттық Банк Төрағасы Мемлекетаралық банк кеңесінің төрағасы болып 1 жыл мерзімге қайта сайланды.

2014 жыл бойы Мемлекетаралық банктің қаржылық жай-күйін сауықтыруға байланысты мәселе оның қызметінің өзекті мәселесі болды. Көрсетілген мәселелерді жылжыту мақсатында әртүрлі алаңдарда Мемлекетаралық банктің проблемалық мәселелерін шешу, оны қаржылық сауықтыру жөнінде бірлескен шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстар, сондай-ақ Мемлекетаралық банктің қаржылық-банктік ынтымақтастықты тереңдетудегі жүйелік рөлді орындайтын халықаралық мемлекеттік институт ретіндегі одан әрі қызметінің перспективаларына, сондай-ақ орталық бактердің жан-жақты төлемдік-есеп айырысу қатынастарын дамыту саласындағы бірлескен бастамаларын іске асыруға қатысты мәселелер талқыланды.

ТМД елдерімен ынтымақтастық

ТМД елдерімен екіжақты ынтымақтастық шеңберінде жұмыстар жалғастырылды, атап айтқанда Ұлттық Банк ТМД елдерімен екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі туралы, 1992-1993 жылдардағы (корреспонденттік шоттарға өтуге дейін және одан кейін) сауда-экономикалық қатынастардың нәтижелері бойынша туындаған борыштық міндеттемелер мен талаптарды реттеу туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк өкілдері 2014 жылғы 14-15 қазан аралығында Ашхабад қаласында өткен Қазақстан-Түркімен үкіметаралық комиссиясының және 2014 жылғы 25-26 желтоқсанда Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы борыштық міндеттемелерді шешу жөніндегі жұмыс комиссиясының кезектен тыс отырыстарына қатысты.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк өкілдері 2014 жылы 6-7 қараша аралығында Тбилиси қаласында өткен Қазақстан-Грузия үкіметаралық комиссияның кезектен тыс отырысына қатысты. Көрсетілген отырыстарда Ұлттық Банк Қазақстан ұстанымын қалыптастыру және Түркімен мен Грузия тараптарымен 1992-1993 жылдардағы (корреспонденттік шоттарға өтуге дейін және одан кейін) сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нәтижелері бойынша туындаған борыштық міндеттемелер мен талаптарды реттеу туралы мәселелерді талқылау бойынша жұмыс жүргізді.

2014 жылы Ұлттық Банк Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі кіші комиссияның 2012 жылғы 15-16 маусым аралығында Самара қаласында өткен 14-отырысының хаттамасын іске асыру жөнінде жұмыс жүргізді. Кіші комиссияның кезекті 15-отырысы 2015 жылғы 1-ші жартыжылдықта өткізу жоспарланып отыр.

Ресей Федерациясының Орталық банкінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан далалық мекемелеріне есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету мәселесін шешу мақсатында, Ұлттық Банк Ұлттық Банк пен Ресей Федерациясының Орталық банкі арасындағы Ресей Федерациясының Орталық банкінің Қазақстан Республикасының аумағындағы далалық мекемелері туралы келісімнің жобасын қарады. Сондай-ақ, Ұлттық Банк «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ-тың өңірлік филиалдарында ашылған корреспонденттік шоттар арқылы Ресей Федерациясы Орталық банкінің Қазақстан

Республикасының аумағындағы далалық мекемелеріне банктік қызмет көрсету тетігін әзірледі.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің интеграцияланған валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді күшіне енгізу жөніндегі мемлекетішілік рәсімдерді өткізу шеңберінде, 2014 жылы «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің интеграцияланған валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңның жобасы бойынша жұмыс жүргізілді.

ТМД атқару комитетімен ынтымақтастық шеңберінде 2014 жылы Ұлттық Банк банктік реттеу және қадағалау мәселелері бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы тауар айналымға байланысты есеп айырысулардың валюталық құрылымы туралы, сондай-ақ халықаралық стандарттарды пайдалану тәжірибесі туралы ақпарат берді. 2020 жылға дейінгі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өңірлік және шекаралас ынтымақтастығы тұжырымдамасының, оны Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобалары, сондай-ақ ТМД органдарының бірыңғай бюджетінің жобасы қаралды. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сақтандыру терминдері глоссарийінің жобасын келісу бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, 2015 жылы Қазақстан Республикасының ТМД-ға төрағалық ету тұжырымдамасының, сондай-ақ көрсетілген құжатты Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобаларын келісу бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, Ұлттық Банк ТМД экономикалық кеңесінің 61, 62, 63 және 64-отырысы Күн тәртібінің тармақтары жөнінде материалдарды келісу бойынша жұмыс жүргізді.

2014 жылы Ұлттық Банк ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бағалы қағаздары нарықтарын реттеу жөніндегі мемлекеттік органдардың басшылары кеңесінің 16 және 17-отырысы хаттамасының тармақтарын орындау бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен қатар, «Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын тарату мәселесін реттейтін заңнаманы үйлестіру жөніндегі ұсынымдар жобасы туралы» мәселе жөнінде материалдар дайындалды және бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік органдармен келісілді. Сондай-ақ 2014 жылғы 12-13 наурызда Ереван қаласында өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сақтандыру қадағалау органдарының басшылары кеңесінің 6-отырысы Күн тәртібінің тармақтары бойынша материалдарды дайындау және келісу бойынша жұмыс жүзеге асырылды.

Еуразиялық экономикалық одақ

Осы бағыттағы жұмыс шеңберінде Ұлттық Банк Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарт-құқықтық базасын кодификациялау шеңберінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық ықпалдасу туралы 2011 жылғы 18 қарашадағы декларацияға, атап айтқанда Ұлттық Банктің құзыретіне кіретін бөлімдерге: «Келісілген валюта саясатын өткізуге бағытталған шаралар туралы хаттама» № 15 қосымшасын қоса алғанда, XIV «Валюта саясаты» бөліміне, мүше мемлекеттер ұлттық режимді беретін және міндеттемелер қабылдайтын Қаржы қызметтерінің кіші секторларының тізбесі мен ағымдағы заңнамаға сәйкес келетін және елдердің қаржы нарықтарындағы реттеуші талаптарға алдын ала сәйкес келтірген жағдайда ғана алынып тастау болжанған отырған барлық алымдар (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржылық көрсетілетін қызметтерін жеткізушілердің қол жеткізуі үшін кедергілер) көрсетілген, мекемелерге және (немесе) қызметке қатысты Мүше мемлекеттер сақтайтын шектеулердің тізбесі бекітілген «Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттама» № 17 қосымшасын қоса алғанда, XVI «Қаржы нарықтарын реттеу» бөліміне сәйкес әзірленген Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жобасын келісуге қатысты.

Ұлттық Банк Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің жобасын және 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржы нарықтарында жағдайлар жасау туралы келісімге қатысушылар болып табылатын

мемлекеттер арасында ақпарат, оның ішінде құпия Ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасын әзірлеуге қатысты, сондай-ақ көрсетілген Келісімдерді және Валюталық құқықтық қатынастарды реттеудің келісілген тәсілдері мен қатысушы мемлекеттердің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Валюта саясатының келісілген қағидаттары туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің ырықтандыру шараларын қабылдау туралы шарттың жобасын мемлекетішілік келісу өткізді.

2014 жылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушылардың ұлттық (орталық) банктері қаржы саласындағы заңнаманы үйлестіру болжамын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді, оның негізгі мәні мыналарда: Тараптар мынадай төрт бағыт: пруденциялық реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, тарату мен банкроттығын қоса алғанда, трансшекаралық институттарды реттеу, сондай-ақ ұлттық қаржы нарықтарындағы бәсекелестікті қамтамасыз ету бойынша үйлестіруді жүргізеді. Бұл ретте, банк секторы заңнаманы үйлестіру кезінде басымдық берілген сектор болып табылады. Сонымен қатар, Тараптар имплементация үшін қажетті халықаралық қағидаттар мен стандарттарды өз бетінше айқындайды, оларды іске асыру жеке индикативтік жоспарлар шеңберінде жүзеге асыратын болады. Тараптар 2025 жылдан бастап индикативтік жоспарларға сәйкес имплементацияланған әзірленген халықаралық қағидаттар мен стандарттарды басшылыққа алады. Сонымен қатар, Тараптар заңнамадағы дайындалып жатқан өзгерістер туралы тұрақты ақпарат алмасудың тетігін әзірлейді.

2014 жыл бойы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының отырыстарына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің және Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңістің отырыстарына материалдар қаралды.

Ұлттық Банк Макроэкономикалық саясат жөніндегі Консультациялық комитеттің отырыстарына (5-ші отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 22 сәуір) қатысты және оған материалдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді. Көрсетілген отырыс барысында қатысушылар «Макроэкономикалық модельдеу және болжау» бағыты бойынша Жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдады, сондай-ақ Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттерді экономикалық дамытудың негізгі бағыттары паспортының жобасын негізге алды.

Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен Статистика жөніндегі Консультациялық комитеттің отырыстарына (4-ші отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 20 қазан) материалдар дайындау бойынша жұмыс жүргізілді. Комитет отырысы барысында Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылға Статистикалық жұмыс бағдарламасының жобасы мақұлданды; Тараптардың уәкілетті органдары Комиссияға ұсынатын ресми статистикалық ақпараттың статистикалық көрсеткіштерінің тізбесіне өзгерістер мақұлданды, оны ұсыну форматтары, сондай-ақ уәкілетті өкілдермен Сыртқы және өзара тауар саудасының есептелмеген көлемдерін статистикалық қайта санау жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың жобасы мақұлданды. Отырыс қатысушылары сыртқы және өзара сауданың статистика деректерінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы кезекті міндеттерді айқындады.

Ұлттық Банк, Ұлттық Банк өкілдерінің қатысуымен Қаржы нарығы жөніндегі консультациялық комитеттің отырыстарына (6-шы отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 19 наурыз; 7-ші отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 3 қазан; 8-ші отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 19 желтоқсан) материалдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді.

Комитеттің көрсетілген отырыстарында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жобасы «Қаржы нарықтарын реттеу» бөлімі мен оған тиісті қосымша бөлігінде қаралды. Сондай-ақ тараптар алып қоюлар мен шектеулер, оның ішінде кедергілер тізімі, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің нарығына қаржы нарығы бөлігінде өзара рұқсаты мақұлданды. Отырыс барысында Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы заңнамасын үйлестіру жоспарының жобасы және валюта саясатының, оның

ішінде Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде төлемдік-есеп айырысу қатынастары туралы бірқатар мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, Комитет отырысының барысында Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы заңнамасына негізгі өзгерістер талқыланды және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жағдайы мониторингі мақсатында заңнаманы өзгерту мәселелері жөніндегі ақпаратпен тұрақты алмасудың мақсатқа сай екендігі туралы шешім қабылданды.

2014 жыл бойы Ұлттық Банк Валюта саясаты жөніндегі консультациялық комитеттің отырыстарына (7-ші отырыс, Мәскеу қаласы, 2014 жылғы 27 ақпан; 8-ші отырыс, Санкт-Петербург қаласы, 2014 жылғы 1 маусым; 9-шы отырыс, Минск қаласы, 2014 жылғы 14 қараша) материалдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді. Ұлттық Банк басшылығының Консультациялық кеңес отырыстарына қатысу үшін сапарлары ұйымдастырылды.

Тараптар Консультациялық кеңестің 7-ші отырысында ағымдағы экономикалық ахуал және Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы 2013 жылға және 2014 жылғы қаңтардағы ақша-кредит саясатын іске асыру барысы туралы ақпаратпен алмасты. Сонымен қатар, Тараптар Валюталық құқықтық қарым-қатынастарды реттеуге келісілген тәсілдер туралы шарт жобасын өзара келісу жөніндегі жұмыс барысы және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жобасын, талап етулер мен ақпаратпен алмасу туралы, сондай-ақ Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердің, соның нәтижесі бойынша келіспеушіліктері бар мәселелер бойынша келісімге келуге қол жеткізілген қаржы саласындағы заңнамасын үйлестіру жөніндегі келісімдердің жобаларын ырықтандыру шараларын қабылдау туралы мәселені талқылады.

Тараптар Консультациялық кеңестің 8-ші отырысында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қою тұрғысынан Тараптар мемлекеттерінің орталық (ұлттық) банктерінің одан әрі өзара іс-қимыл жасауының міндеттерін, қаржы саласындағы ұлттық заңнамаларды үйлестіру мәселелерін және Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының орталық (ұлттық) банктерінің ұлттық төлем жүйелері саласындағы өзара іс-қимыл жасау бағыттарын талқылады. Сонымен қатар, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің базасында кредиттік тәуекелді бағалау жөніндегі құрылымды құру мүмкіндігі туралы пікірлер, сондай-ақ Ұлттық Банктің Мемлекетаралық банкті дамыту перспективалары туралы ақпараты тыңдалды.

Консультациялық кеңестің 9-шы отырысында Тараптар ағымдағы экономикалық ахуал және Беларусь Республикасындағы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы, сондай-ақ Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасындағы 2014 жылғы 9 айдағы ақша-кредит саясатын іске асыру барысы туралы ақпаратпен алмасты. Сондай-ақ, Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттер банктерінің «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ Заңының талаптарын орындау жағдайы мен перспективалары туралы қаржы саласындағы ұлттық заңнамаларды үйлестіру мәселелері жөніндегі талқылаулар жалғасын тапты. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақ іс-қимылының басталуын есепке ала отырып, Консультациялық кеңестің одан әрі жұмыс істеуінің құқықтық аспектілері, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің қызметін жалғастыру мәселесі, Мемлекетаралық банкті қайта ұйымдастыруға және орнықтылығын қамтамасыз етуге тәсілдер талқыланды.

ЕурАзЭО шеңберіндегі ынтымақтастық

2014 жылы Ұлттық Банк ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 30 және 31-отырыстарына қатысу бойынша жұмыс жүргізді.

Ұлттық Банк «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің банк секторын дамыту жұмысының нәтижелері мен преспективалары туралы», «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің арасында өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер айналымына

байланысты валюталық төлемдер туралы мәліметтерді салыстырмалы талдау нәтижелері туралы», «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің арасындағы екіжақты есеп айрысу статистикасын құру әдістемесін пайдалануды салыстырмалы талдау туралы», «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің конвергенциясының деңгейін сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндері туралы», «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының ақша қаражатының трансшекаралық аударымдары туралы», «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының ақша қаражатының трансшекаралық аударымдарын есепке алу әдіснамасын келісу туралы» мәселелері бойынша материалдарды қарады.

Ұлттық Банк Мемлекетаралық банкке Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бағамының серпінін талдау нәтижелері мен ұлттық валюта нарығының 2013 жылғы негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат ұсынды.

2014 жылдың ішінде Ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін дайындау саласында Ұлттық Банктің қызметкерлері ЕурАзЭО-ның орталық банктері ұйымдастырған семинарлар мен тағылымдамаларға қатысты.

2014 жылға арналған «ЕурАзЭО-ға қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқыту бағдарламасына сәйкес 2014 жылы Ұлттық Банктің базасында 2 семинар мен 10 тағылымда ұйымдастырылып, өткізілді.

Шет елдердің орталық банктерімен ынтымақтастық

Шет елдердің орталық банктерімен екіжақты ынтымақтастық шеңберінде Ұлттық Банк 2014 жылы «Қазақстан-Вьетнам банкаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобы туралы» ереженің жобасын әзірледі және Вьетнам тарапының қарауына жіберді.

Қытай Халық банкімен өзара іс-қимыл шеңберінде 2014 жылғы 24-25 қыркүйек аралығындағы кезеңде Алматы қаласында Қазақстан-Қытай ынтымақтастық комитетінің Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитетінің 9-шы отырысы өткізілді.

Кіші комитеттің 9-шы отырысы барысында 2014 жылғы 25 қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та теңге/юань валюталық жұбының сауда-саттығын ашу және 2014 жылғы 16 желтоқсанда Үрімші қаласында Қытайдың банкаралық валюталық орталығының өңірлік нарығында юань/теңгеде сауда-саттығының іске қосылуы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының орталық банктері арасындағы ынтымақтастықтың маңызды жетістігі болды.

9.2. Ұлттық Банктің ақпараттық-түсіндіру қызметі

Негізгі мақсатқа – бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге қол жеткізу жөніндегі Президенттің жолдауларында, үкіметтік бағдарламаларда Ұлттық Банктің алдына қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі қызметтің бағыттарын, сондай-ақ мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу саласындағы Ұлттық Банк қызметін, төлем жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етуді, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыруды, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде жәрдемдесуді, Ұлттық Банктің ұсыныстары мен бастамаларын жарыққа шығару үшін, сондай-ақ Ұлттық Банктің оң имиджін қалыптастыру үшін 2014 жылы Ұлттық Банк ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

2014 жылы 99 баспасөз релизі жарияланды, 16 баспасөз іс-шаралары өткізілді. Жыл бойы Ұлттық Банкке республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарынан 500-ден астам сұратулар келіп түсті, оларға жеткілікті түрде жауаптар дайындалды.

Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Заң газеті», «Юридическая газета» республикалық газеттерінде жарияланды. 2014 жылы Ұлттық Банктің 71 қаулысы және 24 ресми хабарламасы жарияланды.

Шетелдік және республикалық мемлекеттік пен қаржы құрылымдарын Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының статистикалық деректері, нормативтік құқықтық актілері, талдамалық материалдар туралы хабардар ету мақсатында Ұлттық Банктің кезеңдік ресми баспа басылымдарын шығару мен жариялау жөнінде ұйымдық және техникалық іс-шаралар өткізілді:

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»;
 «Вестник Национального Банка Казахстана»;
 «Годовой отчет Национального Банка Республики Казахстан/Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық есебі»;
 «Annual report»;
 «Платежный баланс и внешний долг Республики Казахстан»;
 «Қазақстан Республикасының Төлем балансы және сыртқы борышы»;
 «Экономикалық шолу/Экономическое обозрение»;
 «Отчет о финансовой стабильности Казахстана»;
 «Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп»;
 «Financial stability report of Kazakhstan»;
 «Статистикалық бюллетень / Статистический бюллетень»;
 «Statistical Bulletin»;
 «Инфляцияға шолу/Обзор инфляции»;
 «Inflation review».

Президенттің телерадиокешенімен бірлесе отырып ұлттық валюта жайында «Теңге. Кеше. Бүгін. Ертең» деген деректі фильм мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалды.

9.3. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жұмысын жүргізу үшін Ұлттық Банк коммуникациялық арналардың кең ауқымын теледидарды, радионы, баспа мен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын және интернет-ресурстарды белсенді түрде пайдаланды.

Ұлттық Банк халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына, оның ішінде Ұлттық Банктің интернет-порталына және газеттер мен журналдарға, теледидарға тиісті ақпарат орналастыру, оқыту іс-шараларын жүргізу арқылы, конференцияларға және басқа жұмыстық кездесулерге қатысу арқылы жүйелі жұмыс жүргізді.

Х. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ

Ұлттық Банк 2014 жылы халықаралық қаржылық есеп стандарттарының талаптары мен Қазақстан Республикасы заңнамаларының өзгерістеріне сәйкес қаржы ұйымдары, арнайы қаржы компаниялары, исламдық арнайы қаржы компаниялары, микроқаржы ұйымдары, «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамы және инвестициялық қорлар үшін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік ұсынымдарды одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Ұлттық Банк Төрағасының 2014 жылғы 27 ақпандағы №46 бұйрығымен бекітілген «Зейнетақы активтерін беру және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ қызметі жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2.4-тармағын іске асыру мақсатында «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептілік стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының, оның ішінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының қолданыстағы талаптарына сәйкес келтіру, сондай-ақ

нормативтік құқықтық актілердің редакциясын нақтылау және нормаларын практикада дұрыс қолдану мақсатында:

Кепілдің және басқа қамтамасыз етудің құнын айқындау қағидалары, сондай-ақ Провизияларды (резервтерді) құру қағидалары пысықталды;

«Брокерлік қызмет жөніндегі операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» 33 бухгалтерлік есеп стандарты клиенттен қабылданған ақшаны бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның меншікті бухгалтерлік балансында актив ретінде тану критерийлерін бөле отырып, жаңа редакцияда бекітілді;

қайта сақтандырушы ұйымы қайта сақтанушыға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру агентіне немесе сақтандыру брокеріне комиссиялық сыйақыны төлегенін көрсету жөніндегі бухгалтерлік жазбаларды жетілдіре отырып «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларында сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізілді;

инвестициялық басқару туралы шартқа сәйкес және брокерлік қызметті көрсету туралы шарт бойынша қабылданған клиенттердің ақшасын есепке алу жөніндегі бухгалтерлік жазбаларды жетілдіре отырып, Инвестициялық портфельді басқарушылар мен бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 106-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында Ұлттық Банк банктер, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар әзірлеген кепілдің және басқа қамтамасыз етудің құнын айқындау әдістемесін, сондай-ақ провизияларды (резервтерді) есептеудің әдістемесін бекітті.

Ұлттық Банк 2014 жылы қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есепті, қаржылық есептілік пен бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру саласындағы талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруды жалғастырды. Тексерулердің барысында анықталған бұзушылықтар бойынша тиісті айыппұлдар салынып, шектеулі ықпал ету шаралары шығарылды.

XI АКТИВТЕРДІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

11.1. Ұлттық қорды басқару

Ұлттық қор портфелінің жалпы нарықтық құны 2014 жылғы 31 желтоқсанда 75,2 млрд. АҚШ долларына¹⁵, оның ішінде валюталық портфельдің жалпы нарықтық құны – 73,2 млрд. АҚШ долларына (97,3%) және қазақстандық эмитенттер облигацияларының теңгелік портфелінің – баламасы 2 млрд. АҚШ долларына¹⁶ (2,7%) тең болды. Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамындағы тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің нарықтық құны тиісінше – 25,9 млрд. АҚШ доллары (35,39%) және 47,3 млрд. АҚШ доллары (64,61%) болды.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының нарықтық құны BNY Mellon кастодиан банкінің деректеріне негізделеді.

Ұлттық қордың BNY Mellon кастодиан банкінің деректері бойынша 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде базалық валюта – АҚШ долларымен есептелген, (-)0,96 млрд. АҚШ¹⁷ долларын құраған инвестициялық шығын (іске асырылған және іске асырылмаған) құралды.

¹⁵ Теңгедегі шот пен кредиторлық берешекті ескермегенде

¹⁶ 1 АҚШ доллары = 182,35 теңге бағамы бойынша

¹⁷ Теңгедегі активтер бойынша операциялар сомаларын ескермегенде

Ұлттық қордың кірістілігі

Ұлттық қордың кірістілігі 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында Ұлттық қордың базалық валютасы – АҚШ долларымен (-)1,19% болды, бұл осы валютаның әлемдік валюталардың көпшілігімен салыстырғанда 2014 жыл бойы нығаюымен байланысты. Бұл ретте, бұдан әрі көрсетілгендей, 2014 жылы Ұлттық Банк тиісті белгіленген эталондарға қарамастан, тұрақтандыру және жинақ портфельдері бойынша оң үстеме кірістілікті алуды қамтамасыз етті. Ұлттық қордың кірістілігі құрылғанынан бастап 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығында 70,81%-ды құрады, бұл жылдық көрсеткіш бойынша 4,02%-ды құрайды. Кірістілікті есептеу Ұлттық қордың базалық валютасы – АҚШ долларымен жүзеге асырылды (XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 11.1.1-сурет).

Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі.

Дербес басқарудағы тұрақтандыру портфелінің активтері 2014 жылы ақша нарығының құралдарына, негізінен, АҚШ қазынашылығының бағалы қағаздарына орналастырылды.

Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 2014 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында 0,13% болды, осы кезеңде эталон портфелінің кірістілігі (Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) 0,12%-ды құрады. Осылайша, тұрақтандыру портфелінің активтерін басқарудың нәтижесінде 2014 жылы 0,01%-ды құраған оң үстеме кірістілік алынды (XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 11.1.2-сурет).

Жинақ портфелінің кірістілігі.

Жинақ портфелінің кірістілігі 2014 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында (-) 2,05%-ды құрады, осы кезеңде эталондық портфельдің кірістілігі (30% – Merrill Lynch US Treasuries; 26% – All Euro Government Index, DE, FR, NL, AT, LU, FI; 10% – Merrill Lynch UK Gilts; 10% – Merrill Lynch Japan Governments; 5% – Merrill Lynch Australian Governments; 5% – Merrill Lynch Canadian Governments; 5% – Merrill Lynch South Korean Government Index; 3% – Merrill Lynch Hong Kong Government Index; 2% – Merrill Lynch Singapore Government Index; 2% – Merrill Lynch Danish Government Index; 2% – Merrill Lynch Sweden Government Index, бұл жалпы сомада эталондық портфельдің 80% құрайды және 20% – әлемнің дамыған елдерінің компаниялары акцияларының индексі MSCI World) (-)2,74% болды. 2014 жылы жинақ портфелінің үстеме кірістілігі оң болып, 0,69%-ды құрады (XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 2-қосымша, 11.1.3-сурет).

«Ауқымды облигациялар» мандатының түрі

Ұлттық Банктің мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқаруды дербес жүзеге асыратыны сияқты, инвестициялық басқару жөніндегі халықаралық компаниялар (сыртқы басқарушылар) да басқарады. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің дербес басқаруындағы мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтері 69,3%-ды құрады, ал осы қосалқы портфельдің қалған 30,7% активтері сыртқы басқаруда болды.

Жылдың басынан бастап 2014 жылғы 31 желтоқсан аралығында Облигациялардың қосалқы портфелін басқарудың кірістілігі (-)4,42%-ды құрады. Осы қосалқы портфельдің эталондық портфель кірістілігі (-)4,77%-ды құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған үстеме кірістілік 0,35% болды. (Мандаттың жылдар бойынша кірістілігі XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 2-қосымшада, 11.1.4-суретте берілген).

«Ауқымды акциялар» мандатының түрі

Мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқаруды алты инвестициялық басқару жөніндегі халықаралық компания (сыртқы басқарушылар) мен Ұлттық Банк басқарады. Мандаттың осы түрі бойынша активтерді басқарудан кірістілік 4,90%-ды құрады, ал бенчмарктың кірістілігі 5,64% болды. Осылайша, мандаттың осы түрі бойынша активтерді басқару нәтижесінен алынған кірістілік (-)0,74% құрады. (Мандаттың жылдар бойынша кірістілігі XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 2-қосымшада, 11.1.4-суретте берілген).

«Активтерді ауқымды тактикалық бөліп тарату» мандатының түрі

Қазіргі кезде «Активтерді ауқымды тактикалық бөліп тарату» мандатының түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқаруды бір инвестициялық басқару жөніндегі халықаралық компания (сыртқы басқарушылар) жүзеге асырады. Мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқару кірістілігі (-)3,31%-ды құрды, ал бенчмарктың кірістілігі (-)2,74% болды. Осылайша, мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқарудың нәтижесінде эталондық портфельге қатысты үстеме кірістілік (-)0,57%-ды құрады (мандаттың жылдар бойынша кірістілігі XI бөлімнің 11.1-бөлімшесіне 2-қосымшада, 11.1.4-суретте берілген).

11.2. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару

ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру 2014 жылғы 26 наурызда аяқталды.

Нәтижесінде шоғырландырудың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің көлемі 2014 жылғы 1 сәуірде 3 960,6 млрд. теңге болды.

2014 жылғы 1 сәуірден бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері 4 515,7 млрд. теңгені құрап, 14,0%-ға ұлғайды.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері портфелінің құрылымының 43,6%-ы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарынан, 30,6%-ы Қазақстан Республикасы эмитеттерінің бағалы қағаздарынан, 6,8% – шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарынан, 15,7% – Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдар мен 3% ақша қаражатынан тұрды.

Теңгеге номинирленген БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің үлесі 88,0%, шетел валютасына номинирленген үлесі – 12,0% болды.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Ұлттық Банк БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін жалпы сомасы 1 543,3 млрд. теңгеге инвестициялауды жүзеге асырды.

Инвестициялардың негізгі көлемін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы банктеріндегі облигациялар мен депозиттер және еурооблигациялар құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырған инвестицияларды өтеуге орташа сараланған кірістілік 2014 жылы жылдық 8,3%-ды құрады.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің кірістілігі

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің кірістілігі 2014 жылы 6,3%-ды құрды.

11.3. Ұлттық Банктің клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызметтер

Ұлттық Банк клиенттерінің кастодиандық, сенімгерлікпен және брокерлік қызмет көрсетуіндегі активтерінің жалпы сомасы 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2014 жылдың басымен салыстырғанда 2,6 есе ұлғайып, 5 665,0 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық Банктің көрсетілген қызметтен түскен кірістерінің жалпы сомасы 2014 жылы 6,1 млрд. теңге, өтелген шығыстарының жалпы сомасы 0,4 млрд. теңге болды.

ХІІ. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ

12.1. Ұйымдық құрылым

Ұлттық Банктің құрылымы мен жалпы штат санының лимиті Президенттің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген.

2014 жылы жаңғыртылып отырған функциялары мен міндеттеріне қарай Ұлттық Банктің оңтайлы әрі серпінді ұйымдық құрылымын қалыптастыру мақсатында Ұлттық Банктің құрылымы мен штат кестесін оңтайландыру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 744 Жарлығына сәйкес 2014 жылы Ұлттық Банкті қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда:

Ұлттық Банктің 2 ведомосы: Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті мен Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті функциялары мен штат санын Ұлттық Банктің орталық аппаратына бере отырып таратылды;

Ұлттық Банктің орталық аппаратының 2 департаменті: Статистика департаменті мен Даму және тәуекелдерді басқару департаменті функциялары мен штат санын Ұлттық Банктің орталық аппаратының басқа департаменттеріне бере отырып таратылды;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таратылған Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің базасында Ұлттық Банктің орталық аппаратының 5 бөлімшесі: Банктік қадағалау департаменті, Бағалы қағаздары нарығының субъектілерін қадағалау департаменті, Сақтандыру нарығының субъектілерін қадағалау департаменті, Қаржы ұйымдарын инспекциялау департаменті, Қаржы нарығының субъектілерін таратуды бақылау басқармасы құрылды;

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің базасында қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мен еліміздің халқының қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі мәселелерді шешу бойынша жұмысты жалғастыру үшін Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті құрылды;

Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыс департаментінің 2 басқармасының базасында Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті құрылды;

Әкімшілік-шаруашылық мәселелермен айналысатын дербес басқарма мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша қосымша функциялар мен өкілеттіктерді бөліп беруге, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымдары үшін сатып алуды жүзеге асыру бойынша жаңа міндеттерді орындауға байланысты, Ұлттық Банктің алдағы уақытта мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың қолданылу саласынан шығуына байланысты басқарманың мәртебесін көтеру мақсатында департамент (Әкімшілік департаменті) болып қайта құрылды.

2014 жылдың соңында Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымы 25 департаменттен (1 департамент Астана қаласында) және 4 дербес басқармадан, 17 филиалдан, Ресей Федерациясындағы өкілдіктен және 4 есеп беретін ұйымнан тұрды (ХІІ бөлімнің 12.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 12.1.1-сурет).

Ұлттық Банк 7 акционерлік қоғамның: «Қазақстан Республикасының Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-тың (100%), «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың (100%), «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-тың (100%), «Q-BRO» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің резервтік орталығы» АҚ-тың (100%), «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың (100%), «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» АҚ-тың (100%), «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» академиясы» АҚ-тың (100%) бірден-бір құрылтайшысы, сондай-ақ 4 акционерлік қоғамның:

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-тың (94,57%), «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» рейтингтік агенттігі» АҚ-тың (57%), «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың (54,98%), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (50,1%) акционері болып табылады.

12.2. Адам ресурстары саласындағы саясат

2014 жылы Ұлттық Банк бойынша (ұйымдары мен акционерлік қоғамдарын қоса алғанда) кадрлардың тұрақтамау деңгейі 2013 жылмен салыстырғанда 1,8 пайыздық тармаққа өсіп, 8,6%-ды құрады. Орталық аппарат пен филиалдар бойынша кадрлардың тұрақтамауы – 6,1% (1,4 пайыздық тармаққа ұлғайды), ұйымдар бойынша – 4,7% (0,4 пайыздық тармаққа төмендеді) және акционерлік қоғамдар бойынша – 18,4% болды (3,6 пайыздық тармаққа өсті) (XII бөлімнің 12.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 12.2.1-кесте).

Ұлттық Банк қызметкерлерінің білім құрылымы (орталық аппарат және филиалдар): жоғары білімі бар қызметкерлер барлық қызметкерлердің тізім санының 86,6%-ы, арнаулы орта білімі бар қызметкерлер 7,5%-ы және орта білімі бар қызметкерлер 5,9%-ы (техникалық қызметкерлер, жұмысшы мамандықтарының және асхананың техникалық қызметкерлері) болды. Бұл көрсеткіштер ұйымдар бойынша тиісінше 60,3%, 24,8%, 14,9%, акционерлік қоғамдар бойынша 58,4%, 16,2%, 25% болды.

Орталық аппарат қызметкерлерінің құрамында әйелдер 62,9%, филиалдарда – 61,2%, ұйымдарда – 38,1%, акционерлік қоғамдарда 49,9% болды.

Ұлттық Банкте бес жылдан он жылға дейін жұмыс өтілі бар қызметкерлердің үлес салмағы 23,1% болды, олар қызметкерлердің барынша тұрақты санаты болып табылады, бір жылдан үш жылға дейін жұмыс өтілі бар қызметкерлердің үлес салмағы - 13,3%, үш жылдан бес жылға дейінгісі - 14,9%, он жылдан жиырма жылға дейінгісі – 20,3% және жиырма жылдан астамы – 17,1% болды. Ең аз үлес салмағы 11,3% бір жылға дейін жұмыс өтілі бар қызметкерлерге тиесілі.

2014 жылғы 12 қыркүйектен бастап 10 қазан аралығындағы кезеңде Ұлттық Банк қызметшілерінің 32 бос лауазымдарына (оның ішінде жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына) орналасуға конкурс өткізілді. 184 кандидат конкурсқа қатысуға құжаттарын берді (кейбір кандидаттар бірнеше лауазымдарға өтініш бергендіктен, 458 лауазымға). Кандидаттардың құжаттары Ұлттық Банк қызметшілерінің лауазымына қойылатын талаптарға сәйкес келуіне талдау жүргізілгеннен кейін әңгімелесуге 179 кандидат жіберілді (437 лауазымға). Әңгімелесуден 163 кандидат өтті (390 лауазымға). Әңгімелесудің нәтижелері бойынша конкурстың 24 қатысушысы бойынша оң шешім қабылданды, конкурстың 12 қатысушысы Ұлттық Банктің кадр резервіне алынды, 8 лауазым бойынша конкурс өтпеді.

Ұлттық Банктің бос жұмыс лауазымдарына орналасуға арналған конкурстың жеңімпаздары: шетелден білім алған, Ұлыбританияда, АҚШ-та, Қытайда, Малайзияда, Ресейде, Түркияда оқыған, Президенттік «Болашақ» бағдарламасының стипендианттары болып табылады, банк саласында жұмыс өтілдері бар, табысты жобалардың әзірлеушілері болып табылады, түрлі салада магистр дәрежесі бар және түрлі халықаралық сертификаттардың иегерлері.

«Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру мақсатында жұмыс жүргізілді және Ұлттық Банктің персоналды басқаруын бағалау үшін Ұлттық Банктің қызметшілері бойынша 2013 жыл бойынша ақпарат, статистикалық деректер, мәліметтер дайындалды.

Персоналды басқару тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы қорытындыға сәйкес Ұлттық Банктің персоналды басқару бойынша тиімділігі 2013 жылы 84,76 балл болды (2012 жылы – 84,9) және орташа тиімді деңгейде қатарынан 4 жыл сақталуда.

Ұлттық Банктің қызметкерлері 2014 жылы орталық банк қызметінің өзекті бағыттары бойынша оқытылды: оқытылған қызметкерлердің саны 1 302 қызметкерді құрады, олардың ішінде Ұлттық Банкте семинарлар мен тағлымдамада – 616, Қазақстан Республикасының аумағында – 461, ТМД елдерінде және шет елдерде – 225 қызметкер оқытылды.

2014 жылы Ұлттық Банк Магистратурасын 47 адам (оның ішінде 29 ақысыз негізде оқытылды, 13 оқу озаттары) аяқтады. Ұлттық Банкте 30 адам, басқа қаржы ұйымдарында 13 жұмыспен қамтылды. 2014-2015 оқу жылына магистранттар жиынының қорытындысы бойынша 52 адам оқуға түсті.

Жоғарғы оқу орындарының 40 студентінің және Ұлттық Банк Магистратурасының екінші курсы 44 магистрантының кәсіптік тәжірибеден өтуі ұйымдастырылды.

Персоналды уәждеу

Президенттің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 974 Жарлығымен Ұлттық Банк жүйесінің қызметкерлері мемлекеттік наградалармен наградталды: «Құрмет» орденімен – 1 адам, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – 3 адам және Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен – 2 адам. Сонымен қоса, Ұлттық Банктің 110 қызметкеріне «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері» төс белгісі және 201 қызметкерге Ұлттық Банк Төрағасының алғыс хаты берілді.

Ұлттық Банк жүйесінің бұрынғы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау мақсатында Ұлттық Банктің зейнеткерлері тізімінде тұрған жұмыс істемейтін зейнеткерлермен жұмыс жүргізілді, 2014 жылдың соңында олардың саны 819 адам болды.

12.3. Ақпараттық технологияларды дамыту

Жобалау және зерттеу жұмыстары

2014 жылы Ұлттық Банктің интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйесін дамыту мен пысықтау жөнінде жұмыстар Ұлттық Банк бөлімшелерінің өтінімдері бойынша 32 жоба бойынша жүргізілді.

Жобалық жұмыстардың шегінде мына жұмыстар орындалды:

Ұлттық Банктің Төрағасы 2012 жылғы 4 маусымда бекіткен 2012-2014 жылдары Ұлттық Банктің автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелерін мемлекеттік тілге аудару жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыру мақсатында, Ұлттық Банктің интерфейстерін, анықтамалықтары мен қолданыстағы бес автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелерінің шығыс нысандарын мемлекеттік тілге аудару жөнінде жұмыстар жүргізілді;

Ұлттық Банкте веб-технологияларды одан әрі енгізу мен жетілдіру мақсатында зейнетақы жинақтаушы қорларынан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан есептілікті жинау мен өңдеу, мониторингке қатысушы-кәсіпорындардың пікіртерін сауалнамаларының деректерін енгізу мүмкіндігін іске асыру, «Көрсеткіштерді жинаудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйенің порталымен біріктіру тұрғысынан Ұлттық Банктің веб-порталын дамыту және пысықтау жөнінде жұмыстар жүргізілді;

функционалдық мүмкіндіктерді жетілдіру, есептіліктің жаңа кіріс пен шығыс нысандарын әзірлеу, жаңа міндеттерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің өзгеруіне байланысты Ұлттық Банктің 14 автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелерін пысықтау мен дамыту жөнінде жұмыстар жүргізілді;

банктердің және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың қатысуымен Ұлттық Банктің аукциондарын өткізу және құжаттарға қол қою кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану үшін веб-технологияларға негізделген алаңды құру

мақсатында «Электрондық аукцион» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді;

сақтандыру топтары мен банк конгломераттарынан есептілікті жинау және өңдеу процесін автоматтандыру мақсатында «Шоғырландырылған қадағалау» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені әзірлеу тұрғысынан «Көрсеткіштерді жинаудың бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйені дамыту жөнінде жұмыстар жүргізілді;

ипотекалық ұйымдардың, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және сауда-саттықты ұйымдастырушының есептік ақпаратын жинау мен өңдеу технологиясын жетілдіру мақсатында «Қаржылық реттеуші статистикалық көрсеткіштер» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені әзірлеу жөнінде жұмыстар жүргізілді;

Ұлттық Банктің ведомстволық автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелерін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерімен және «электрондық үкімет» құрауыштарымен интеграциялау мақсатында автоматтандыру объектілерін зерттеу және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шлюзы» автоматтандырылған ақпараттық жүйені әзірлеуге талаптарды қалыптастыру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Зерттеу жөніндегі есеп әзірленді, мүдделі бөлімшелермен келісілді және оны Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары бекітті;

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу процесін жетілдіру, бағалы қағаздар шығарылымдарын тіркеуді басқару мен бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында автоматтандыру объектілерін зерттеу және «Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйенің жаңа нұсқасын әзірлеуге талаптарды қалыптастыру жөнінде жұмыстар жүргізілді.

Ақпараттық технологияларды дамыту және стандарттау

Байланыс және ақпарат агенттігінің комиссиясы 2014 жылғы сәуірде Ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес Ұлттық Банкте тексеру жүргізді. Тексерудің нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің бағасы 2013 жылы 74,99 баллды құрады (2012 жылы – 84,69 балл) және Ұлттық Банк бағаланатын мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ішінен 11-орынды иеленді (2012 жылы – 3-орын). Қызмет тиімділігінің жалпы бағалау нәтижелері туралы қорытындыда атап өтілгендей «Қазақстан Ұлттық Банкі үш жыл қатарынан орташа тиімді деңгейде тұр». Бағалаудың қорытындылары бойынша 2014 жылға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде «Ақпараттық технологияларды қолдану» көрсеткішін жақсарту жөніндегі жоспар» әзірленді (2013 жылғы тексерудің қорытындылары бойынша) және 2014 жылдың 10 қыркүйегінде бекітілді.

Инвестициялар және даму министрлігіне 2010 және 2011 жылдардағы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша берілген Тапсырмалардың орындалуын бақылау бойынша іс-шаралар жоспарының және 2012 жылғы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша берілген Тапсырмалардың орындалуын бақылау бойынша іс-шаралар жоспарының тармақтарын іске асыру бойынша тоқсан сайынғы есептерді ұсыну жөнінде жұмыс жүргізілді.

Мемлекеттік органдардың интернет-порталының Білім базасында орналастырылған ақпаратты жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді, уәкілетті органға Білім базасында орналастыру үшін Инвестициялар және даму министрлігі ұсынған нысандар бойынша дайындалған Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелері, мемлекеттік қызметтері мен функциялары бойынша мәліметтер жіберілді.

Ұлттық Банктің қызметін автоматтандыру кезінде мақсатқа сай келуін айқындау мақсатында жаңа бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық технологияларды зерделеу жөнінде жұмыстар жүргізілді:

1) ішкі аудиттің қызметін автоматтандыру үшін дайын бағдарламалық өнімдердің нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізілді;

2) Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесін мемлекеттік дерекқорлармен және басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау үшін арналған «Қазақстан Ұлттық Банкінің шлюзі» ақпаратты жүйені әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары шегінде басқа мемлекеттік органдар «электрондық үкімет» құрауыштарымен интеграциялау үшін қолданатын интеграциялық шешімдерге зерттеу жүргізілді, интеграциялық шешімдер саласындағы жетекші компаниялар арасында маркетингтік зерделеу өткізілді;

3) Ұлттық Банкті мемлекеттік сатып алу субъектілерінен шығаруға байланысты сатып алу порталын жасау үшін бағдарламалық өнімдер нарығына маркетингтік зерделеу өткізілді, мүдделі бөлімшелер үшін нарықта ұсынылып отырған шешімдердің тұсаукесерлері өткізілді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға қатысу жөнінде жұмыстар жүргізілді:

1) Ұлттық Банк лицензияларының бірыңғай ұлттық тізілімін қалыптастыру, мемлекеттік қызметтерін және рұқсат беру рәсімдерін автоматтандыру мақсатында Ұлттық Банктің 2014 жылы оңтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру жоспарларын зерттеу мен дайындау жөнінде жұмыстар жүргізілді, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-пен және Ұлттық Банк бөлімшелерімен мемлекеттік қызметтерді зерделеу жөніндегі есептер келісілді және оған қол қойылды. 2014 жылы оңтайландыру мен автоматтандыруға жататын қызметтерді автоматтандыру жөніндегі жұмыстарға үйлестіру жүргізілді;

2) 2014 жылы Ұлттық Банктің филиалдарын Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіне қосу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жүргізілді. Орталық филиалды және Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығын қоспағанда, барлық аумақтық филиалдар 2014 жылдың соңына дейін Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіне қосылды. Қалған филиалдарды 2015 жылы қосу жоспарланып отыр;

3) Президент Әкімшілігі Басшысының 2013 жылғы 14 қарашадағы № 01-38.67 бұйрығымен бекітілген 2012 жылғы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Ұлттық Банктің өкілдері Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін «электрондық үкіметтің» құрауыштарымен, оның ішінде әзірленіп жатқан не әзірленуі жоспарланған ақпараттық жүйелерді қоса алғанда, мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жоспарын талқылауға және келісуге қатысты. Ұлттық Банктің өкілдері Ұлттық Банктің және банктердің ақпараттық жүйелерін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялаудың, сондай-ақ мемлекеттік дерекқорларға қолжетімділіктің мәселелерін талқылау жөніндегі кеңестерге және жұмыс кездесулерге де қатысты;

4) 2014 жылы Ұлттық экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізу» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі мен «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесінің өзара әрекет етуін іске асыру үшін Ұлттық Банкке тұрақты негізде электрондық түрде бірыңғай бюджеттік сыныптаушты ұсыну туралы мәселені шешу жөнінде жұмыстар жалғастырылды. Бұл жүйенің интеграцияға дайын болмауына, сондай-ақ мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыруға байланысты 2014 жылы аталған ақпараттық жүйелердің өзара әрекет етуін іске асыру жүргізілмеді. Жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру жоспарлануда.

Мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілерді келісу жүргізілді:

1) норма шығару жұмысы шегінде «Зерде» холдингі келісуге ұсынған «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралды. Ұлттық Банк тарапынан Заңның жобасы ескертулерсіз келісілді. Ұлттық Банктің бұдан бұрын жетілдірілген және жіберілген Ұлттық Банк, оның ішінде оның құрылымына кіретін ұйымдар ақпараттық жұмыстарды, интернет-ресурсты қоса алғанда, электрондық ақпараттық

ресурстарға қатысты ақпараттандыру саласында тауарларды, қызметтерді, сондай-ақ «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның объектілерімен интеграцияланбаған ақпараттық жүйелерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде туындаған қатынастарға Заңның қолданысы қолданылмайды деген ұсыныстары ескерілді.

2) «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламаны іске асыру процестерін үйлестіру жөнінде құрылған сараптама тобының шегінде Көлік және коммуникация министрлігімен, содан кейін құқықтық мирасқоры ретінде Инвестициялар және даму министрлігімен бұл Мемлекеттік бағдарламаны келісу бойынша хат алмасу жүзеге асырылды.

АТ инфрақұрылымын қолдау

Ұлттық Банктің АТ-ресурстарын қолдау АТ-ресурстарға әкімшілік ету, оған ілеспе және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетулер ұсыну арқылы жүзеге асырылды.

Ұлттық Банктің бөлімшелері мен филиалдарында пайдаланылатын Ұлттық Банктің 107 ақпараттық ресурсына ілеспе қызмет көрсету және әкімшілік ету жүзеге асырылды. Help Desk қолдау қызметі пайдаланушылардың өтінімдерін қабылдады және өңдеді. Microsoft компаниясының арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуін, оның ішінде оқу сыныптарын пайдалана отырып, пайдаланушылардың жұмыс станцияларына қашықтықтан қолдау да жүзеге асырылды.

Пайдаланушылар тарапынан қаржы жылын аяқтау бойынша жұмыстарды іркіліссіз және ескертусіз жүргізу қамтамасыз етілді. Консультациялық және практикалық көмек көрсетілді, пайдаланушылардың жұмысын жақсарту үшін есептер әзірленді және түрлендірілді.

Ұлттық Банктің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында серверлерді, тармақталған кабель желісінің активті жабдығын, деректерді беру арналарын, байланыс желілерін, дерекқорлар мен пошта жүйелерін, сондай-ақ вирусқа қарсы қорғауды жұмыс жағдайында ұстау жүзеге асырылды. Компьютер жабдығына техникалық қызмет көрсету мен жүйелік ілеспе қызмет көрсету жөнінде жұмыстар орындалды, Ұлттық Банктің орталық аппараты бөлімшелерінің және оның филиалдарының есеп техникасына, телефония жабдығына және желілік жабдығына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Бейне- және аудиоконференциялардың жүргізілуіне техникалық қолдау қамтамасыз етілді.

12.4. Ішкі аудит

2014 жылы 21 жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізілді, оның ішінде Ұлттық Банктің 16 филиалының, 2 ұйымының, 1 акционерлік қоғамның қызметін тексеру, сондай-ақ 2 бизнес-процеске тексеру жүргізілді. Сонымен қатар, Ұлттық Банк Төрағасының тапсырмасы бойынша 5 жоспардан тыс аудиторлық тексеру, олардың ішінде 4 акционерлік қоғамның қызметіне тексеру, 1 бизнес-процеске тексеру жүргізілді.

Жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижесі бойынша Ұлттық Банктің бөлімшелеріне олардың қызметінің тиімділігін жетілдіруге және арттыруға бағытталған ұсынымдар берілді. Ішкі және сыртқы аудиттің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдарды орындаудың барабарлығына, толықтығына және уақтылылығына тұрақты түрде бақылау жүзеге асырылды.

2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқаруға және Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқаруға мониторинг жүргізілді, сондай-ақ HiPerformance және HiRis бағдарламалық өнімдерін енгізуге және техникалық қолдауға мониторинг жалғасты. Мониторингтердің нәтижелері туралы ақпарат Ұлттық Банктің басшылығына басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұсынылды.

Ішкі аудиттің жұмыс сапасын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде ішкі аудит қызметіне ағымдағы мониторинг жүргізілді, ішкі аудиттің қызметіне тән тәуекелдерді

анықтау, талдау мен бағалау жөнінде жұмыс жүргізілді. Кәсіптік дамуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банктің ішкі аудиторлары ішкі аудиттің, ақпараттық технологиялардың және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі бағыттары бойынша шетелдік орталық банктерге және Қазақстан Республикасының оқу орталықтарына оқытуға жіберілді.

Чех Банкінің тәуелсіз сарапшылары 2014 жылы Ұлттық Банк ішкі аудитінің қызметіне сыртқы бағалау жүргізді. Сыртқы бағалаудың шегінде Ұлттық Банктің ішкі аудитінің тиімділігі мен нәтижелігі, ішкі аудит қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттары мен Ішкі аудиторлар институтының Этика кодексіне сәйкес келу мәселелері қаралды.

Чех Банкінің тәуелсіз сарапшылары жүргізілген сыртқы бағалаудың нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің ішкі аудитінің қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттары мен Ішкі аудиторлар институтының Этика кодексіне «жалпы алғанда сәйкес келеді» деп растады. Ұлттық Банктің ішкі аудитінің қызметінде ішкі аудиттің кейбір озық практикалары қолданылатындығы да расталды. Сыртқы бағалаушылар ішкі аудиттің қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдарын берді, оларды 2015 жылы енгізу жоспарланып отыр.

12.5. Қаржы-шаруашылық қызметі

2014 жылы Ұлттық Банктің кірісі 112 051,1 млн. теңге болды, шығындары – 26 022,7 млн. теңгені, бөлінбеген кірісі 86 028,4 млн. теңгені құрады және 2013 жылмен салыстырғанда 21 782,3 млн. теңгеге (33,9%-ға) өсті.

«АӨҚО академиясы» АҚ акцияларының өтеусіз берілген мемлекеттік пакетін және есептен шығарылған негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалауды есепке ала отырып, бөлініп таратылмаған кіріс 2013 жылмен салыстырғанда 29 758,9 млн. теңгеге (52,7%-ға) ұлғайып, 86 228,6 млн. теңге болды (ХІІ бөлімнің 12.5-бөлімшесіне 1-қосымша, 12.5.1-кесте).

Ұлттық Банктің монетарлық қызметі бойынша 2014 жылы сыртқы және ішкі нарықтағы операциялардың нәтижесінде нетто-кіріс 34 313,9 млн. теңгеге (45,4%) артып, 109 857,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты (ХІІ бөлімнің 12.5-бөлімшесіне 2-қосымша, 12.5.2-кесте).

Сыртқы нарықтағы операциялар бойынша нетто-кірістер 6 956,9 млн. теңгеге (14,8%-ға) төмендеп, 40 001,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты.

Ішкі нарықтағы операциялар бойынша нетто-кірістер 41 270,8 млн. теңгеге (2,4 есе) ұлғайып, 69 856,0 млн. теңге сомасында қалыптасты.

Ұлттық Банктің монетарлық емес қызметі бойынша 2014 жылғы кірістер 2 193,4 млн. теңгені құрады және 10 056,8 млн. теңгеге (82,1%-ға) азайды (ХІІ бөлімнің 12.5-бөлімшесіне 3-қосымша, 12.5.3-кесте).

Шығындар 26 022,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты және 2 474,8 млн. теңгеге (10,5%) ұлғайды. Нетто-шығындар 23 829,3 млн. теңге болды.

Ұлттық Банктің күрделі шығыстары 31 033,8 млн. теңгеге (2,2 есе) ұлғайып, 56 370,8 млн. теңге сомасында жүзеге асырылды (ХІІ бөлімнің 12.5-бөлімшесіне 4-қосымша, 12.5.4-кесте).

Ұлттық Банктің ұйымдары

Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кірістері 2014 жылы 18 570,7 млн. теңгені, өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіруге жұмсалған шығыстары 16 684,0 млн. теңгені құрады. Бюджетке корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі кәсіпорындардың таза кірісі 1 357,5 млн. теңге болды (ХІІ бөлімнің 12.5-бөлімшесіне 5-қосымша, 12.5.5-кесте).

Ұлттық Банктің акционерлік қоғамдары


Акционерлік қоғамдардың кірістері 2014 жылы 38 300,0 млн. теңгені, шығыстары 18 425,5 млн. теңгені құрады. Бюджетке корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі таза кіріс 19 550,8 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты.

I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша

1.2.1-сурет

Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс конъюнктурасы


№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 2-тоқ.	2014 ж. 3-тоқ.	2014 ж. 4-тоқ.
1	Ұлғаюы	13,1	23,2	21,6	17,5
2	Өзгермеуі	57,7	56,9	59,8	56,2
3	Төмендеуі	29,1	19,7	18,5	26,1
4	1-бет-3-бет	-16,1	3,5	3,1	-8,6
5	Дайын өнімге сұраныстың өзгерісінің диффузиялық индексі	42,0	51,8	51,6	45,7



1.2.2-сурет

Шикізат және материалдар бағасының өзгеруі

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 2-тоқ.	2014 ж. 3-тоқ.	2014 ж. 4-тоқ.
1	Ұлғаюы	66,7	59,9	55,3	44,9
2	Өзгермеуі	32,1	39,1	42,8	50,3
3	Төмендеуі	1,1	1,0	1,8	4,7
4	1-бет-3-бет	65,6	58,9	53,5	40,2
5	Шикізат және материалдар бағасы өзгерісінің диффузиялық өзгерісі	82,8	79,5	76,7	70,1




I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша

1.2.3-сурет


Кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының өзгеруі


№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2014 1 тоқ.	2014 2 тоқ.	2014 3 тоқ.	2014 4 тоқ.
1	Ұлғаюы	36,4	29,4	23,9	17,4
2	Өзгермеуі	60,2	66,9	71,4	73,4
3	Төмендеуі	3,3	3,6	4,6	9,2
4	1-бет-3-бет	33,1	25,8	19,4	8,2
5	ДӨ бағасы өзгеруінің диффузиялық индексі	66,6	62,9	59,7	54,1



1.2.4-сурет

Кредиттеу талаптары





***1.2.1, 1.2.2, 1.2.3, 1.2.4, 1.2.5-графиктеріне әдіснамалық түсіндірме:**

Графиктердегі көрсеткіштер мынадай есептеу деректерімен берілді: кәсіпорындар жауаптары топтарының арасындағы пайыздық ара-қатынас, оң және теріс жауаптар санының арасындағы айырма және тағы сол сияқты. Графиктерде және кестелерде көрсетілген диффузиялық индекс оң жауаптардың жиынтығы және «өзгеріссіз» деген жауаптардың жартысы ретінде шығарылады. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру серпінін сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады («Еуропа ВТБ» банкі тәжірибесі бойынша, Англия Банкі). Егер оның мәні 50 деген деңгейден жоғары болса, бұл оң өзгерісті, ал егер 50-ден төмен деңгейде болса, теріс өзгерісті білдіреді. Бұр ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деген деңгейден қаншалықты алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру қарқыны соғұрлым жоғары (ұлғаю немесе азаю) болады

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 1-қосымша

1.4.1-кесте

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

млн. АҚШ долл.

	2013	2013				2014	2014			
		I	II	III	IV		I	II	III	IV
Ағымдағы операциялардың шоты	926,6	2158,0	1032,6	-2309,5	45,5	4643,5	6437,8	451,0	-1444,2	-801,1
Сауда балансы	34792,3	10407,7	8804,7	7076,3	8503,6	35631,3	14134,2	8418,3	7380,2	5698,5
Экспорт	85595,4	20825,9	22279,2	20321,2	22169,2	79060,3	22818,5	19530,4	19407,9	17303,4
Импорт	50803,2	10418,2	13474,5	13244,8	13665,6	43429,0	8684,3	11112,1	12027,7	11604,9
Қызмет балансы	-7094,7	-1421,8	-1651,4	-1982,9	-2038,6	-6435,2	-1278,5	-1625,2	-1694,6	-1836,8
Экспорт	5120,3	1127,8	1382,1	1350,5	1260,0	6348,1	1334,3	1569,8	1731,2	1712,8
Импорт	12214,9	2549,6	3033,5	3333,3	3298,6	12783,3	2612,8	3195,0	3425,9	3549,6
Бастапқы кірістер балансы	-25144,5	-6586,3	-5680,1	-6891,8	-5986,4	-22860,2	-6141,3	-5957,7	-6661,8	-4099,4
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1803,7	-422,3	-434,3	-452,6	-494,6	-1793,0	-437,6	-436,5	-451,8	-467,1
Инвестициялық кірістер	-23480,6	-6198,9	-5280,7	-6474,2	-5526,8	-21207,0	-5738,7	-5556,1	-6244,9	-3667,2
Алынатын кірістер	2176,7	518,1	722,1	468,9	467,7	1883,3	506,4	498,7	433,7	444,4
Тікелей инвестициялардан кірістер	345,0	66,1	221,1	34,5	23,2	99,8	24,5	34,9	17,8	22,7
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1094,4	250,1	302,9	272,2	269,3	1181,2	325,9	309,0	270,0	276,2
Басқа инвестициялардан кірістер	737,3	201,9	198,1	162,2	175,2	602,3	156,0	154,8	146,0	145,5
<i>о.і. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1162,1	293,5	321,5	283,7	263,4	1179,0	323,2	321,5	273,3	261,0
Төленетін кірістер	25657,3	6717,0	6002,9	6943,1	5994,4	23090,3	6245,2	6054,8	6678,7	4111,7
Тікелей инвестициялардан кірістер	22506,1	5984,1	5203,2	6050,1	5268,7	19936,7	5509,6	5262,2	5765,4	3399,5
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1590,9	349,4	415,5	503,0	323,0	1667,1	352,8	370,6	567,5	376,2
Басқа инвестициялардан кірістер	1560,4	383,5	384,2	390,0	402,7	1486,5	382,8	421,9	345,9	336,0
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9
Қайталама кірістер балансы	-1626,4	-241,6	-440,5	-511,1	-433,2	-1692,4	-276,6	-384,5	-468,0	-563,4
Капиталмен операциялар шотының балансы	-6,4	-8,6	2,7	-0,6	0,1	31,1	16,0	2,9	2,2	10,1
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-338,4	962,9	-1320,1	416,1	-397,3	-7362,2	2209,5	-1664,0	-4654,2	-3253,4
Тікелей инвестициялар	-7934,3	-2105,6	-2143,7	-1962,5	-1722,5	-5937,7	-2751,9	-1552,3	-3779,2	2145,7
Қаржылық активтерді таза алу	2012,4	1821,5	-409,2	212,3	387,9	1660,0	-778,3	302,2	212,5	1923,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	9946,8	3927,1	1734,5	2174,9	2110,3	7597,7	1973,6	1854,5	3991,6	-222,1
Портфельдік инвестициялар	6033,7	2355,4	-1258,1	1387,5	3548,8	803,3	4313,5	239,7	1947,3	-5697,2
Қаржылық активтерді таза алу	8503,0	2836,7	2527,6	-35,1	3173,8	6238,2	4038,6	2527,2	1909,1	-2236,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	7779,5	2660,7	2479,9	-441,9	3080,9	6562,8	4107,9	3091,0	1561,5	-2197,5
Банктер	556,6	376,7	33,9	202,8	-56,8	-218,5	-91,3	-158,7	44,6	-13,1

[illegible]

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 2-қосымша

1.4.2-кесте

Қазақстан Республикасының сыртқы борышы: стандартты ұсыным

млн. АҚШ долл.

	31.12.2010 ж. жағдай	31.12.2011 ж. жағдай	31.12.2012 ж. жағдай	31.12.2013 ж. жағдай	31.12.2014 ж. жағдай
Сыртқы борыш	118 222,8	125 320,8	136 918,2	149 931,1	157 062,2
Қысқа мерзімді	8 864,5	7 867,2	9 086,3	9 496,7	9 918,4
Ұзақ мерзімді	109 358,3	117 453,6	127 831,9	140 434,5	147 143,8
Мемлекеттік басқару органдары	3 800,3	4 487,4	4 855,1	5 115,7	7 257,3
Қысқа мерзімді	0,0	7,9	0,1	0,0	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	7,8	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Ұзақ мерзімді	3 800,3	4 479,5	4 855,0	5 115,7	7 257,3
Арнайы қарыз алу құқықтары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	49,1	23,8	14,1	14,7	1 887,6
Кредиттер мен қарыздар	3 751,2	4 455,7	4 840,9	5 101,0	5 369,7
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Орталық банк	1 000,6	563,3	618,9	545,8	961,4
Қысқа мерзімді	470,4	36,3	88,1	9,8	457,2
Қолма-қол валюта және депозиттер	239,5	16,5	88,1	6,7	443,2
Борыштық бағалы қағаздар ¹	230,9	19,8	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	3,2	3,1
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	11,0
Ұзақ мерзімді	530,2	526,9	530,8	536,0	504,2
Арнайы қарыз алу құқықтары	529,2	525,9	529,8	535,0	503,2
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
Банктер	19 947,9	14 604,8	13 524,9	11 160,2	10 094,0
Қысқа мерзімді	1 622,5	1 046,6	1 647,6	1 227,4	1 442,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	1 275,4	772,1	1 203,3	829,5	988,5
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	227,7	130,8	360,9	316,6	351,8
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер	119,4	143,7	83,3	81,3	101,8
Ұзақ мерзімді	18 325,3	13 558,1	11 877,3	9 932,8	8 651,9
Қолма-қол валюта және депозиттер	275,1	262,2	428,5	944,6	816,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	10 695,5	7 916,3	6 639,8	5 739,7	4 704,1
Кредиттер мен қарыздар	7 354,7	5 379,6	4 809,0	3 248,5	3 131,9
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа секторлар³	41 199,2	43 089,1	50 311,0	59 179,2	59 548,2
Қысқа мерзімді	6 771,5	6 776,4	7 350,6	8 259,5	8 019,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	1 287,7	1 175,8	869,3	899,5	1 161,7
Сауда кредиттері мен аванстар	5 305,6	5 455,1	6 307,9	7 218,6	6 805,5
Басқа да міндеттемелер	178,2	145,5	173,4	141,4	51,9
Ұзақ мерзімді	34 427,7	36 312,8	42 960,5	50 919,8	51 529,1

Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	9 053,4	10 254,4	11 130,1	12 975,6	15 912,8
Кредиттер мен қарыздар	23 658,2	24 336,1	29 883,4	35 836,5	33 297,7
Сауда кредиттері мен аванстар	1 716,0	1 722,2	1 947,1	2 019,2	2 134,5
Басқа да міндеттемелер ²	0,0	0,0	0,0	88,5	184,0
Басқа қаржылық ұйымдар	1 910,5	2 133,9	1 982,2	2 897,2	3 442,3
Қысқа мерзімді	107,0	100,7	90,6	115,6	75,7
Ұзақ мерзімді	1 803,4	2 033,2	1 891,5	2 781,6	3 366,6
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылықтары және ҮШҚКЕҰ	39 288,7	40 955,2	48 328,9	56 282,0	56 105,8
Қысқа мерзімді	6 664,5	6 675,7	7 259,9	8 143,9	7 943,4
Ұзақ мерзімді	32 624,2	34 279,6	41 068,9	48 138,1	48 162,5
Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек	52 274,7	62 576,2	67 608,3	73 930,2	79 201,2
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелері	49 721,8	59 589,4	63 632,6	69 647,2	72 714,5
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері (кері инвестициялау)	2 553,0	2 597,8	3 429,2	3 392,2	1 407,0
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері	0,0	389,0	546,5	890,7	5 079,7

¹Борыштық бағалы қағаздар нарықтық бағамен (бар болған жағдайда) есептелінеді

²Сақтандыру мен зейнетақы бағдарламаларын және стандартты кепілдік бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық инвестициялық позицияның құрылымындағы басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелерді қамтиды

³Басқа секторлар сыртқы борыш құрылымында дербес бап болып табылатын фирмааралық берешекті қамтымайды

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 3-қосымша

1.4.3-кесте

Қазақстан Республикасының сыртқы борышы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер

Көрсеткіштің атауы	2010	2011	2012	2013	2014
А. Абсолюттік өлшемдер (млн. АҚШ доллары)					
1. Сыртқы борыш (кезең соңындағы бағалау)	118 222,8	125 320,8	136 918,2	149 931,1	157 062,2
о. і., фирмааралық берешек	52 274,7	62 576,2	67 608,3	73 930,2	79 201,2
2. Фирмааралық берешекті қоспағандағы сыртқы борыш (кезең соңындағы бағалау)	65 948,0	62 744,6	69 310,0	76 001,0	77 861,0
3. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қосқанда)	25 397,9	29 624,1	31 951,5	31 835,0	31 631,5
4. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қоспағанда)	15 637,8	16 876,5	18 902,4	19 309,8	18 009,5
Б. Салыстырмалы өлшемдер					
1. Жан басына шаққандағы сыртқы борыш (АҚШ доллары, фирмааралық берешекті қоспағанда)	4 011,4	3 763,2	4 098,8	4 428,8	4 470,3
2. Сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы (% , фирмааралық берешекті қосқанда)	79,9	66,7	67,4	64,8	74,2
3. Сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	44,5	33,4	34,1	32,8	36,8
4. Сыртқы борыштың ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қосқанда)	180,5	140,0	149,2	165,3	183,9
5. Сыртқы борыштың ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	100,7	70,1	75,5	83,8	91,2
6. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қосқанда)	38,8	33,1	34,8	35,1	37,0
7. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж-на қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	23,9	18,8	20,6	21,3	21,1
8. Сыйақы төлемдерінің ТҚЭж-на қатынасы (%)	7,2	5,3	5,6	5,5	5,9
9. Халықаралық резервтің қысқа мерзімді сыртқы борышқа қатынасы (%)	318,6	372,4	311,1	260,3	291,1
Анықтама үшін:					
Халық саны (мың. адам)*	16 440,1	16 673,1	16 909,8	17 160,8	17 417,4
ІЖӨ (млрд. теңге), мерзім ішінде*	21 815,5	27 571,9	30 347,0	35 275,2	38 033,1
12 ай ішіндегі ІЖӨ (млрд. АҚШ доллары)	148,0	187,8	203,3	231,5	211,8
Тауарлар және факторлық емес қызмет экспорты (ТҚЭж)** кезеңдегі	65 510,6	89 531,6	91 759,3	90 715,7	85 408,4
Тауарлар және факторлық емес қызмет экспорты (ТҚЭж)** жылдық	65 510,6	89 531,6	91 759,3	90 715,7	85 408,4

* Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

**Қазақстан Республикасының төлем балансы, Ұлттық Банктің бағалауы

VIII бөлімге 1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары 2014 жылы келісуге ұсынған Қазақстан Республикасы кодекстері мен заңдары жобаларының тізімі

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің жобасы (жаңа редакция);
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасы;
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексінің жобасы;
4. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің жобасы;
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жобасы;
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің жобасы;
7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
8. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
10. «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы металдар мен асыл тастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін декларациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
16. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
17. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
18. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (жаңа редакция);
19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
20. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

21. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

22. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

23. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

24. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

25. «Мемлекеттік жеке серіктестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

26. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

27. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру жүйесін енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

28. «Қазақстан Республикасының кейбір Заңнамалық актілеріне мал шаруашылығындағы міндетті сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

29. «Жылжымайтын мүлік иелері жеке тұлғалардың тұрғын үйін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

30. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқарушылық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

31. «Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

